

Қоқыбаева Райхан.

Өмірдің өзі НОВЕЛЛА



Асыл жарым Коляйыма арнадым.

Ақтау.
Қараша 2019ж.

**Естелік жазу еріккенің ермегі емес.
Естелік жазу – өткен өміріңе қазіргі
шыққан биіктігіңнен көз жіберіп шолу
жасау, өткен өміріңе баға беріп сын көзбен
қарау, өмір жолыңда кездескен жақсы мен
жайсандарды сағына отырып еске алу ...**



Герой Кукыбаев

(1940-2018ж.ж.)

Геолог-барлаушы, мұнайшы ардагер. Вьетнам Социалистік Республикасының "Достық" орденінің, "Еңбек ардагері" медалінің иегері, "1973 жылдың Социалистік жарыстың жеңімпазы", "9 бесжылдықтың социалистік жарыстың жеңімпазы", "Қазақстан мұнайына 100 жыл", "Маңғыстау мұнайына 50 жыл", "Маңғыстау облысына 35 жыл" төсбелгілері, "КПСС Орталық комитеті, Министрлер Советі, ВЦСПС және ЦК ВЛКСМ-нің "Құрмет Грамотасы", Қаз.ССР Геология министрлігінің "Құрмет Грамотасы", "Казнефтегазразведка" басқармасының "Құрмет Грамотасы" және КЭ «МНГР»-дың өзінің, облыс, аудан әкімшіліктерінің көптеген "Мақтау қағаздары", алғыс хаттарымен, көптеген ақшалай, заттай сыйлықтарымен марапатталған. 1968 жылғы студенттік строй отрядтың жұмысының жоғары жетістіктері үшін Павлодар облысының обком комсомолының "Құрмет Грамотасымен" марапатталған. Есімі "Ел ардақтылары-мұнай өндірушілер" энциклопедия жинағына енгізілген.

Алғы сөз

Жас келген сайын уақыт шіркін өз дегеніне көндіріп, өткен өміріңді көз алдыңа келтірмей қоймайды. Өткен жылдар ішінде кімнен үйрендің, кіммен дос болдың, кімді үлгі тұттың – бәрі-бәрі еріксіз ойға оралады және оны анда-санда болса да сыртқа шығарудың бір себебі табылады. Естелік жазғысы келетін, артына сәл де болса із қалдырғысы келетін адамға ондай себептер де жеткілікті, тек адамның құлқы, талпынысы болса болғаны. Қызым Дина «папам туралы естелік жазсайшы» деп қолқа салғанда естелік жазу жөнінде ойға қалып, кейбір сәттерді қайтадан жаңғыртып есіме түсіріп біраз толғанып жүрген едім. Артынан Герекең екеумізбен көп жылдар жұмыстас болған Бисенбай деген інім «Герекең туралы толық етіп естелік жазсаңыз жақсы болар еді, артындағы ұрпақтарына ескерткіш болып қалады ғой» деген сөзі түрткі болып осыларды қағазға түсірдім. Жазғандағы ойым осыны оқыған балаларымыз, немере-шөберелеріміз атасының өмірінен үлгі алсын деген еді. Герой екеуміздің ұрпағымыз атасы сияқты еңбекқор, жан-жағына қайырымды болып, жарқын өмір сүруге талпынсын, ешкімнің ала жібін аттамайтын, өтірік, өсек айтпайтын ақылды, инабатты азамат болсын, балаларымыз Роман мен Дина сияқты қатарының алды болса екен деген игі тілекпен жазылған естелік қой бұл жазбам. Ұрпағымыз осы жазғандарымды оқып, біздің өмірімізден, өткен жолымыздан үлгі алса Герекең екеуміз бекер өмір сүрмегеніміз ғой деген мақсатпен ештеңені бүкпестен, еш әсірелеместен бар шындықты жаздым.

Ұлы Абайдың жас ұрпаққа: "Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол" деп өсиет қалдырғаны белгілі. Әрине, бұл жерде өз атына лайық, ізгі, мейірімді, өзгелерді қадірлейтін, өз мүддесін қоғам мүддесімен ұштастыра алатын, өзі үшін де, өзгелер үшін де еңбек ете білетін, өз құқығын қорғап, өзгелердің құқығын сыйлайтын, өмірден кеткен соң артына жақсы сөзі мен ісін қалдыратын адам туралы әңгіме болып отырғаны анық. Осы айтылғандай өмірден өткен жарым Геройдың да артында жақсы істері, басқаларға өнеге болатындай өмір жолдары сайрап жатырғаны шындық. Осы жазбамды оқып шыққан бейтаныс оқырмандар да, біздерді жақсы білетін достарымыз бен жора-жолдастарымыз да Герекеңнің адами қасиеттерінің бағасының қандай екенін сезе жатар деген оймен ұсынып отырған жайым бар.

Бұрынғылардан қалған «Адам ағын су емес. Ағын су артына қарай алмайды» деген сөз бар. Өткенге үніліп, тарихқа айналған сол бір оралмас шақтарға ойша саяхат жасау жұмыр басты пенденің бәріне тән. Мен де осы жазбам арқылы сол бір қимас та, қызықты шақтарыма ойша саяхат жасап отырмын. Бағасын бере жатарсыздар.

Туған ауыл Есею жылдары

Туған жер - бұл сөздерді естігенде жан-дүниеге ыстық сезім ұялайды. Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас... деген қанатты сөз бар. Шынымен де, туған жердің әрбір тау мен тасы, өзені мен көлі, ауасы мен топырағы бәрі де адам үшін ыстық болады. Адамның туған жері көзге жылы, көңілге ыстық көрінеді. Туған жеріңе сүйіспеншілігіңді сөзбен жеткізе алмайсың. Адам баласы туған жерін ешқашан ұмытпайды.


Туған жер... Туған ел... Осы екі ғана сөзде қаншама мағына, қаншама ой жатыр десеңізші?! Туған жер – адам өмірінде киелі орын саналады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала, туған ауыл ... «Туған – жер-тұғырың» дейді халық даналығы. Жалпы туған жер туралы, оның қадір-қасиеті туралы айтып тауыса алмастай боласың. Шыр етіп дүниеге келген жер, кіндік қаның тамған жер әрқашан да қымбат әрі ыстық. Әркімнің өз туған жері бар.

Геройдың туған ауылы Ресеймен Қазақстанның шекарасындағы Орал облысының Жәнібек ауданының кішкентай ғана теміржол станциясы – Шоңай деп аталады. Шоңай ауылын теміржол екіге бөліп тұр, бір жағында теміржолшылар тұрады, кәдімгі қазақ ауыл, екі отбасылық азғана финский үйлер және қолдан салған ескі үйлер, қызыл кірпіштен салынған биік водокачка, теміржолшылар дүкені және бастауыш мектеп бар. Ауылдың балалары төртінші классты бітіріп әр қайсысы әр жаққа, біреулері Ресейдің Верхний Баскунчак дейтін үлкен узловой санциясының басындағы мектеп-интернатында оқиды, біреулері сол теміржол бойында Шоңайға жақын орналасқан Сайхин деген станцияда тұратын тумаластарының үйлерінде жатып оқиды. Сайхин теміржол станциясы ол заманда Орал облысы деп аталған өңірде болса, қазір ол ауыл Батыс Қазақстан облысының, Бөкей Ордасы ауданының орталығы.

Теміржолдың екінші бетінде ақ тастан қаланған әдемі қалашық болатын. Төрт пәтерлік он бес - жиырма үй, клуб, дүкен, монша, бір үйдің бір басында медпункт, екінші басында почта орналасқан. Үйлердің жан-жағы мал кіріп кетпесін деп штакетникпен қоршалған. Мал қоралары, пішен аулалары сырт жағында, мал қораларының артқы жағында тағыда азғантай үй қазақ ауылы бар. Ол қалашықты ‘’перекачка’’ деп атап кеткен, өйткені сол

қалашықтан сәл әрегіректе мұнайды құбырмен айдайтын нефтеперекачка болды. Нефтеперекачка дегеніміз кәдімгі кішігірім завод сияқты, ішінде мұнай айдайтын екі насос цехы, темір жонатын станоктары бар құрылғыларды жөндейтін жөндеу (токарно-слесарный) цехы, үш-төрт мұнай құятын резервуар, жылу қазандығы(кочегарка) және әкімшілік кеңсесі орналасқан арнайы аймақ. Бұл ғимараттардың барлығы да өте сапалы(капитально) тұрызылған. Бұлардың өте сапалы болатын себебі, перекачканы да, қалашықты да тұтқынға түскен немістер тұрғызған. Қалашықтың іші жап-жасыл, үйлерінің жанына теректер отырғызылған. Қалашықтың ортасында биіктігі 60-70см. резервуар бар, жазда су толтырып қояды да жаз бойы тұрғындардың балалары суға шомылып, асы салып ойнап рахатын көреді.

Герой 1940 жылдың қаңтар айында дүниеге келген. Атын әдейілеп Герой деп әкесі қойған екен. Бұлайша қоюының себебі де жоқ емес, осы ұлының алдында дүниеге келген балалары кішкентай уақытында шетіней беріпті. Герой туылғанда қазақтың ырымына сәйкес осы баламның аты-жөнін өзгертіп қоямын деп Куқыбаев Герой деп жаздырыпты. Ал әкесі соғысқа кеткенде анасының құрсағында қалған інісі Искалиев Марат болып жазылған.



Геройдың ата-анасы.

Әкесі Искалиев Қоқыбай 1906 жылы туған, сол Шоңай станциясының басындағы МТС-та(машино-тракторная станция) ұста болған. 1942 жылы берілген броньнан бас тартып өз еркімен соғысқа кеткен. Сталинград шайқасынан бастап соғыс қимылдарына қатысып, Чехословакия жерінде

1945 жылдың март айында қаза тапқан. Сүйегі қазіргі Словенияның Тайна дейтін қаласында жерленген.

Анасы Искалиева Набира Оспанқызы 1912 жылы туған. Басында тек үй шаруасымен айналысып, артынан соғыс кезінде темір жолда жұмысшы, одан кейін нефтеперекачкада печь салушының көмекшісі, артынан көп жыл еден сыпырушы болып қызмет істеген. Соғыс уақытында екі кішкентай баласын үйіне тастап, немістердің бомбалап қиратып кеткен теміржолын қайтадан орнына келтіру үшін жанталаса еңбек етеді. Сол кезде бұндай жұмысқа ауылдың аяғын басып жүре алатын әйелдері мен қарттары, соғыстан мүгедек болып келген азаматтары, бірі қалмай жұмыла кіріседі. Ауыл тұрғындары түн мезгілінде самолеттердің гуулін ести сала бала-шағаларымен далаға қашып бас сауғалайды. Сол кезде бір түнде кейде екі, кейде үш рет жау самолеттері ұшып келіп теміржолды, ауылды бомбалап кететін көрінеді. Сол кездегі аудан орталығы Жәнібек станциясын немістер 513 рет бомбалаған деген деректер бар. Сондай бір бомбалаудан кейін үйлеріне қайтып келсе үйлерінің тас-талқаны шыққан, тек сырт қорада байлаулы қалған сиыры аман қалған көрінеді. Баспанасыз қалған ол балаларын алып сол ауылда тұратын әкесінің үйіне барып бас сауғалайды. Бұлар нағашы атасының үйіне келгенде 16 бала болған. Балалардың ішінде ер баладан үлкені Герой болғандықтан, ол 11 жастан бастап әр жазғы каникулында сол үлкен отбасының шаруасын мойнына алып, қыстық малдың азығын дайындау үшін шалғы орақпен шөп шауып, оны шөмеле-шөмеле етіп жинап, ат арбаға тиеп әкеліп үйлерінің қорасына жинайды. Геройға шөп жинауға көмектесуге нағашы ағасының 14 жасар үлкен қызы көмектеседі. Екеуі танертең атқа мінгесіп ішетін суларын, тамақтарын алып далаға кетіп, кеште солай оралады. Бір күні сөйтіп ауылға келе жатқанда шаршаған балалар атының басын қоя беріп ұйықтап кеткенде, артында отырған апасы аттан құлап түседі, оны Герой сезбейді. Аты үйге келіп тоқтағанда бір оянады, қараса артындағы апасы жоқ. Сол бойда үйге кірместен атының басын кері бұрып шаба жөнеледі келген ізімен. Бір жерлерге келгенде апасы жылап алдынан шығады, сөйтсе құлағанда қолы шығып кетіпті. Міне осы мезгілден бастап Герой нағашы атасының еркесі болады. Басқа балалар бөлек бөлмеде тамақтанса, Герой атасының қасында отырып тамақтанады және күнде киноға баруға оған тиын береді, киімнің тәуірін кигізіп, тамақтың тәттісін жегізеді. Шоңайдың бастауыш мектебін бітіріп, Герой 7 класқа дейін Жәнібек станциясында тұратын нағашы ағасының үйінде жатып оқиды. Жетінші класты бітіріп, Саратов қаласындағы кәсіптік училищеге оқуға түседі де, училищені аяқтағанда жұмысшы мамандығын алып шығады.

Соғыс аяқталған соң нағашы атасының қыздары, күйеулері оралғандары-күйеулерімен, оралмағандары ретіне қарай өз алдарына әкесінен бөлініп кете бастайды. Геройдың мамасы 1952 жылы нефтеперекачкаға жұмысқа жүріп, сол жерден екі бөлмелі пәтер алып әкесінен бөлек шығады. Әкесі екі жиеніне еншілеп екі ешкі береді.

Еңбек жолын Герой 1958 жылы Куйбышев нефтепровод басқармасына қарасты Саратов аудандық нефтепровод басқармасының “Шоңай” нефтестанциясында жұмысшы болып бастайды. Толық атауы «Нефтестанция “Шунгай” Саратовского Районного Нефтепроводного управления Куйбышевского Нефтеповодного Управления».

1959 жылдың август айынан бастап әскери міндетін Польша Халық Республикасындағы Совет әскерлерінің батыс группасы құрамында Борносулиново қаласында атқыш, курсант, танк командирі болып, аға сержант дәрежесінде аяқтайды. Әскер қатарында жүріп 1962 жылы бір жылдық кешкі партия мектебін оқып бітіреді және сол жылы апрель айында 38-ші гвардиялық Витебск-Новгород танк дивизиясының парткомиссиясы Геройды партия мүшелігіне қабылдайды. Ол кезде әскери қызмет үш жыл болатын, бірақ сол кездегі халықаралық жағдайы АҚШ-пен Совет үкіметінің арасы Куба үшін, тарихта «карибский кризис» деп айтылған, қатты шиеленісіп тұрғандықтан Геройдың әскери қызметі тағыда төрт айға ұзартылған. Польша, Венгрия, Германиядағы Совет әскерлері соғысқа 100 пайыз дайындықта болып, әскерлер Германияның шекарасында үш-төрт ай бойы шоғырланып тұрыпты. “Одер өзенін танкімен судың астымен кесіп өтіп, күнде “Алға” деген бұйрық күтіп тұрдық” деп Герой айтатын, бірақ бақытымызға орай ештеңе болмай 1962 жылдың декабрь айында аман-есен елге оралып, бейбіт өмірге араласып кетеді.



1962 ж. Польша. Борносулиново.

1963 жылдың январь айынан бастап 1967жылдың август айына дейін Шоңайда, нефтеперекачкада токарь болып жұмыс жасайды және сол перекачканың партия ұйымының жетекшісі болады.

Сол кездерде Герой (ауылда оны бәрі Коляй деп атайды екен бала кезінен, Герой десе ешкім білмейді, танымайды) ауылдың жігіттерінің атаманы болған, талай рет жігіттерді жинап футбол командасын құрастырып қасындағы совхоздарға, аудан орталығына барып жарыстарға қатысып жүреді. Жігіттерді ұйымдастырып қол орақпен пішен шауып өздеріне де, соғыстан азаматтары келмей қалған жетім-жесірлерге, мүгедектерге де малдарының қыстық шөбін дайындауға көмектеседі. Сол ауылда Ткачев деген соқыр жігіт болды, бұрын перекачкада Героймен бірге қызметтес болған, бірақ дәрігерлердің теріс емінің кесірінен екі көзі көрмей қалған, соған да көмектесіп малының қыстық шөбін шөмеле-шөмеле қылып жинап

беретін. Арасында қол босаса перекачканың орыстарымен киік атуға барып тұратын. Ауылда пішен түсірген адамдарды міндетті түрде дастархан жайып, шөлмектерін жайнатып қойып құрметтейтіні бар ғой. Осындай құрметтеуден кейін анда-санда жігіттерімен жиналып айналадан келетін солдаттармен төбелесетіндері де болатын. Ауылдың айналасында әскери зоналар көп болды, солардың солдаттары топ-топ болып ауылға келетіні бар. Герой өте қызу қанды, ешкімге есесін жібермейтін, әсіресе қызып жүрген кезде тап болса шатақ шығармай қалмайтын.

Перекачканың орыс әйелдері жаз бойы, жұмыстан кейін, мал келгенше есіктерінің алдында шемішке шағып, өсек айтып отырады. Герой сау келе жатырса ойнап-күліп у-шу болып қалады, ал қызулау күйінде кездесе шемішке салған тостағандарын төңкеріп тас-талқандарын шығарып кететін көрінеді. Сондай қылықтарына қарамастан ешбіреуі кек сақтамай «Коляй, Коляй» деп шаруаларын айтып, қалжыңдасып “когда же теперь будут танцы” деп сұрап жатады екен. Өйткені перекачкада тек Геройда бар екен сол кездің модный өлеңдері, пластинкалары проигрывателімен қоса. Би кештері болатын сенбі, жексенбі күндері клубқа өзінің проигрывателімен пластинкаларын алып барады екен. Клубта кино күнде болады, соның афишасының астына би кеші болатын күнін жазып қояды екен. Ол пластинкаларды өзі барып Саратов, Волгоград, Астрахань қалаларынан алып келеді. Модный әншілердің пластинкалары шығыпты деп естісе, іздеп тауып әкелетін көрінеді.

Сол кезде оның өзі де өте жақсы билейтін, вальс, фокстрот, рок-н-ролл, буги-вуги сияқты заманының модный билерін. Шынымды айтсам, мен Геройды сол билері үшін жақсы көріп қалдым, өйткені өзімде билегенді ұнатамын, билеймін. Музыка ойнаса болды ортаға шыға беретін едік. Тағы бір жақсы жері - киноға келгенде болсын, биге келгенде болсын қылжақтап, ұрынып-тиісіп жүретін жігіттердің беттеріне қарап тұрып “уйди отсюда и чтобы я тебя больше здесь не видел” деп қуып жіберетін. Сол қамқорлығына да өте риза болдым. Өзім аға қамқорлығын көрмегендіктен бе білмеймін, әйтеуір өзімнің арқа сүйер адамым бар екенін сездім.

Отау құру

Құдай-ау қайда сол жылдар,
Махаббат қызық мол жылдар.
Ақырын-ақырын шегініп,
Алыстап кетті-ау құрғырлар.

Мен отбасыммен бұрын Орал облысының Фурманов ауданының Талды-апан совхозында тұрдым, 1964 жылдың апрель айында папам екеуміз Шоңайға қонаққа келдік. Онда папамның апа-жездесі тұратын, оларға көршілес Геройдың нағашы апасы тұратын. Нағашы апасының менімен шамалас екі қызы бар, екеуі де теміржолда қызмет істейді. Мен сол екі қызбен таныстым, жақсы араласып кеттік. Олар жұмыстан келгеннен кейін отырып іс тігеміз, шілтер тоқимыз, киноға, би кештеріне барамыз, ойнап-күліп ұдайы бірге жүреміз.

Папама Сайхин совхозынан жұмыс табылды. Зайт деген нағашысының бос тұрған времянкасы бар екен, соған Талдыапаннан отбасын көшіріп әкелді. Жездем жұмысқа жүргіземін деген соң мен Шоңайда қалып қойдым. Қазақтың салты бойынша біздің отбасымызды және апа-жездемді қосып перекачкада тұратын папамның Пайыз деген бір нағашысы ерулік асқа шақырды. Ол кісілердің үйінің есіктері Геройдың үйінің есігіне қарама-қарсы екен. Сол нағашымыздың үйінен шыққанда мені Геройдың мамасы көріп “осы қыз менің келінім болса ғой” деп ойлап қалыпты. Онысын соңынан мен келіні болғаннан кейін өзі айтатын, “менің бір арманым орындалды” деп. Мен ол кезде 18 жасар бойжеткенмін, шашым ұзын және қалың болғасын екі бұрым етіп өріп қоятын едім. Болашақ енемнің ең бірінші сол өрілген шашым көзіне түскен екен. Сол күннен бастап, Герой сол нағашы апасының үйіне күнде жұмыстан кейін келіп тұратын болды. Біздер ылғи іс тігіп отыратынбыз, өйткені ол үйдің үлкен қызын біреу айттырып қойған екен. Тойлары ноябрьде болу керек, сондықтан қалыңдықтың төсек-көрпелері, жастық тыстары, көйлек-көншектері ... дегендерді күнде жұмыстан кейін тігіп дайындайтынбыз. Ол кезде қызға беретін төсек жапқыш, жастық тыстары, терезенің перделері, бет сүртетін орамалдар бәрі кестеленеді, төменгі жағы шілтерленеді және олардың бәрі қолдан істеледі ғой ол заманда. Герой келіп қасымызда біраз отырып әңгімелер айтып, шай ішіп киноға және “сенбі, жексенбіде би кешіне келіңдер” деп шақырып кететін. Кинодан шыққан соң біздерді үйге дейін шығарып салады, өзінің үйі клубтың қасында, ал біздер теміржолдың арғы бетіндегі қазақ ауылдың шет жағында тұрдық. Сол кезден бастап өмірінің соңына дейін ол мен үшін Коляй болып кетті. Екі бөлесі кейде менімен қалжыңдасып күліп алатын “сен келгелі бізде почетный эскорт пайда болды, сенің арқанда киноғада жиі баратын болдық” деп. Сондай бір би кешінен қайтып келе жатқанымызда Герой екі бөлесін үйлеріне кіргізіп жіберіп, маған қарап “екеуміз далаға шығып біраз қыдырыстап жүріп келейікші” деп өтініш білдірді. Екеуміз біраз жүріп әңгімелесіп келіп, бір жерге келгенімізде тоқтап тұрып, менің қолымнан ұстап, даусы дірілдеп «выйди за меня замуж, на руках носить не обещаю, но

я тебя никогда не обижу, жить будем хорошо» деп ұсынысын жасады. Мен капелімде сасып қалып ештеңе айта алмай, үн-түнсіз тұрып қалдым, біраз үнсіздіктен кейін ол “ну что, ничего не скажешь?” деп тағы сұрады. Мен аздап есімді жиып “я не хочу пока замуж, я хочу учиться” деп ауылға қарай бұрылып жүре бергенімде, қолымды жібермей, қатты қысып тұрып “учиться будем вместе, я тебе обещаю, вместе будем поступать и учиться” деді. Шоңайдың жастары ол кезде бір-бірімен орысша сөйлеседі, маған шегінерге жол қалдырмай келісімімді алды.

Герой жолшыбай келе жатып “үйге барып мамамды қуантайын бүгін, әйтпесе үйлен, үйлен деп миымды жеп қойды” деп күліп кетіп қалды. Сол күні үйінің қасындағы дүкенге келген бір ауылдас дос орыс қызы Еловенко Валя деген, Геройдың мамасы баласын үйлендіре алмай жүргенін білетін. Сол қыз “знаешь, тетя Набира, скоро ты будешь моей свекровью, потому что мы с Коляем решили пожениться и скоро у нас будет свадьба”деп қалжыңдайды. Оның қалжыңына түсінбеген мамасы ашуланып; “иди шорту шешек келгір, мен балама орыстан қыз алғызбаймын» деп ұрсып жібереді де, өзі түнде Герой кегенше ұйықтамай ашуға булығып күтіп отырады. Ол мәз болып келіп «мама, я скоро женюсь»деген сөзін ести сала, өзі ашуланып отырған анасы «мен саған женюсті көрсетейін», деп бет сүртетін полотенцемен баласын ұра бастайды. «Осыдан сол қызды үйге әкелетін болсаң, енді бұл үйге кірмейсің» деп ішкі бөлмеге кіріп, есікті ішінен жауып алып ашпай қояды. Амалы жоқ Герой сол түні верандада төсексіз, тек киіздің үстінде ұйықтап шығады.

Таңертең ерте тұрған мамасы баласының киіздің үстінде бүрісіп жатқанын көріп аяп кеткен болу керек «тұр, барып төсегіңе жат жұмысқа кететін уақытыңа дейін, сенімен соңынан сөйлесермін», деп тұрғызып жіберіп өзі сиыр саууға кетіп қалады. Ұйқыдан тұрғасын алдында бір пәленің болғанын сезген Герой «мама, мен Райханға үйленетін болдым», деп хабарын айтса, мамасы сенбейтін көрінеді. «Сен маған өтірік айтып отырсың, кеше Валька келіп, мы с Коляем скоро женимся» деді, «сен маған шындығыңды айт», деп қыстайды. Ертесіне кеште кездескенде осы әңгімені айтып екеуіміз ішек-сілеміз қатып күлдік.

Бұл әңгіме июль айының аяқ жағында болған еді. Мамасы енді Геройды «құда түсуге кімді және қашан жібереміз» деп қыспаққа алады, Герой келіп менен сұрайды «құдаларды қашан жіберейік» деп, мен тағыда кібіртіктеп, «білмеймін, менің ата-анам биыл мені ұзатуға келіспейді, олардың жағдайлары жоқ, көшіп келгенімізге аз ғана уақыт болды, екіншіден совхоз әлі үй бере қойған жоқ, бір ағайынның кішкентай үйінде уақытша әлі буынып-түйініп отыр» дедім.

Мен Сайхинға кетіп қалдым, онда бидай ору науқанына байланысты жұмысқа адам іздеп жатыр екен. Орып алған бидайды самосвалдар қоймаға әкеліп төгіп кетеді, біз оларды жинап транспортерға салып басқа машиналарға тиеп жібереміз. Олар Орал қаласындағы элеваторларға алып кетіп жатады, нағыз еңбектің қайнаған уақыты еді.

Енді Герой сенбі сайын Сайхинға келетін болды. Түскі поезбен келіп, Нұрлыбек деген бөлесінен келгенін білдіріп хат беріп жібереді, сосын өзі біздің көршілердің үйінің қасында күтіп жүреді. Мен үйден шыға алмаймын, шықсамда он-он бес минутқа ғана, үйдегілер көріп қояма деп зәрем жоқ. Анда-санда нағашымның қызы келіп киноға, танцыға сұрап алып кетеді, сол уақытта кездесіп қаламыз. Геой демалыс күні түнгі поездардың біреуімен Шоңайға кетеді. Август айының ортасында Герой он күнге іссапарға Саратовқа кеткен болатын, бірақ ол сегіз күн өткенде қайтып келіп тұр, қолында әдемі коробқадағы парфюмерный наборы бар «я очень соскучился по тебе, до сих пор не знал, что так можно привязаться к человеку» дейді.

Әзірше құда түсу мүмкін болмаса мен сені алып қашамын деп, ақыры айтқанын істеп сентябрдің 15 күні кешкі поезбен мені Шоңайға алып кетті.

Поездан түссек төрт-бес келіншек, Геройдың достарының әйелдері күтіп алды. Сол жерде басыма орамал жауып «келін келді, келін келді» деп шулап, біреулері «үйге барып Набира ападан сүйінші сұрайын» деп жүгіріп кетті. Түн ішінде у-шу болып үйге келдік, енем де далаға шығып есік алдында күтіп тұр екен. «Айналайын, айналайын» деп орамалды көтеріп маңдайымнан сүйіп «әйтеуір айтқаны рас екен ғой, уһ алла-ай» деп демін алды. Құда түсірмегесін әліде болса ол Геройдың сөзіне сенбей жүр екен. Содан кейін той қамына кірісіп кетті.

Не себептен екенін білмеймін, сол кезде ауылдағы дүкендерде арақ болмайтын. Бірақ жүріп жатқан товарный поездардан арақ та, коньяк та, ром да, вино да сатып алуға болатын. Сонымен Герекең поездардан арақпен грузин коньяктарын толтырып алып келді. Перекачкадағы достарының әйелдері орысы бар, қазағы бар әр қайсысы, кім пирог, кім қуырдақ, кім котлет ... әйтеуір түрлі тағам пісіруге тапсырмалар алды. Той сентябрьдің 20 күні клубта өткізілетін болды.



Жас жұбайлар. 1964 ж.

Той көйлегін айттырып қойған бөлесінен сұрап алды, ақ туфли де табылды. Ол кезде теріден тігілген туфлилер табу өте қиын, сондықтан сырты ақ матамен қапталған эп-әсем шпилька туфли сатып алдық. Той болатын күні Геройдың дос қыздары Еловенко Валя мен Сухорукова Таня екеуі келіп мені киіндіріп, шашымды тарап, екі бұрым етіп өріп, басыма гүлдерден веночка жасап берді. Сонымен белгіленген күні дүрілдетіп той да өтті. Гармонь да тартылды, бидің де түрі болды, орысша-қазақша өлеңдер де айтылды. Өмірінде арақ-шарап ішіп көрмеген енем, қуанғаннан сол тойда коньяк ішіпті бірінші рет. Біз үйге келсек енем үйдің қабырғасына сүйеніп тұр «басым нормально жұмыс жасайды, бірақ аяқтарым жүрмейді, буындары ұстамайды» дейді. Содан енемді екеулеп бөлмесіне апарып төсегіне жатқыздық. Біздің АХАЖ бөліміне тіркелуіміз 1965 жылдың 5 қаңтар күні болды, ол кезде тіркеуді сельсоветтің хатшысы жүргізеді, ал хатшы болып Геройдың әкесінің құрдасы істейді екен. Амандасып болып біздің паспорттарымызды алып, тіркеу журналын толтыра бастады «эй сен Қоқыбайдың баласы екенсің ғой, келін құтты болсын» деп куәлікті толтырып жатып маған қарап «күйеуіңнің фамилиясын аласың ба?» дегенде, мен «ия» дедім. Ол кісі неке туралы куәлікті толтырып Геройдың қолына ұстатып «енді келін паспорттын ауыстыруы керек» деп бізді шығарып салды, шығып алып куәлікке қарасақ, «фамилия мужа» деген графада - Кокыбаев Герой, «фамилия жены» деген графада - Кокыбаева Райхан деп жазулы тұр. Ойымызда ештеңе жоқ, паспортный столға барып құжаттарды тапсырып

кетіп қалдық. Жана паспорт алатын уақытта келсек, менің фамилиямды паспортқа неке туралы куәлік бойынша Кокыбаева деп жазып қойған, ал Геройдың паспорттағы фамилиясы Кукубаев еді, сонымен солай болып қала берді. Сол жерде бізге қайта арыз беріп фамилияңды өзгертуге болады деп түсіндіріп айтқан ешкім жоқ, паспорт столындағылар «біз фамилияны куәлікке сәйкес жазамыз» дегенге сеніп кете бардық. Герой – Кукубаев, мен – Кокыбаева болып шыға келдік.

Тойдан кейін енем «балам шашыңды өріп жүргенің өте әдемі, бірақ жұрттың бәрінің көзіне түседі, сондықтан тіл-көзден сақтану үшін шашыңды желкеңе жинап, түйіп жүрші» деп ақылын айтты. Содан кейін әрдайым шашымды жинап жүретін болдым. Енем маған келін деп айтып көрген жоқ, бірінші күннен бастап өмірінің соңына дейін «балам» деп кетті.

Өзінде қыз болмағандықтан ба, әйтеуір маған қызындай қарап, сиыр саууға да жібермейтін «мен бәрібір ерте тұрамын, екеуіміз бірдей қорада не істейміз. Бір сиырды өзімде сауып келемін ғой және менің сиырым басқа адамға сауғызбайды» дейтін, оның үстіне өзі сиырын сауып, далаға ең бірінші шығарып жібереді де, содан соң айналадағы көрші әйелдерді оятады екен.

Бірде енем ауырып, «грыжа» төсінің төменгі жағындағы көк еті жыртылған, жұмыртқаның үлкендігіндей болып сыртына шығып кетті. Оны Герой Верхний Баскунчактың ауруханасына операция жасатуға алып кетті де, операциясы біткен соң Герой ауылға қайтып келді. Бірақ күнде жұмыстан шыққан соң мотоциклмен, ол кезде Геройдың «Ковровец» деген мотоциклі болатын, мамасына барып тұрды. Мен болсам таңертең тұрып енемнің көйлегін киіп, басыма орамалын байлап, фартугін киіп сиырын саууға барсам, күнде бәрінен бұрын шығып тұратын сиыр, байланған жібін үзіп, қораның қақпасының алдына келіп мөңіреп тұр. «Қайда жүрсің» дегендей маған көзін алартып қарап, мүйіздерін шайқап айбат көрсетіп қояды, өзімше әукесін қасып, кішкене тыныштандырып, тездетіп сауып, шығарып жібердім. Келесі күннен бастап, енем қайтып өзі сиырын саууға шамасы келгенше, маған елдің бәрінен бұрын тұруға тура келді, сөйтіп енемнің сиыры мені өз тәртібіне үйретті.

Маған енем «сен Коляйді ұйқыдан тұрғызып жұмысқа жібер, ол бәрібір таңертең шай да ішпейді, тамақ та жемейді, тек бір стакан су ішеді де жұмысына кетеді, ол кеткесін екеуіміз отырып шайымызды ішерміз» дейтін. Біз ұйқыдан тұрғанша ол сиырын сауып, сүтін сепаратордан өткізіп, қаймағын былғап, шайға құятын сүтін керосинкаға қып-қызыл етіп қаймақтап пісіріп, шәйнегін қайнатып бәрін әзірлеп қоятын. Өзі кішкене бойлы, арықша келген, ақсары өнді, көк көзді нәзік әйел бола тұра, жұмыс

десе ішіп отырған асын қоя салып тұра жүгіретін. Жұмыстың ауыр-жеңіліне карамастан кірісіп кететін, Геройдың еңбекқорлығы мамасына тартқан тәрізді.

Келін болып сол үйдің босағасын аттаған күннен бастап енем сандығының кілтін менің қолыма ұстатып, ішіндегі жиған-терген ақшаларын, маталарын, кәмпит-шайларын шығарып «мынаның бәрін енді өзіңе тапсырамын» деді. Герой анда-санда мамасының сандығын ақтарғанды жақсы көретін, ішіндегісін түгел шығарып, бәрін әдемілеп қайта жинап салатын. Өзі күліп «как ты быстро вошла в доверие мамы, что она даже ключ от сундука тебе доверила, а мне только иногда давала в руки ключ и то сама сидела рядом, пока я лазил в ее сундуке» дейтін. Бірде енем маталарының бәрін шығарып «Мына маталардың ең әдемілерінен өзіңе көйлектер тігіп киші, мен сенің күнде бір көйлек киіп жүргеніңді көргім келеді, және еш уақытта шаруам бар еді деп жиын-тойлардан қалмай Героймен бірге жүр. Екеуің бірге жүрсең менің жаным тыныш, сенімен танысқалы бұрынғыдай арақ ішпейтін болды, төбелестерге де қатыспайды, осы да менің армандарымның бірі» деп еді.

«Бұрын екі балам екі жақта оқып жүрді, одан кейін бірінен соң бірі армияға кетті, сондай жалғыз отырған уақыттарда ылғи армандайтын едім менің де балаларым үйленіп үйлі-баранды болса ғой, шіркін деп. Енді менің де көз жасымды құдай көрген сияқты, енді бергенінен айырмасын» дейтін.

Біз үйленген уақытта қайным Марат Германияда әскери міндетін өтеп жүрген болатын, үйде үшеуміз ғана тұрып жаттық.



Марат. Германия. 1964ж.

Енемнің ендігі уайымы-құдалары болды «оларды қашан шақырамын, қашан араласамын, қалай күтіп аламын, кімді жіберемін» дегендей.

Мен келген күннің ертесіне Геройдың әрі досы, әрі көршісі Азамат деген жігіттің әкесі Қисап деген қартпен, нағашы апасының күйеуі Аянбай деген жігіт екеуін «құдаларымнан кешірім сұрап, қыздары бізге келін болып түскенін айтып, алдарынан өтіп келіңіз» деп жіберген болатын. Барса, менің анам құдаларды үйге кіргізбей қуып жіберіпті, екеуі бастары салбырап кешкі поездбен қайтып келді. Сонымен құдалардың алдынан өту үшін бес рет барып көндіре алмай, соңғы барғанда «енді келсең сен қарттың аяғыңды сындырамын» деп от көсейтін көсеуді арттарынан лақтырған көрінеді. Енді енем түнгі ұйқысынан айырылды, уайымы күшейе түсті.

Сөйтсе біреулер менің әке-анама Геройды мықтап жамандаған көрінеді «ол алқаш, ішіп алса төбелес шығарады жүрген жерінде, ешкімді бетіне қаратпайды, қызың қор болады, таяқтан көзін ашпайтын болады» деген сөздерден кейін «бір күні таяқ жеп, үйге жылап-сықтап ол қыз қайтып келеді» деп ойлап жүр екен ғой.

Төрт-бес ай уақыт өткесін енем есіктес көрші, папамның нағашысы Пайызды шақырып алып, екеуі теміржолдың арғы бетінде тұратын папамның апа-жездесін (жездеміздің руы есентемір, Геройларға ағайын) ілестіріп тағыда Сайхинға барып, менің ата-анамның алдынан өтіп, құдалыққа шақырып келуге кетті. Әйтеуір сол жерде бітімгершілікке келіп, құдалық

күнін белгілеп көңілін бірлеп қайтты. Содан кейін екі жақ жақсы араласып, менің ата-анам Геройды өз ұлдарындай жақсы көріп кетті. Біріншіден, барған жерімде менің ханшайымдай өмір сүріп жатқанымды көріп, екіншіден, папамдар отырған жерде Герой қолына рюмка да ұстамайтын, арақ ішпек түгіл. Анама әсіресе ұнағаны - қолы шебер Герой үйге барғанда бір нәрселерді жөндеп, қағып, шегелеп қарайған шаруаларын тындырып кететін. Ол ешуақытта жатып алып қарнын сипап «ертең істермін» деген адам емес. Геройдың бұл қағидасы өмірінің соңына дейін бұлжымастан сақталды.



ст.Шоңай. 1964ж. Райхан, Маржан, Герой.

... 1965 жылдың апрель айының ішінде, енді көктем келді, малдың ауызы көкке жетті деп жатқан мезгілде алағай да бұлағай болып, қар аралас жаңбыр жауып, боран соғып, көрші совхоздың малдары қырғынға ұшыраған. Ол кезде Герекең Орал облысы, Жәнібек ауданы, Шоңай станциясында, Ресеймен шекаралас жерде Саратовтан Бакуге мұнай айдайтын нефтеперекачка станциясында токарь болып жұмыс жасайтын және сол ұжымның партия ұйымының жеткешісі(парторгі) де еді. Мынандай ел басына келген жаманат хабарды ести сала Герекеңнің ұжымы совхоздарға көмекке ұмтылды. Нефтеперекачкадағы насостардың қасында санаулы ғана адамдарды қалдырып, қалған ұжым мүшелері түгелімен малшыларға көмекке барған болатын. Герекеңнің көргені малшылардың адам аярлықтай күйі еді, түтігіп кеткен, бірнеше тәулік бойы күні-түні боранмен ыққан малмен алысқан, малынан айырылып таяқ ұстап қалған совхоз малшыларына қараудың өзі аянышты еді. Қардың астында қалған малды аршып алудың өзі үлкен күшке түскен. Боранмен ыққан, қырылған малда есеп жоқ. Қырылған қойларды штабельдеп жинап қойдық, ал боранмен ығып Ресейге қарай ауып

кеткен жылқы малында да есеп жоқ, өлімтігі де, ешқандай ізі де табылмады. Сол 2-3 күн боранда қанша мал қырылғанын, қанша адамның үсігенін ешкім білмейді. Малшыларға көмекке барған Герекен бастаған адамдардың өзінің жағдайлары да адам аяғандай күйде еді үйлеріне оралғанда.

... Біз үйленген жылы, қай үйге барсақта күздей-қыстай киіктің етінен пісірілген қызыл қуырдақ пен котлеттер, кейде бешбармақ жеп қарық болдық. Киіктің еті қысқы соғымға қосымша. Өйткені Шоңайдың жігіттері топ-топ болып жазғы шөп шабу науқаны мезгілі аяқталған уақытта мотоциклдерімен киік атуға шығатын. "Перекачкада" тұратын жігіттердің бесеуінде мотоцикл бар болатын. Олар үш дөңгелекті "Урал" мотоциклының екеуінің люлькасын алып тастап, тақтай төсеп, киік тушкаларын тасуға ыңғайлап алған, әр мотоциклге екі адамнан отырып киік атуға кететін. Бірі жүргізуші, екіншісі атқыш. Киік атуға бір шыққанда 10-15 киік атып алатын, даладан бауыздап, үйге тек тушкаларын әкелетін. "Перекачканың" жігіттерінің ісін көрген теміржолшылар да киік атуға шыға бастады. 1965 жылдың август айының бір демалыс күні Геройдың перекачкадағы жұмыс орнында шұғыл жұмыстары болып, кетейін деп жатқан кезде үйге оның нағашы апасының күйеуі Аянбай келе қалды. Аянбай Геройға "киікке барайықшы" деп қанша жалынса да Герой "менің қолым бос емес, біреулерге бір нәрсе жонып беремін деп уәде беріп қойғанмын. Кідіре тұр сағат 3-4-терде шығармыз" деп жұмысына кетіп қалды. Ол кезде Шоңайдың арғы беті, бергі бетінің адамдары сүт тартатын сепараторларының, сынған мотоциклдерінің, тракторларының, әрі өткен, бері өткен шоферлар көліктерінің бірденелерін Геройға келіп жондырып алатын еді. Аянбай біздің үйден шыға салып көрші Рапхат деген жігітті кездестіріп, оғанда охотаға барайық деген, ол бұрын охотаға барып көрмеген жігіт, әскерден жақында келген болатын, ақыры келісіп екеуі охотаға кетеді. Аянбай-жүргізуші, Рапхат-атқыш. Ауылдан 10-15 шақырымдай шыққанда алдарынан киіктер шығады, Аянбай "ат" деп бұйырады, ал Рапхат болса алдында көлденең ұстап отырған мылтығын суырып ала бергенде қолы шүріппені басып қалып, оқ Аянбайдың жамбасына тиеді. Жараланған адамды тастап та кете алмай, көмек көрсетуге де мүмкіншілігі болмай Рапхат есі шығып кете жаздайды. Үстіндегі көйлегін шешіп алып Аянбайдың жарасына басып, бірақ қанын тоқтата алмай, мотоциклдың люлькасындағы фуфайканы көріп, мақтасын суырып жараға тығады, бірақ қан тоқтамайды. Содан есі шыққан Рапхат жан-жағына қарап тұрып 3-4 шақырым жердегі пішен шауып жатқан адамдарды көріп, Аянбайды қалдырып, өзі пішеншілерге көмек сұрауға барады. Оларға машина келу керек екенін білген соң оны күтіп, Аянбайды ауылға алып келеді. Шоңайда дәрігер болмағандықтан Героймен оның балдызы Еркін екеуі тепловоз тоқтатып Аянбайды Верхний Баскунчактағы ауруханаға алып

кетті. Бірақ ол ауруханаға жетпей қансырап қайтыс болды. Аянбай Геройдан үш жас қана үлкен болатын, артында жап-жас келіншегімен екі ұлы қалды, үлкені 8 жаста, кішісі Зайлық қана. Рапхат 10 жылға сотталып кетті. Осы жағдайдан кейін "киік- киелі жануар" дегені рас екен ғой деп біраз жігіттер киік аулуадан бас тартты.

... 1966 жылға дейін Шоңайдың адамдары баяғыда аяқталған Ұлы Отан соғысының зардабын шегіп келді. Олай дейтінім, сол жылы жазда каникулға келген балалар далада ойнап жүріп, соғыс мезгілінде жарылмай қалған бомбаның капсулін жарып, бір бала қайтыс болды, екіншісі бір қолынан айырылып мүгедек болып қалды. Сол жарылыстан кейін ауылды, оның маңын түгелдей саперлар келіп тексеріп, ауылдағы бастауыш мектептің фундаментінің түбінен бір бомба, бір үйдің мал қорасының ішінен бір бомба тапты. Қорадағы бомба жерге жартылай кіріп тұрғандықтан үй иесі оған сиыр байлап жүрген екен. Бомбаны алып кеткеннен кейін үй иесі бір мал садақа берді. Бомбаларды саперлар алып кетіп, далаға апарып жарды.

Білімге құштарлық

Тойдан соң бір күні, таңғы шай ішіп отырып енеме оқығым келетінін, сондықтан күйеуге шыққым келмегенін, Геройдың уәде бергенін әңгімелеп беріп едім. Енем «ой айналайын-ай, тек өзің оқыма, Коляй екеуің бірге оқысаңдар жақсы болар еді, шалым соғысқа кетерінде «шамаң келсе осы баланы оқытшы, білім алсын, жақсы азамат болсын» деп өтініш айтып еді, енді міне реті келді-ау деп қуанып кетті. Сол күні түскі тамаққа келген Геройға мамасы осы әңгімені өзі айтты «оқыңдар, тіпті балалы болсаңдарда бәрібір, балаларды өзім бағамын, сендер тек оқыңдар, бұйырса оған дейін Маратта әскерден келер» деп бізге ақ батасын берді.

Мен іштей қатты қуанып отырып Геройдың бетіне қарадым, ол маған қарап «менің орта білімім жоқ, мектептің программасын 9 кластан бастап сырттай мектепте оқиық, мектепті аяқтағасын оқуға тапсырып көрерміз» деді. Мен келістім, өйткені мен де орта мектептің оныншы класының екі тоқсанын ғана бітіріп, соңғы екі тоқсанын үйдегі бір жағдайларға байланысты оқи алмаған едім. Менің ауылымда мектеп сегізжылдық болатын, сондықтан 9-шы кластан бастап Гурьевте нағашы ағамыз Құсайынов Сейілханның үйінде жатып оқыдым. 10 класта қысқы каникулға ауылға келсем әжем қатаң ауырып жатыр, анам кішкентайлы болыпты, дүниеге Ильяна деген қыз келіпті, үйде одан үлкен тағы үш бала бар, оның үстіне анамның аяғына плиткада қайнап тұрған шайнек төгіліп, күйіп

калыпты. Оған қоса сол қыста қар масқара көп жауып, күнде боран соғып, февраль айының ортасына дейін самолет ұшпай қалды. Ол кезде ауылдан Оралға АН-2 дейтін кішкентай самолет ұшатын еді, біріне бірі себепші болып мен кете алмай оқуымнан қалып қойдым. Сөйтіп жүргенде әжем қайтыс болды, қайтарының алдында папамның уәдесін алды, 40 күндік садақасын таратқасын Шоңайға жалғыз апасының қасына көшіп баратынына. Осылайша тағдырым мені айдап Шоңайға алып келді. Менің бақытыма қарай, сол кезде Шоңайға аптасына бір рет, Ресейдің Верхний Баскунчак дейтін үлкен станциясынан мұғалімдер келіп, сабақтардан тапсырма беріп кетеді, келесі аптада сол тапсырмалардың орындалуын тексеріп, келесі жұмаға тапсырма береді. Сөйтіп Герой екеуміз мектеп оқушысы болып шыға келдік. Біздерге ауылда күлген адамдар көп болды, енеме де «сен келінді оқыту үшін алдың ба, онанда шаруаңа жұмсап қойып отырмайсың ба» деген адамдар болыпты. Бірақ енем де, Герой да айтқандарынан қайтпады, оқуға еш кедергі болмады.

Үйге берілген тапсырмаларды бастан аяқ түп-түгел орындаймыз. Есептерді столдың екі жағында отырып шығарамыз, жауаптарын салыстырып, бірдей болса дұрыс, болмаса кімнен қате кеткенін іздейміз. Әдебиеттен екеуміз шығармаларды екі тақырыпқа жазамыз. Осылай оқығанымыздың пайдасы 11 класты бітіріп емтихан тапсырғанда және институтқа түсетін уақытта да тиді. Сөйтіп мектептің программасын 1967 жылы жазда үздік аяқтап шықтық.

Ол кезде екеуміз де Шоңайдың нетеперекачкасында жұмыс істейміз. Екі балалы болдық, ұлымыз Роман 1965 жылдың октябрь айында дүниеге келді, қызымыз Дина 1967 жылы март айында дүниеге келді. Біз 11класты бітіріп жатқан кезде қызымыз төрт айлық қана.



Роман 2 жаста, Дина 11 айлық. ст.Шоңай. февраль 1968ж.

Мектеп бітіру емтихандарын Верхний Баскунчакта тұратын Геройдың бөлесінің үйінде жатып тапсырдық. Роман ауылда, енемнің қасында қалды, Дина қолымызда. Өзіміз консультацияға кетсек те, емтиханға кетсек те Динаны менің 11 жасар сіңлім Маншук бағып қалады, арасында мектепке көтеріп емізуге алып келеді. Кейде қызымның екі аяғы салбырап, ораған одеялынан шығып келе жатады, әйтеуір жаздың күні болғасын ештеңе болған жоқ. Аман-есен аттестатарымызды алып, ауылға келгенде енемнің қуанышында шек болған жоқ. Қуанғаннан сүйінші сұраған бала сияқты ауылды аралап жүгіріп біздің аттестаттарымызды ауылдастарына мақтанышпен көрсетіп шықты, әсіресе өзін келеке қылған, сенбеген адамдарға қыр көрсетіп. Сөйтіп жүріп алған екеуміздің де аттестатымызды институт бітірген кезде архивтен таба алмады, қолды болып кеткен сияқты, сондықтан екеуміздің де студенттік билеттеріміз өзімізде қалды.

Студенттік шақ

Студенттік өмір - өмірдің ең керемет , ең шуақты сәті. Қызығы мол студенттік өмірді әркім әрқалай түсінеді, әрқалай бағалайды. Біреулер жанталас күндердің көрінісі деп бағаласа, енді бірі қайталанбас ғажап сәтке балайды. Меніңше, студенттік өмір - қызығы мен шыжығы, базары мен ажары, қуанышы мен қиындығы қатар жүретін өмірдің аса бағалы сәттері. Әрине аудиториядан алшақтап, қызық қуған студенттен болашақта білікті маман шығуы екіталай. Әркімді арман жетегіне жетелеп келген студенттік өмір кімге болса да қымбат екені белгілі. Қадірін білгендерге бұл – бір ғажап кезең. Ең таза көңілдердің танысып, табысатын уақыты. Құлық-сұмдықпен әлі танысып үлгермеген балаң үміттер Алматыға арман арқалап келеді. Герой екеуміз де осындай тәтті де, қызықты жылдарды басымыздан өткерген едік. Әлі күнге сол студенттік шағымыз көз алдымда, ескірмейтін естеліктер болып санама өшпестей із қалдырыпты.

Енді қайда оқуға барамыз деп жүргенде, бір газеттен «Алматинский Казахский политехнический институт приглашает» деген жарнаманы көрдік. Көп ойланбастан, институтқа түссек түскеніміз, түсе алмай қалсақ демалысқа барып келгеніміз болар деп, еңбек демалысын алып, Динаны қолтығымызға қысып алып, Алматы қайдасың деп тартып кеттік. Бізбен бірге Геройдың әрі досы, әрі құрдасы Рапхат деген жігіт те бірге кетті.

Алматыға келгенде сонда тұратын менің әжемнің інісінің үйіне түстік. Мұратбаев-Киров көшелерінің қиылысқан жерінде кішкентай ғана екі

бөлмелі жер үй, алдынан және қапталынан салынған бір-бір бөлме пристройкалары бар. Соның бір бөлмесінде біз, Герой, мен, Дина, Рапхат және менің өзіме тетелес сіңлім Маржан болып тұрдық. Маржан осыдан бір жыл бұрын медучилищеге оқимын деп келіп, түсе алмай, поликлиникаға жұмысқа жүріп кеткен, біз институтқа түскен жылы ол да медучилищенің кешкі бөліміне оқуға түсті. Нұрхаят деген нағашы жеңгеміз өте бір тамаша адам болатын, бізді құшағын жая қарсы алды, бір бөлмесіне орналастырды, сөзге келген жоқ. Сол кезде өзінің қолында екі жігіт болған баласы бар - үлкен ұлы Маннап, Героймен құрдас бір министрдің «Волга» машинасының жүргізушісі, кішісі Марат біз түсуге келген политехникалық институттың мұнай факультетінің бірінші курсы бітірген студент. Кіші ұлы Марат Балмұхамбетов Ғиззат, Құлжанов Қырымқұл, Бекенжанов Бексиық, Жапаров Берікхан т.б. біз білетін жігіттермен курстас оқыған. Және де жеңгеміздің өзінің Ержан деген бір інісі де бар сол үйде тұратын. Ержан художественный училищенің студенті, ылғи үндемей бір бұрышта отырып сурет салып отырады, кейде біреудің портретін, кейде бірдеңе жасап жатқан адамдарды, кейде ұйықтап жатқан адамды, әйтеуір қолынан блокнотымен карандашы түспейді. Ол училищені бітіріп Ленинградтағы «Институт изобразительных искусств» деген жоғарғы оқу орнына түсті, бітіріп келіп Алматыда художник болып жұмыс істеп жүрді де, кейін дінін ауыстырып, отбасымен православие дініне кіріп азып-тозып кетті, ақырында әйелі де, өзі де жаман ауруға шалдығып қайтыс болды, өте талантты жігіт еді. Нұрхаят жеңгеміздің шалы ертеректе қайтыс болған, басқа екі баласы, қызы Маңғыстауда, Ералиевте тұрды отбасыларымен. Ұлдары Талап пен Болат Хасиетовтер КЭ «МНГР»-дің АТЦ бөлімшесінде жүргізуші болып, жалғыз қызы Айгүл- бухгалтер болып жұмыс жасады. Бұлар Ералиевте тұрғанмен бәрінің пропискасы Алматыдағы біз тұрған кішкентай үйде екен. Ол үйді бұзатын уақытта олардың бәріне қаладан пәтер беретін болғасын, отбасыларымен 80-ші жылдардың ортасында көшіп кетті.

Бізге бәрі таң қалып «баламен қалай оқиын деп жүрсіндер, біреуің оқып екіншің жұмыс істемейсіңдер ме» деген сөздер айтады, оларды тындап жатқан біз жоқ. Ертесіне Динаны Рапхатқа бақтырып, Герой екеуіміз институтқа барып құжаттарымызды «Автоматика и вычислительная техника» факультетіне тапсырып, үйге келіп Рапхатты жібердік құжаттарын тапсыруға, ол «Құрылыс» факультетінде оқығысы келген.

Біз институтқа емтихан тапсырарда білдік, автоматика факультетінің конкурсы бір орынға 17 адам болды. Сол факультетке құжат тапсырған абитуриенттердің көпшілігі мектепті медальмен бітіргендер, ылғи ығай мен сығайдың балалары екен, барлығы бізге бүртүрлі қарайды. Герой екеуіміз

мектепті сырттай бітірген, Қазақстанның қайдағы бір түпкірінен келген жабайы адамдар сияқтымыз. «Құласаң түйеден құла» дегендей біз сескенбестен емтихан тапсыруға бел байладық.

Оқуға түсу үшін бес емтихан тапсыру қажет, үш сабақ профилирующий, бес деген бағаға тапсыру керек, ал екі сабақты үшпен төртке тапсырсада конкурстан өтіп кетуге мүмкіншілік бар. Біздің бір артықшылығымыз – жұмыс стажымыз бар, ол да есептеледі.

Емтихан басталып кетті, Динаны Рапхатқа тапсырып математика жазуша сабағынан емтихан тапсыруға кеттік. Есептерді сәтті шығарып бірінші емтиханнан екеуміз де бес алып, келесі сабақ ауызша математикаға дайындыққа кірісіп кеттік. Біреулер біздің осылайша сенімді жүргенімізге, бірінші емтиханнан сүрінбей жақсы бағаға тапсырғанымызға таң қалып «сендер қайдан келген кереметсіңдер» деп сұрайды. Рапхат бірінші емтиханнан құлап қалды да, біз оған жалынып «біз емтихан тапсырып болғанша Динаны баға тұр» деп жібермей қалдық. Біз екінші, ауызша математика сабағына емтиханға кетіп бара жатқанда, Марат, нағашы жеңгеміздің кіші баласы, «ни пуха Вам, лишь бы Шакирова вам не встретилась» деп шығарып салған болатын. Шайтан аузына салған екен.

Екінші емтихан ауызша математика, Герой әдеті бойынша әр кез емтихандарға бірінші болып кіреді, дайындалып жазып, сызып отырмайды, шпаргалка дегенді пайдаланбайды, біреу берсе де қарамайды. Билетін алып ашып қарайды, сосын қағазын, қаламын алып мұғалімнің алдына отырып айтып, жаза бастайды. Сол әдеті бойынша билетін ала салып «мен дайынмын, кімге жауап берейін» деп сұрап еді бір әйел, комиссия мүшесі «отырып дайындалыңыз, өзіміз шақырамыз» дегеніне қарамастан «мен бұл билеттегі сұрақтарды білемін, жауап берейінші» деп отырмай қояды. Содан әлгі әйел «ну иди, посмотрим что ты знаешь» деп мысқылдап шақырып алады өзінің алдына. Герой билеттің жауабын айтып отырып, жазып дәлелдеп жатыр, бір кезде емтихан алушы бетіне қарап отырып «я ставлю вам три, за ваши ответы» деді, Герой «я с вами не согласен, именно этот же билет я сдавал месяц назад и получил пять» деп өжектеп қоймайды. Емтихан алушы әйел болса «ну и что же, что сдавал, никто не может знать математику на пять, я ее знаю на четыре, а ты только на три» деп бет бақтырмай, Геройға үш қойып жібереді. Ол әйел Шакирова деген сол институттың математика пәнінің мұғалімі екен. «Өзі бір отырған көкбет, талай баланың көз жасына қалған» деп соңынан білетін адамдар айтты. Мен ауызша математикадан бес алып шықтым. Үшінші профилирующий сабақ - физика, одан Герой-бес, мен төрт алып шықтық. Тарих пен әдебиет деген шығарма сабақтарынан екеуміз де сүрінбей өттік. Мен он төрт баллмен және еңбек стажыма сай

қабылданатыныма сенімді болдым, ал Герой «мен он үш баллмен конкурстан өтпесем жұмысқа жүрермін, сен оқи берерсің» деп шешім қабылдады.

Ертесіне келсек институттың алды ығы-жығы, алдындағы тақтаға оқуға қабылданған студенттердің тізімін іліп қойған екен, соған үймелеп өзінің фамилиясын іздеп жатқан бір адам. Біз де барып фамилиямызды іздеп тізімді қарап шықтық. Мен қабылданыппын, ал Геройдың фамилиясы тізімде жоқ болып шықты. Сол жерден мен оқуға қабылданған студенттер жиналып жатқан аудиторияға кеттім, барсам группаларға бөліп жатыр екен. Герой құжаттарын қайтып алайын деп деканатқа барса, құжаттары жоқ, таба алмайды. Сол жерде «автоматика» факультетінің деканы Ракишев ағай келіп «Герой деген сенбісің, қазір жүгіріп 209 аудиторияға бар, осы институттың мұнай факультетіне қабылдандың «сенің біраз жұмыс стажың бар, әскер қатарында болғансың, партия мүшесісің, сендей азаматтар оқу керек, білім алуы керек, сондықтан мен Тұяқбаевпен сөйлесіп сенің құжаттарыңды сонда тапсырыдым, қазір барсаң оларда группаларға бөліп жатыр» деп, ойда жоқ жерде Геройды қуантып жіберіпті. Герой сол бойда шауып отырып аудиторияны тауып алып барса ГН-67-3 деген группаға жазып қойыпты. Содан қуанышымыз қойнымызға сыймай үйге келіп, екеуміздің де институттың күндізгі бөліміне оқуға қабылданғанымызды хабарладық.

Рапхат ауылға кетті. Ауылға бара екеуміздің де институтқа түскенімізді айтып «Набира апа, сен енді қос инженердің анасы болдың» деп сүйінші сұраған көрінеді. Содан бастап Шоңай басы енемді «қос инженердің анасы» атап кеткен. Оқуға түскен студенттер сабақ басталмай тұрып ауыл-шаруашылық жұмыстарына: картоп, пияз, темекі, помидор, жүгері, жүзім, мақта т.б. күзгі жиналатын өнімдерді жинау үшін колхоз-совхоздарға әр жерге көмекке жіберілетін тәртіп бар еді. Сондай тәртіпке сай біздің факультет жүзім жинауға Алматы облысына, Геройлар Павлодар облысына картоп жинауға кететін болды. Мен не істерімді білмей жүгіріп деканатқа келдім, деканға «ағай мені ауыл-шаруашылық жұмыстарынан босата аласыз ба, менің алты айлық балам бар еді, ауылға әжесіне апарайын деп едім» десем, деканым таң қалып «міне керемет, баламен келіп оқуға түскен, жарайсың қызым, бара ғой, барып кел, балаң оқуыңа кедергі болмасын» деді. Және де «ауылда қарайтын адам бар ма» деп сұрап қояды, «иә, енем бар» дедім. Деканым сол жерде басын шайқап тұрып қалды, мен ағайға рахметімді айтып жүгіріп кетіп қалдым. Сол замандағы Ракишев ағай сияқты зиялы азаматтардың мейірбандығы, адамдарға деген көзқарасы, қарапайымдылығы, көрегенділігі, кең пейілдері мені әлі күнге дейін таңқалдырады. Мен әлі күнге сол адамгершіліктері үшін ол адамдарға басымды иемін, шексіз алғыс айтамын, сондай адамдардан өмір жолымызда сабақ алғанымызды

мақтанышпен айтудан жалыққан емеспін және өзімізді бақытты жандармыз деп ойлаймын.

Герой екеуіміздің өмірімізде ондай адамдар көп болды. Сондай азаматтың бірі, біз үйін жалдап тұрып жатқан нағашы жеңгеміз Нұрхаяттың немере інісі сол кезде КГБ-да қызмет істейді, полковник шеніндегі әскери адам(өкінішке орай атын ұмытыппын). Біз ауызша математика тапсырып келіп «енді қалай болып кетер екен» деп қобалжып жүргенімізде сол үйге қонаққа барғанбыз. Ол дастархан басында Героймен сөйлесіп отырып, математикадан қалай үш алғанын есітіп «еш қиналма, емтихандарыңды тапсыра бер, институтқа түссең де, түспесең де менімен хабарлас, саған көмегімді беремін, мүмкін Ленинградқа оқуға жолдама берермін, болмаса жұмысқа орналастырармын» деп біздің көңілімізді көтеріп еді.


Институтқа түскеннен кейін барып рахметімізді айтып кеттік, ол кісі бізге «ақ жол» тіледі: «Герой, сен сияқты адамдар бізге де керек еді, оқуға түскен екенсің, осы бағытыңнан тайма, сенің жақсы маман болып шығатынына сенімдімін» деді. Біз институтқа түскеннен бастап, бізге көмекші әрі қолдаушы, жанашыр, менің өз сіңлім Маржан болды. Біз институтқа түскенде ол медучилищенің кешкі бөліміне түсті, күндіз поликлиникада хирургия бөлімінде қызмет істейді, кешке оқиды. Ол сабақтан келетін уақытта Герой трамвайдың аялдамасына барып күтіп алады, екеуі жақсы дос болды, бірінің бүлдіргенін екіншісі еш уақытта айтпайды. Екеуі сырлас, Герой ауыра қалса, Маржан оның дәрігері, медбикесі. Бір күні сабақтан келсем Герой жатыр төсекте, басы таңулы, қасында бір шөлмек арақ тұр, томсырайып Маржан отыр. «Сендерге не болған» десем Герой айтады «маған бүгін операция жасады, ал мынаны обезболивающий деп Маржан алып берді» дейді шөлмекті көрсетіп. Қарасам Маржан күлкіден жарылайын деп отыр екен «операцияға барғанымыз рас» деп қояды өзі, «не қылған операция» десем, Геройдың бетінде, құлағының астында бір томпақ бірдеңе болатын, хирургке апарып сол томпақты кестіріп келіпті. Герой айтады «операция жасарда бетіме кір-кір орамал жапты хирург» десе Маржан күліп «ол орамалдар кір емес, бикстен шыққан, стерильный» деп. Соңынан байлаған дәкесін шешіп қарасам, кішкене ғана жара, дәрі жағып пластырь жапсырып қойған, мені қорқыту үшін басын әдейілеп түгел бинтпен орап қойыпты. Енді бірде, Маржанның сабақтан келетін уақыты болды деп күтіп алуға кеткен Герой бір жарым сағаттан кейін келіп тұр, қасында Маржан жоқ. «Осыншама уақыт қайда жүрсің, Маржан қайда» десем, «мен медучилицеге барып келдім, бәрі жабық тұр, сұрайтын жан жоқ. Ол қызды біреу алып қашып кеткен ғой, осыдан тапсам ол жігіттің мұрнын бет қылармын, бәлем» деп кіжініп жүр. Маржан бір жаққа кететін болса ескертіп,

айтып кететін еді, шынымен түнімен уайымдап шықтық. Таңертең тұра поликлиникаға барып «кеше Маржан жұмысқа келді ме» деп сұрасақ, «кеше Маржанға операция жасадық, соқыр ішектен приступ болды, қазір ауруханада жатыр» дейді бөлімшеде бірге жасайтын жұмыстастары. Содан ауруханадан барып тауып алып, мәз болып түндегі болған жағдайларды айтып күлгеніміз бар. Оқуымызды бітіргенше Маржан бізбен бірге тұрды. Біреуіміздің стипендиямыз пәтерақыға төленеді, екіншіміздің стипендиямызбен Маржанның айлығы тамағымызға, қыдыруымызға, өзімізге жететін. Бізге ешкім ақшалай көмек берген емес, тек қысқы соғым кезінде бір-екі посылка ет келетін ауылдан. Маржан училищесін бітіріп фельдшер- акушер мамандығын алып шығып, мединституттың бір кафедрасына лаборант болып жұмысқа орналасты. Біз институт бітіргенше тұрмысқа шықпады. Герекең бесінші курста оқып жүргенде оған «сенің жасың 22-ден кетті, сен кәрі қыз болдың, енді сені аламын деген жігітке бір литр арақ қояр едім» десе, Маржан оған «мен күйеуге 25 жасқа келгенде шығамын, көрерсің әлі» деп екеуі жезде-балдыз болып әдемі әзілдесетін. Шынымен де Маржан өзі айтқандай 25 жасқа келіп, Ғизаттардың сокурснигі Тоқбергенов Серік деген арғын жігітке тұрмысқа шығып, Алматыда қалып қойды. Қазіргі кезде олардың екі қызы бар, ол қыздарынан жиендер сүйіп отырған бақытты ата мен әже Серік пен Маржан.

Сол сияқты бізге жанашыр болған, демеуші, қолдаушы үш кемпір болды, екеуі төренің әйелдері, біреуі төренің қызы, менің атамның немере бауырлары. Солардың арқасында біз пәтер жөнінде, жол жүретін поездың билеті жөнінде еш уақытта қиналған жоқпыз, қиындық көрген жоқпыз. Оларға да алғысым шексіз, біздің ештеңеге алаңдамай оқып шығуымызға себепші жандар ғой. Сенбі-жексенбілерде кейде бір үйде жиналып алып үш кемпірмен бірге лото ойнайтынымыз да болушы еді. Кейде ойынның қызығына түсіп кеткенде түнімен ұйықтамастан ойнап ертесіне кеште тараймыз. Кейбір кездері қалтамыздағы бар ақшамызды ұтқызып алып соқыр тиынсыз қаламыз, сонда олар бізге 50 тиын береді «үйлеріңе таксимен жетіп алындар» деп. Ойын болғасын кейде біз ұтып кетеміз, онда олар келесі жұмада ерінбей-жалықпай әдейі түрде реванш алуға Нұрхаят жеңгейдің үйіне өздері іздеп келеді. Ондай жағдайда жеңгейдің балалары да қосылады ойынға. Кемпірлер керемет ойыншылар, карталардағы сандарды жатқа біледі, «мухлевать» етуге ешкімге жол бермейді. Кемпірлер Геройды өте жақсы көріп кетті, бірдеңе болса соның сөзін сөйлеп шыға келеді. Мен әзілдеп «ау, сіздер осы менің тумаласымсындар ма әлде Геройдың ба» десем олар күліп, солайы солай ғой, бірақ орыстар айтқандай «истина дороже» дейтін.

Жарайды, өзіміз туралы әңгімеді жалғастырайын, сонымен қызымды алып ауылға келіп, көрші-көлемді бір шулатып, жұмыстан шығу үшін екеуміздің арыздарымызды беріп, кейін Алматыға қайттым. Қайтарда Алматыға билет жоқ, үш тәуліктің орнына бес тәулік жүріп, бес пересадкамен әрең жеттім. Оның үстіне бала емізіп жүрген адам, баласын суалтқан уақытта қалай қиналса, мен де солай – омырауыма сүт жиналып керіп кетті, қызуым көтеріліп, жолшыбай ауырып Алматыға әрең жеттім. Ертесіне институтта сабақ басталып кетті.

Сол жылы декабрь айының аяқ жағында мен қатты қызулап науқастанып қалдым. Бірінші семестрдің екі емтиханын тапсырып, ауруханадан бір-ақ шықтым. Басында өкпең қабынған деп ауруханаға салған, сосын өкпе туберкулезі деп, тубдиспансерге жатқызды. Алты ай жатып емделіп шықтым. Осылайша қатты науқастануыма сол жылғы балалы болуым, бірінен соң бірі ауыр емтихандар тапсыруым, кішкентай екі баламды ауылға қалдырып кету уайымы себеп болып, менің денсаулығым кері әсерін тигізді ғой деп ойлаймын. Менің курстастарым бірінші курстарын бітіріп жатқанда мен ауруханадан шығып, сентябрьге дейін академиялық демалыс алып ауылға қайтып келдім. Герой студенттердің құрылыс отрядымен Павлодар облысына кетті.



Герой, Маржан, Райхан, Дина, Рапхат. Алматы. Август 1967ж.



Студенттер. Алматы. 1968 ж.



Қартбаев Сайлау, Герой, Райхан, Қанатбаев Нұрмұхан. Алматы.
Сентябрь 1968ж.

Осы жерде айта кетейін, Геройға институтта оқу еш қиындық туғызған жоқ. Орысшаны жақсы білетін, бірде-бір лекция, семинарды жібермейтін, мұғалімнің айтқандарын мұқият жазып-сызып отыратын студент болды. Арасында мұғалімдермен спорласып қалатын мінезі болғанына қарамастан екінші семестрден бастап көтеріңкі стипендия алатын болды. Бес жыл оқу барысында екі семестр ғана төменгі стипендия алыпты. Себептері, начертательная геометрия мен теоретическая механика сабақтарын тапсырған кезде, екеуінде де мұғалімге қарсы сөйлегені үшін үш алған. Өмірінің соңына дейін тез сөйлеп, қарсы сұрақ беріп отыратын әдетінен арылған жоқ. Қазақта мақал бар ғой «тұлпар тұсауға көнбейді» деген, ақыры тұсауға көнбестен кетті бақилық сапарына. Бір жылдары Ералиев райком партиясының бюро мүшесі болған, одан кейін экспедицияның партбюро мүшесі болған, сол қарсы сөйлегені үшін оны екеуінен де шығарып тастады. Ол заманда партияның саясатына қарсы шығуға болмайды ғой. Сол мінезінің кесірінен мереке сайын мақтау қағаздарын алып жүрсе де, бірде-бір үкімет наградасына ұсынылмады. Бастықтарға барып, наградаларға ұсынған тізімге өздерін тіркеген адамдарды өз көзімізбен көріп, «сенде бастыққа кіріп айтсайшы» дегенімде «мен ешкімнен ештеңе сұрап бармаймын, мен орден, медаль үшін жұмыс істеп жүрген жоқпын, сенде кіріп бірдеңе сұрайтын болсаң менен жақсылық күтпе» деп көздерін алартып бір қарады, менде содан кейін үндемей қала бердім.

Академиялық демалыс алғасын Геройды Павлодарға шығарып салып, өзім ауылға кеттім, келіп балаларымды көріп, көңілім көтеріліп рахаттанып қалдым. Ауылдағы тұрмыс баяғы күйінде, күн сайын енем бұрынғысынша ерте тұрып сиырын сауып, жып-жылы, әлі көпіршігі басылмаған бір тостаған жаңа сауылған сүт әкеліп ішкізіп, «енді бір-екі сағат жатып ұйықта» деп жатқызып кетеді. Ал папам күнде екі литр қымыз әкеліп беріп тұрды. Көрші мал ауылдан әдейі мен үшін алады қымызды. Ол кезде папамдар Шоңайға көшіп келген болатын. Шоңай Сайхин совхозының бір бөлімшесі болып құрылып жаңа үйлер сала бастаған екен. Сол жаңа үйлердің бірінен папамдарға совхоз пәтер берген, мамам перекачкадағы сельпоның дүкеншісі болып жұмысқа жүріпті.



Райхан. Алматы. 1969ж.

Күзде қайтадан Алматыға келгенде, мен курорттан келген адамдай аппақ болып ажарланып, денеме ет жинап толығып келдім. Мені емдеген дәрігерлерге келіп қайтадан тексерілгенімде олар таң қалды, «өкпеңіз тап-таза немен емделдіңіз» деп сұрады. «Кәдімгі сиыр сүтімен, қымыз» десем сенбейді «не может быть» деп. Сонымен, оқуға болады деген рұқсат қағазымды алып, деканатқа тапсырып, Ракишев ағайға жолығып оқуымды жалғастыруыма рұқсат сұрадым. Ол кісі менің хал-жағдайымды сұрастырып, Геройды сұрап «сен де мұнай факультетіне ауыссаң дұрыс болар еді. Ол бірінші курсты бітірді, оның жалпы сабақтардан дайын лекциялары бар, білмеген, түсінбеген жерлерің болса көмектеседі. Өзің көрдің бізде высшая математика одан кейін математикалық анализ деген қиын сабақтар бар, біздің студентердің басым көпшілігі математика мектептерін бітіргендер, оларға ілесіп кету өзіңе қиын болады. Осындай қиын сабақтарға үлгеремін деп жүріп денсаулығыңды бұзып алуың мүмкін» деп кеңес берді. Мен деканның ақылын тыңдап, ойланбастан мұнай факультетіне ауысып кеттім. Алдында Герой да ауруханаға келіп жүрген уақытында «біздің факультетке ауысқаның дұрыс болар» деп айтып жүрген еді. Герой құрылыс отрядынан келгенде, ең бірінші рет көп ақша тауып келді. Маржан үшеуіміз бастан аяқ сықырып

киіндік, балаларға киім-кешек алып, ауылға посылка салып жібердік, ресторанға барып жудық, бір байып қалдық.

Бірінші курсты қайтадан оқыдым, лекциялардан қалмай, өзім жаздым, семинарларда математиканы шемішкеше шақтым, өйткені оларды мен былтыр басқа факультетте оқып кеткенмін. Менің бұлайша есеп шығарғаныма айналамдағылар таңдана қарайтын. Сол уақыттан бастап екі қызбен таныстым, өзім қатарлы, жұмыс стаждары бар Суханова Күнзира және Еребаева Қаламқас дегендер.



Айтбатырова Күнзира екеуміз. Алматы. 1973ж.

Жақсы дос болып кеттік, соңынан олар күйеуге шыққасында бәріміз семьяларымызбен араласып кеттік. Күнзира Геройлармен курстас геолог Айтбатыров Санақ дейтін жігітке, бірінші курстан кейін шықты, ал Қаламқас төртінші курсты бітіргеннен кейін, Ташкенттің радиотехника институтын бітіріп келген өзінің ауылдасы Жиенбаев Бақытжан деген жігітке күйеуге шықты. Бұл қыздармен әлі күнге дейін араласып тұрамыз, өкінішке орай Санақ 52 жасында осы Ақтауда қайтыс болды, Күнзира көп жыл партия жұмысында, одан кейін бір департамент директоры болды, қазір зейнеткер, Ақтауда тұрады. Қаламқас 2-3 жыл ғана тұрып, күйеуінен ажырасып кетті, қазір Алматыда тұрады, соңғы мезгілге дейін өзіміз оқыған институтта, қазіргі университетте сабақ берді, техникалық ғылымның докторы, профессор, қазір зейнеткер. Басқа курстастарым ылғи мектеп бітіріп келген жас қыздар мен жігіттер болды. Екінші курста Москвадағы Губкин атындағы институттан біздің группаға Бегниязов Нұржан мен Көшкінбаев Жаролла, Грозныйдың мұнай институтынан Балғынбаев Нұрлан деген жігіттер келді. Нұржан төртінші курстың аяқ жағында бір келеңсіз жағдайдың кесірінен сырттай бөліміне ауысып, оқудан кетіп қалды, басқамыз

түгел бітіріп шықтық. Менің курстас қыздарым Зиганшина Ира Әмірханов Айладырға, Наукенова Тойған Кезбаев Бітімге, Лариса Бастанжиева Аманбаев Ғазизге, Сатенова Назымгүл Аралов Мүсәлім деген геолог, буровиктерге күйеуге шықты.


Әңгімемді әрі қарай жалғастырайын, Герой бірінші курсқа барғанда өзі қатарлы өндірісте жұмыс істеген, партия мүшелері, әскери міндеттерін өтеген төрт жігітпен танысады. Олардың барлығы қазақ мектебінде оқыған болса, Герой орыс мектебін бітірген, бірінің айтқанын бірі түсінбей әлек болатын. Ол кезде Герой қазақша дұрыс сөйлеп білмейтін де, олардың араларындағы әңгімені тыңдаған адам қызыққа бататын. Біреуі орысшалап дәлелдесе, екіншісі қазақша дәл сол әңгімені айтып отыратын да, артынан өздері түсінгенде қарқылдап күліп мәз болатын. Жүре келе жігіттер орысша үйрене бастаса, Герой қазақша сөйлей бастады, осылайша біріне бірі тіл үйретіп, ақырында жақсы дос болып кетті. Олар Башенов Аман, Баспаев Ізтілеу, Қоспақов Жайладин, Қартбаев Сайлаубай деген жігіттер. Сайлаубай Герекеннен 3-4 жас үлкендігі бар, сол кезде бес баласы бар, отбасы Өзенде тұратын сақа жігіт болса, қалғандары бойдақ болатын. Бірінші курсты бітірген жылы Баспаев Ізтілеу Нұрғайша деген дәрігер-гинеколог қызға үйленді де, Жайладин екінші курстан соң Ұлжан деген медбике қызға үйленіп, Герой күйеу жолдас болып Құлсарыда болған тойларына барды. Тойдан кейін екеуі сол Құлсарыдағы экспедицияда практикаларын өтіп, сосын каникулдарының соңына дейін сол экспедицияда бұрғышының көмекшісі болып жұмыс істейді. Жайладиннің үлкен ағасы Тұрланның үйінде жатады, сол кездегі ағаның екеуіне жасаған қамқорлығына Герой өте риза болып келді. Жайладин ағасы бұлардың тапқан табыстарының бір тиынын шығартпай, өз балаларындай мәпелеп күтім жасапты. Бұлар түнгі вахтадан келген уақытта дем алуға мүмкіншілік жасап, балаларына бұлар жатқан бөлмеге кіруге рұқсат етпейтін көрінеді. «Үйдің іші тым-тырыс болатын, тек шыбынның ұшқаны естілетіндей» деп Құлсарыдан Герой мақтау айтып келді ауылға, мамасына. Сонда мамасы алғысын жаудырып «ол кісілерге ұзақ ғұмыр тілеп, Алла бала-шағасының қызығын көруге нәсіп етсін» деп отыратын.

ГН-67 группасының студенттері:





Студенттер Герой, Жайладин, Изтілеу, Борис Хан.



Герой, Жайладин Қоспақов. 4 курс студенттері.



Институтты аяқтаған соң әскери жаттығуда.

Үшінші курстың қысқы каникулында інісі үйленетін болып Герой ауылға кетті. Жайладин мен Сакеңде ауылдарына кеткен. Бір күні Аман, опера театрында жүріп жатқан «Аманкелді» операсына үш билет алып келіпті, біреуі менің сіңлім Маржанға, бірақ оның кеште сабағы бар болғандықтан бізбен бірге бара алмады. Театрға Аман екеуіміз кеттік. Бірінші бөлімнің ортасында Аманның бетіне қарасам, қолын жағына таяп алған ұйқыны соғып отыр, оятып «жүр кетейік» десем «жоқ операны аяғына дейін көреміз» деп кетпей қойды. Екінші бөлімде де сол жағдай тағы қайталанды, шыққан соң өзі күледі «операны көзімді жұмып отырып тыңдадым» деп. «Мені ұятқа қалдырдың жұрттың ортасында» десем, «қорықпа, ешкім байқаған жоқ, есесіне сен опера көрдің» дейді.

Ол кезде қазақ халқының сүйікті артистері Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, Шабал Бейсекова, Қалибек Қуанышбаев, Әлібек Днішев сияқты атақты әншілер сол опера және балет театрының артистері, сондықтан халық соларды көру үшін, тыңдау үшін сол театрға баратын. Бірде сол театрда жүріп жатқан «Севильский цирюльник» операсына мен бара алмадым, жігіттермен Герой өзі кетті. Келгесін «Фигаро ролін Ермек Серкебаев орындады ма, сен оны көрдің бе» десем, «иә, көрдім сахнаға бір бәтеңкесінің бауы қызыл, екінші бәтеңкесінің бауы қара, екі түрлі бау байлап шықты» деп ашуланып отыр. Оған бәріміз «ойнаған роліне байланысты киінгені» деген сөзімізге сендіре алмадық.

Бұлар үшінші курсты бітіріп практикаға Маңғыстауға ЮМНРЭ-ге (Южно-Мангышлакская нефтеразведочная экспедиция) келді. Ол кезде бұрғылау жұмыстары Аксудың айналасында да, жатақханалары поселоктың

басында болды. Мен де сол жылы Өзенде практикада болдым. Практика мезгілі аяқталған соң Геройға соға кетейін деп Ақсуға бардым. Бұрғышылардың барлығы отгулда екен, түскі тамақтан кейін бәріміз жиналып теңізге кеттік. Сол маңдағы теңіздің жағасы тап-таза, жұп-жұмсақ құм, суы тобықтан ғана келеді, жып-жылы, мөп-мөлдір. «Шынымен мынау Каспий теңізі ме» деп сұрап қоямын қасымдағылардан. Бұл менің теңізді бірінші рет көруім болатын. Мынандай әсемдікке таңданып келемін, құстар ұшып келіп тұмсықтарына бірдеңе іліп әкетіп жатыр. Теңіз суының тұнықтығы сондай - жүзіп жүрген кішкентай балықтар көрініп тұр. Сонымен біраз жерге дейін бардық, суға шомылдық, ойнап-күліп енді ауылға қайтайық, уақыт біраз болды деп қайтып келсек, бағана шешіп кеткен киімдердің кейбіреулері судың астында, біреулері судың бетінде қалқып жүр. Жайладиннің бәтеңкелері судың бетінде қалқып жүр, екеуі екі жерде, қалғандарымыздың аяқ киімдеріміз судың астында, әйтеуір, бәрін тауып алдық. Жігіттердің кейбіреулерінің документтері өздерімен бірге жүр екен, су болып қалыпты, бәрінің ақшалары су-су, менің сөмкеме су кірмепті, тек аздап ылғал. Герой ақшасын маған беріп қойған болатын, ал документтерін бөлмесінде қалдырып кеткен екен. Жағаға шығып ақша, документтерді жайып кептіріп, киімдерді сығып, кептіріп, кештетіп поселкеге келдік. Осылайша жаңбыр жаумай жаурағанымызға келгенше күлдік.

Студенттік өмір деген шіркін тез өтетін, нағыз қызық, ештеңеге басыңды ауыртпайтын тек сессияның мезгілінде ғана, күн ұйықтамай, түн ұйықтамай мұрныңнан шаншылып, зачет деп, емтихан деп зыр жүгіретін, бірде аш, бірде тоқ, бірде бай, бірде жарлы болып, жарты буханка қара нан алатын 8 тиын таба алмай жүретін, өміріміздің керемет шағы екен ғой.

Герекең үшін сессияның уақыты нағыз керемет мезгіл болатын, өйткені ол зачеттарды «автомат» алуға тырысатын, ал емтиханға дайындалғаны-қолына лекция жазылған дәптерін алып, ашады да бетіне жауып жатып тыптыныш ұйықтайды. Таңертең тұрып емтиханға кетеді, барып бірінші бестікпен кіріп, орнына отырып дайындалмастан мұғалімнің алдына жауап беруге отыратын көрінеді. Соңынан бір курстастары айтады, «Реке, құдай үшін Герекеңді емтиханға ерте жібермеңізші. Сылтаулар тауып азғантай кешіктіріп жіберіңіз, әйтпесе бірге кірген адамдар билеттеріндегі сұрақтарға дайындалып, кейде шпаргалка қарап үлгермейді» деп шағым айтатын. Бірақ Герекеңді ұстап отыру мүмкін емес еді.

Сонымен мен ертесіне Өзенге келіп, ауылға кеттім, Герой жұмыс істеп вахтада қалып қойды да август айының аяғына таман ауылға келді. Ауылға ол келгенде теміржолдың арғы бетінде тұратын апа-жездеменің жалғыз қызы тұрмысқа шығатын болып тойға дайындалып жатқанбыз. Тойды өткіздік,

қызды Астраханьға апаруымыз керек болды. Герой екеумізге үлкендер «екеуің бізбен бірге барасыңдар, Сауленің тойынан кейін Астраханьнан Алматыға самолетпен кетесіңіз» деді. Үлкендердің сөздерін жерге тастамай, қызды апарып салуға келістік. Тойдың ертесіне оншақты адам поезға отырып Астраханьға жолға шықтық. Алты сағатта Астраханьға жететін поезымыз, жолда алты сағат кідіріп, түнгі сағат бірде Астраханьға келдік. Келсек бізді күтіп алатын адамдар кетіп қалған. Біз әлі Астраханьның Зеленга деген ауданына баруымыз керек екен. Поездан түсіп алып бізбен бірге келген құдалар көлік іздеп, бір бортовой машина жалдап, бәрімізді тиіс өзеннің жағасына алып келді, енді арғы бетке өтетін паром жоқ. Паром жұмысын түнгі сағат 12-де тоқтатып, таңертең 6-дан бастайды екен. Паромшымен қалай хабарласқанын білмеймін, күйеу бала бізді үйіне түнгі 3-тен кете алып барды. Біз барсақ бұл жақтағы той үйленіп жатқан жас жұбайларсыз да бітіп, той қонақтары тарқап үйлеріне кеткен, үйінің адамдары ұйықтап қалыпты. Қалыңдықты алып біздер келгесін түн ішінде той иелері дастархан жасап жүгіріп жүр. Ал Герой екеуміз сол күні сағат күндізгі екіде Алматыға ұшуымыз керек, билетіміз қолымызда. Кешегі бұл ауылдан Астраханьға шейін баратын жол азабының қандай болатынын көрген Герой таң атқаннан бастап «біз кетеміз» деп асықтырып болды. Сонымен бір шай ішіп, астан ауыз тиіп шығамыз дегенше сағат 11 болды. Осылайша қызымызды құтты жеріне қондырып Герой екеуміз тағы да жолға шықтық. Бізді күйеу бала әкеліп Астраханьға баратын катерге мінгізіп жіберді. Катерге мінгеннен качканы көтере алмай, баратын қаламызға жеткенше Волганы «бүлдіріп» келдім. Жан-жағыма қарайтын жағдайым жоқ, оның үстіне аздап тойда ауыз тиген «ақаңның буы да бар» дегендей, әрі екі түн ұйқы көрмеген менің жағдайым адам аяғандай еді. Аэропортқа келгенде самолетке отырғызу жүріп жатыр екен, үлгердік әйтеуір, орындарымызға отырған бойда ұйықтағаннан Алматыға келіп қонғанда бір-ақ ояндық.

Төртінші курстың практикасын Героймен Башенов Аман“МНГР” тресінің Жетібай мұнай газ барлау экспедициясында (ЖНРЭ) бұрғышының көмекшісі болып, мен НГДУ “ Жетыбайнефть” мекемесінде оператор болып өткіздік.

Сол кезде бізге көп қамқорлық жасап көмектескен Башенов Аманның ата-анасы. Бізді жатақханаға жібермей «үйде болыңдар, ештеңеге алаңдамай жұмыстарыңды істеңдер» деп, қолындағы кіші баласымен келінін пристройкаға шығарып, өздері есіктің алдына тігілген киіз үйде болып, үшеумізге үйін босатып берді. Олар Жетібайдағы КОС (контора опробования и крепления скважин) деген ауылында тұратын. Біз үшеумізде вахтамен істейміз, біреуміз келіп жатқанда біреуміз кетіп жатамыз, келгенде, кеткенде

шұбат ішкізбей жібермейді. Үйлерінде төрт-бес түйе бар, екеуін сауады, сондықтан шұбат мол. Сол кезде Жетібайдың ыстығы өте қатты болатын да және күндіз ылғи топырақ борап, денеңнің ашық жерлерін бораған қиыршық тас тесіп кете жаздайтын. Үнемі күндіз топырақ борайтын болғасын бөлмелердің терезелері ашылмайды, үйдің ішінде дем алатын ауа жоқ қапырық. Түнгі ауысымнан келгенде простыняны сулап жамылып жатып, сол простыня кепкенше ғана ұйықтайсың, одан кейін ұйқы жоқ. Осылайша кешкі сағат 7-ге дейін қиналасың. Жетібай ауылының табиғатының ғажабын қара, қалай кешкі сағат жеті болады, топырақ басылады, қоңыр салқын жел соғып, тынысың кеңіп сала береді. Табиғаттың бұл тылсым сырына үйреніп алғанымыз сонша, сағат жеті жақындағанда алаша-киіздерді далаға көлеңкеге таси бастаймыз, сосын жатып дем аламыз. Түнде көрпе жамылып жатпасаң тоңып каласың, сондай салқын болады. Кешкі шайды киіз үйдің ішінде ішеміз, аққұман керосинкада сақылдап қайнап тұруы керек. Аманның папасы мен мамасы шайды шапан жамылып отырып, терлеп-тепшіп, шайларына түйенің сүтін қатып және тары салып баптап ішіп қанып алады. Герой бұрын Жетібайға келгенше шайды ылғи сүтсіз ішетін, Оразғали ата оған сүт қосылған шай ішуді үйретті.

Аманның әкесі Оразғали ата өте әңгімешіл, күліп-ойнап жүретін, ақжарқын адам болатын марқұм. Геройға көп әңгімелер айтып, қазақтың салт-дәстүрлерін үйретті, осы уақытқа дейін Герой өзінің руы есентемір екенін білгені болмаса, басқа еш нәрсе білмейді екен. «Өзің үйленіп алып маз-майрам болып жүрсің, мына Аманға сол Алматыдан бір қыз тауып бере алмадың ба, неге қыздармен таныстырмайсың» деп қалжыңдап Геройға тиісіп алады арасында. Герой маған ысырып салып «Аман Райханның досы, соған айтыңыз, оның группасында қыздар көп, бізбен ылғи ер балалар оқиды» деп құтылып кетеді. Оразғали атамен Геройдың әңгімелері де, әзілдері де жараса кететін.

Ақыры Аманның үйлі-күйлі болғанын көре алмай әкесі де, анасы да арманда кетті. Аман болса 40 жастан асқанда Нұржамал есімді дәрігер қызға үйленіп екі бала сүйіп, жақсы отбасы болды. Герой Аманға да күйеу жолдас болды, ал мен өмірімде бірінші рет келіннің қолтығын сүйедім. Өкінішке орай, ауру айтып келмейді ғой, соңғы уақытта жүрегі қатты ауырып 60-тан асқан шағында, қимас досымыз Аман дүниеден озды.

Институтта оқыған жылдарда, бірінші курстан бастап ГН-67-3 группасының бес жігіті (мен үшін жігіттер, курстастары шалдар дейтін) андасанда жастардан бір-екеуі қосылады, әрбір сәрсенбі сайын «Әскери іс» сабағынан шыққасын міндетті түрде біздің үйге келіп шай ішіп, ас жеп кететін. Қалталарында ақша болса бірер шөлмек ала келеді, маған бір апорт

алмасын әкеледі. Мен олардың келетін уақытына бешбармақ пісіріп дайындап қоямын, сосын шай әзір болғанша біреулері шахмат ойнайды, біреулері әңгіме айтып отырады, біреулері ұйықтап алады. Өйткені шай да, ас та бір керосинкамен дайындалатын болғасын шай мен еттің арасы ұзағырақ уақыт алатын. Ол кезде ет сатып алып мазаланып жатпаймыз, дүкендерде аппақ қылып үйітілген қойдың бастары толып тұрады, құны 28 тиын. Қойдың бір басын сатып әкеліп асып, жаймасымен картобын салып, кейде жылқының жаясынан кішкене қосып пісірген уақытта керемет дәмді бешбармақ болады. Қыста асқа аздап соғымның етінен қосамыз.

Біздің мұнай факультетінің ескі корпусы ол кезде Ленин мен Абай көшелерінің қиылысқан жерінде болатын. Қазір оның орнында жиырма бес этажды «Қазақстан» қонақ үйі тұр. Сол корпустан сабақтан шыққан кездерде, Ленин мен Шевченко көшелерінің қиылысқан жерінде «Гастроном» болды, ылғи жылқының етін, қазы-қарта, жалы-жая сататын дүкен. Алматының басқа дүкендерінен ондайды көрген емеспін. Стипендия алған уақытта міндетті түрде сол «Гастрономға» соғып екі-үш бөлек жылқының қақталған жаясын сатып әкеліп қоямын. Ол кезде тоңазытқыш жоқ, сондықтан газетке орап әкелген жаяны терезенің сыртына қоямыз, біз тұрған бөлмеге еш уақытта күн түспейді, сондықтан жая бұзылмайды. Содан күнде шетінен кесіп алып тамақ жасаймыз. Үшінші курстан кейін бірінші микрорайондағы пәтерде тұрдық. Бұл пәтеріміз благоустроенный үйде болды да, пәтерімізде тоңазытқыш болды. Герой бесінші курсын бітіргенше сол үйде тұрдық.

Киноға, театрларға, концерттерге, ресторандарға, тіпті жай қыдырыстап сыра ішіп келуге бәріміз бірге баратынбыз. Ізтілеуден басқамыз, ол үйленгеннен кейін Алматы-1-де пәтерде тұрды да, әйелі ауруханада жұмыс жасайтындықтан біз сияқты қыдырыстауға қолы тие бермейтін. Сонымен біз бесеуіміз жүреміз. Герой, Сакең, Жайладин алда, біз Аман екеуіміз артта қаламыз ылғи, үшеуінің тездетіп жүргеніне біз Аман екеуіміз ілесе алмаймыз, екеуіміз жайбасармыз. Екеуіміз жеткенше, олар жақсы жерге орналасып алып, сыраларын баппен сіміріп отырады, маған балмұздақ алып береді.

Бесінші курста Геройдың диплом жазу жұмыстарының басшысы болып бұрғылау кафедрасының доценті Аманкулов Әмен Сәбитович деген, өздеріне «Бұрғылау» пәнінен сабақ берген мұғалім тағайындалады. Сол уақытта ол кісі Геройға кафедрада қалып, бұрғылаудан сабақ беруге ұсыныс жасайды. Бұндай ұсынысқа Герой «мен Алматыда қала алмаймын, Маңғыстауға барып, жұмысқа орналасып, отбасымды көшіріп алуым керек. Биыл балам бірінші классқа барады, ал келесі жылы қызым да мектепке барады. Балаларым қазір

інімнің қолында, оның өз отбасы бар, оқуымызды бітіргенше баққандарынада көп рахмет» деп, бас тартады.

Бесінші курстың аяғында «Геройдың диплом қорғауға киіп баратын костюмін теміржолшылар ательесінен ашық сұрғылт, теміржолшылар костюмдерін тігетін «шерсть» матадан өзім тіктіріп беремін» деді, менің бір Мүкеш деген қарт апамның (үш кемпірдің біреуі) Еркін деген күйеу баласы. Еркін ағай сол кезде Алматы-2 вокзалында станция бастығы болып, әйелі Рая кассир болып істейтін. Бұл хабарды естіген Геройдың достары да өздеріне де сондай матадан костюм тіктіріп беруін сұрады. Еркін ағай бесеуін ательеге апарып костюмдерге заказ берді. Бірақ бесеуі бес уақытта қорғағандықтан костюмдерінің бірдей екені білінбей қалды. Герой дипломын қорғап келген күннің ертесіне Еркін ағаймен Рая апа келіп құттықтап, қол сағат сыйлап еді. Сол сағатты Герекең он жыл тақты десем өтірікші емеспін, өйткені ол кезде сағаттар механикалық болатын, қазіргідей батарейка салатын емес.



ҚазПТИ. 1972 ж. Выпускник.



ҚазПТИ. 1973 ж. Выпускница.

Өмір-өзен

Асып-тасып, төгілетін,
Алқынып ұшатын көңіл-ай,
Өзгерместей көрінетін,
Баянсыз бес күндік өмір-ай,
Тасқын болып, тасып тұрған
Әлденеге асықтырған
Желігі басылмас жалған-ай.

Әдеттегісіндей, Герой ең бірінші болып қорғап, дипломын қолына алғанша, дипломдарын бітіре алмай жүрген жігіттерге көмектесіп, күнде сәтті қорғап шыққан жігіттермен бірге «ромбиктер» жуып жүрді. Ал дипломын қолына алған бойда Маңғыстауға келіп, жолдамасына сәйкес, трест МНГРдың “Жетібай мұнайгазбарлау экспедициясына” Қосмағамбетов Базарбайдың бұрғылау бригадасына бұрғышының көмекшісі болып жұмысқа жүреді.



Шаршықудық-1 скважинасы. Қосмағанбетов Базарбаймен бірге.



Бұрғылау шебері Герой орталыққа ақпарат беруде.



Герой, Азанбаев Қайып өз бригадасының бұрғышыларымен.

КОС(бұрын контора опробования и крепления скважин) деген ауылынан екі бөлмелі пәтер алады. Сол кезде КОС-тың жұмысшыларын Ералиевке көшіріп жатырған болатын. Бұл пәтерді алуға Аманның әкесі көмектесіп, Ералиевке көшейін деп отырған сол КОС мекемесінде қызмет істейтін бір жігітпен сөйлесіп, «балам оқу бітіріп келе жатыр еді, сол келгенше үйді босатпай отыра тұр» деп Геройға үй дайындап қойған екен. Жұмысқа орналасқан бойда пәтерін де алып, вахтадан келген бір демалысында ауылға барып мамасымен екі баласын көшіріп келеді. Романды мектепке дайындап, оқуға жібереді.

Герой 1972 жылы институтты бітіріп келіп жұмысқа жүргенде оның вахталас бұрғышысы Азанбаев Қайып, Апақаев Көбейсін деген азаматтар болды. Екеуін де өз ісінің мамандары деп мақтап, сонымен бірге өзінің Социалистік Еңбек Ері Рысқалиев Салықпен жұмыстас болғанын мақтанышпен айтып отыратын.

Азанбаев Қайыппен Герой екеуі құрдас, және Жетыбайда тұрған кезде екеуі көрші болды, жақсы араласып жүріпті. Мен қысқы каникулға келгенде Қайыппен, оның әйелі Тыныштықпен танысып, араласып кеттім, кейде олар қонаққа барарда, немесе тағы да бір жерлерге шаруаларымен барарда балаларын менің енеме тастап кетіп жүретін. Бірде Герой Қайыпқа «неге сен

мына тұрған Саратовтың мұнай техникумын сырттай бітіріп алмайсың, сессияға баруға мекеме жұмыстан босатады, және ақшасын төлеп тұрады, үш жылда дипломы бар маман болып шығасың» деген ақыл айтады. Геройдың бұл ақылын алған Қайып та, Сариев Қылышанияз да, Көшенов Үмбетқали да сол техникумнан техникалық орта білім алып алды. Олардың әр қайсысы Герекең айтқандай дипломды маман атанып, басшы қызметтерде жасады.

Бір жылға жетпейтін уақытта Геройдың өзі сол бригадаға бұрғылау шебері болып тағайындалды.

1973 жылы мен институт бітіріп келгенде, Герой бұрғылау шебері болып жұмыс істеп жүрді. Сол мезгілде трест МНГР – КЭ МНГР (Комплексная экспедиция МНГР) болып, оның бөлімшесі ЖНРЭ-ны РИТС-1 деп реорганизация жасайды.



п.Жетібай. 1973ж. Роман 1 класс оқушысы.

Сол жылдың жаз айында ЖНРЭ-ның парторгы Нұрлыбеков Сатыбалды үйленіп, сол тойда Диханов Сыдиықтың, Матаев Болатбайдың отбасыларымен таныстық, сол таныстықтарымыз үлкен достыққа айналды. Оның үстіне 1974 жылы РИТС-1ді Ералиев поселкесіне көшіргенде Ералиевтегі үйлеріміз көрші болып шықты, балаларымыз бір мектепте оқыды, өзіміз жұмыстас болдық.

1974 жылы КЭ МНГР-дің СМУ(строительно-монтажное управление деген) мекемесі Ералиев поселкасынан геолог-барлаушыларға арнап ақ ракушечник тастардан екі этажды үйлер салып, Жетібайдан мекеменің адамдары көшіріле бастады.

Геройға сол салынған үйлердің біреуінен екі бөлмелі пәтер беріпті. Ноябрь айының орталарында Ералиевке барып келген Герекең «жиналыңдар,

көшеміз, ертең машина келеді. Енді көмір жағып қор болмайсыңдар, салқын су, жылы суы жүріп тұр, благоустроенный үйде тұрасыңдар» деп бізді бір қуантып тастады. Балалар мәз болып жүр. Сол заматта Герой тездетіп барып мектептен Романмен Динаның документтерін алып келді. Мен ол кезде НГДУ”Жетыбайнефть” дейтін мекемеде скважиналардың жер асты жөндеу цехында(подземный ремонт скважин) нормирование жөніндегі инженер болып жұмыс істеп жүргенмін.

Мен аң-таң болып «Ералиевке барғанда маған жұмыс жоқ, мен институтты бітіріп алып үйде отырамын ба?» десем, маған бір парақ қағаз ұстата салды «мә, саған жұмыс, ертең барып НГДУ-дан расчетыңды алып кел» деп. Сол күні ол Өзбекғалиевтың қабылдауында болып, менің РИТС-1-ге нормирование жөнінде инженер болып ауысуыма хат алып келіпті. Ертесіне барып басшыларыма жолығып, переводымды, расчетымды алып үйге келсем Герекең мені күтпестен мамасын, балаларын, үйдің дүние-мүлкін Ералиевке көшіріп алып кетіпті. Сөйтіп мен жұртта қалып қойдым. Сол күні көршілерде қонып, таңертең автобуспен Шевченкоға келіп, Ералиевке жүретін автобуска міндім. Ол кезде Шевченкодан Ералиевке ПАЗ автобусы жүреді, асфальт жоқ, қара жол, бұрқыраған май топырақ. Ералиевке жеткенше шаңға көміліп, үсті-басың шаң-шаң, жылтыраған екі көзің ғана көрінетін еді. Ол автобуска мінгенде орындықтан орын табылса жақсы, табылмаса қосымша адамдар мінгізу үшін автобустың ортасына машинаның екі дөңгелегін салып қояды, соның үстіне адамдарды отырғызады. Жолдың шоқалақтары көп, сол шоқалақтарға соғылып автобус секірсе, адамдар дөңгелектен түсіп кетіп жатады, бірақ әйтеуір баратын жеріне жетіп қалу үшін бәріне көнетін.

Ералиевке кештетіп келдім, келсем шынымен үйдің іші жып-жылы, крандардан салқын су, жылы су ағып тұр, бәріміз бір рахаттанып қалдық. Сонау 1970-ші жылдардың орта тұсында ЖНРЭ мекемесі Жетібайдан Ералиев ауданының орталығы болып саналатын Ералиев поселкесіне көше бастаған болатын. ЖНРЭ сол кезде біртіндеп РИТС-1 деген құрылымға айналып, шағындалып жатқан тұсы еді. Бұл мекемелер КЭ «МНГР»-дің бөлімшелері болып есептелетін. КЭ «МНГР» жаңадан бой түзеп келе жатқан аудан орталығынан өзінің қызметкерлеріне, жұмысшыларына арнап «типовой проект» бойынша Московская деген орталық көшенің бойынан әдемілеп шағын үйлер тұрғыза бастады. Екі қабатты, екі подъезді, шифермен жабылған шатыры бар, әр подъезде 1-2-3 бөлмелі пәтерлері бар, бір көшенің бойына, теңіз жағалауына барынша жақын үйлер қаз-қатар тізіліп бой көтерді. Терезеден қарасаң да, есіктің алдына шықсаң да көзіңе шалқып жатқан Каспий теңізі көрінетін. Кейбіреулердің іздеп келіп демалатын теңізі

гой, біреулерге курортты аймақ болып көрінетін де болар, ал біздер үнемі теңіздің ауасымен демаламыз. Қаланың үйлері сияқты әр пәтерде газ плитасы орнатылған, ыдыс-аяқ жуатын «мойкасы» бар ас үй, ванна, әжетхана, орталық жылу қазандығына қосылған жылыту жүйесі, ауыз су жүйесі, техникалық су жүйесі бар болатын. Маңғыстаудың ақ ракуша тастарынан тұрғызылған әсем үйлер тізбектеліп тұра бастады. Қаланың үйлерінен сәл айырмашылығы, бұл үйлерде балкон болмады, жоба бойынша қарастырылмаған. Бұл үйлер сол кезге сәйкес заманауи пәтерлер болып есептелді де, сондай пәтерге қолы жеткендердің төбелері көкке жеткендей болатын. Сондай жаңа ғана тұрғызылған үйлердің бірінен Герекең екеумізге де пәтер тиді. Матаев Болатбай, Жапаров Берікхан, Төлешов Дауылбек, Диханов Сыдих, Сариев Қылышнияз ... сияқты өзіміз құралпылас бірталай азаматтар сол көшенің бойындағы үйлерге орналасып, қоныс тойын тойлап мәре-сәре болып жатқанбыз. Бір қызығы, үйдегі ваннаға, әжетханаға келетін техникалық су Ералиевтегі ыссы минералды су еді де, ауыз суды машиналармен тасып әр үйдің алдына алып келетін. Кешке қарай үйдің алдына келген водовоздан су алу үшін кезекке тұрып, үйдегі бар ыдысты толтырып алатынбыз. Орталық қазандықтан жылытылатын деген аты ғана болмаса, ол котельныйдың шамасы біздің үйлерді жылытуға жетпейтін. Жұмыс жасағанынан бұзылып тұрғаны көп болатын. Жерге тайыз тереңдікке көмілген үйлерге жылу жеткізетін құбырлардың да минералды судан тез шіріп, тесіліп жататын кездері жетерлік еді де, осындай себептермен қыста пәтерлеріміз жылымайтын.

Бізге бұйырғаны екінші этаждағы екі бөлмелі пәтер еді. Отбасымыз шағын болғандықтан осыған да мәзбіз. Сол кездегі құрылыстың жайы белгілі, сапалы материалдар жоқ болатын. Үй тұрғызуға қажетті есік, терезе, еденнің төсеніші ... сияқтылардың барлығын да КЭ «МНГР»-ге қарасты ДОЦ(деревеообработывающий цех)-та дайындалатын еді де, олардың сапасы әлі де болса шамалы еді. Қысқа қарай терезелерді шүберек тығып, замазка тығып жел кірмейтіндей герметизация жасап тастаймыз, өйткені қыста отопление нашар, котельныйдың жылуы жоқтың қасы, сондықтан жел кіретін тесіктерді барымызша бітеуге тырысамыз, ал жаз болса қысқа жасаған герметизацияны бұзып терезелерді ашып қоямыз. Ол кездерде жаздың күні қатты ыстық болады да, түнге қарай теңіздің қоңыр салқын самалы соғып тұратын. Күндіз күннің ыстығынан қызған тас үйлердің іші жанып тұрады. Қайнап тұрған бұндай үйде демалу мүмкін болмағандықтан кейбіреулер шыдай алмай-төсек көрпелерін далаға алып шығып, далада жатып ұйықтайды бала шағаларымен, таңертең күннің көзі көтерілгеннен бастап көрпе-төсектерін үйге сүйреп әлек. Мен жаз болса екі баламды Кавказға "Геолог Казахстана " дейтін пионер лагеріне жіберетінмін. Бірде

қызық оқиға орын алды. Балалар лагерде, Герекең буровойда, үйде жалғызбын. Ол кезде есікті кілттеп жату дегенді білмейміз, тек сетка есік жабулы болады шыбыннан қорғану үшін, сөйтіп түнде залдың қақ ортасына, өйткені ол жерде жақсы сквозняк болып қоңыр салқын жел соғып тұрады, төсегімді салып, жатып ұйықтап қалыппын. Түннің бір мезгілінде бірдеңе бетімді сипап өтеді, көзімді ашуға қорқамын, біраздан кейін тағыда бетімді сипайды, зәрем кеткеннен қимылдауға, қолымды көтеруге шамам келмейді, жүрегім аузымнан шығатындай, не ойларымды білмей жатырмын. Сөйтіп бетімнен 4-5 рет сипап өткен соң арасында тым -тырыс болып қалады, сондай бір мезгілде "біссімлла, біссімлламды" айтып, не болсада көрермін деп көзімді ашсам терезенің тюлі екен, сквознякпен менің бетімнен сипап кетіп жатқан. Содан кейін төсегімді тюль жетпейтіндей етіп салатын болдым.

Ол кездегі Ералиевте шаңды топырақ дауыл жиі болатын, жері қиыршық тас болғандықтан, қатты жел көтерген қиыршық тастар денеңді тесіп кететіндей еді. Күндізгі қатты ыстықты бойына сіңіріп алған жер, асфальт, үйлердің ракуша тастан қаланған қабырғалары түнге қарай сол ыстықты кейін қарай шығарып, түннің біраз мезгіліне дейін ауа салқындай қоймайтын. Қанша дегенмен теңіз біздің үйлерге жақын болғандықтан, біздің үйлер мен теңіз жағасы арасында ешқандай кедергі болмағандықтан, теңізден соққан салқын самал біраздан соң ауаны салқындата бастайтын. Сол заманның ең бір жақсы тұсы, поселокте қаншама ұлттың өкілдері тұрса да, бұрғылау бригадаларында жұмыс жасайтын әртүрлі тентектер, ұзақ жыл темір тордың арғы жағында болып келгендері де бар арасында, тұратын жатақханаларға жақын тұрсақ та халық жазғы ыстықта түнге қарай еш алаңсыз, ештеңеден сескенбестен төсектерін жайып тастап, бір үйдің балаларындай болып, балашағасымен түнде үйлердің алдында, қапталында ұйықтай беретін. Еш үйдің есігі кілттенбейтін. Жаңадан салынған сол үйлерді де жақсы ойластырып салған екен. Қатар тұрған екі үйді бір-біріне қарама қарсы, подъездерінің есіктерін бір-біріне қаратып, пар-парлап тұрғызған. Екі үйдің арасы жобамен 10-15 метрдей шығар. Жаздың жаймашуақ кештерінде әлгі қарама қарсы қарап тұрған екі үйдің адамдары астарын ішіп алғасын есік алдына шығады, алаша, киіз, көрпелерін жерге төсеп жіберіп топ-топ болып әңгіме-дүкен құрып қауқылдасып отырғандары, кейбіреулері шынтактай жантаяды. Шахмат құмарлар бір бөлек, ермек үшін карта ойнайтындар бір бөлек, нарды ойнайтындар да баршылық араларында, әңгіме айтатындар бір бөлек, әйелдер жағы бір бөлек, балалар да топ-топ болып асыр салып мәз мәйрам болып шуылдасып жататынбыз. Теңізден соққан салқын самалға денеңді тосып бір рахаттанатынбыз. Жаздың күндері түні бойы, таңға дейін осы үйлердің арасымен теңізге қарай, теңізден кейін ауылға қарай ерсілі-қарсылы шұбырып жатқан халықта есеп болмайтын. Сол шұбырғандардың біреуі де болса далаға төсек салып ұйықтап жатқан тұрғындарға тиіспейтін,

тыныштығын бұзбайтын еді-ау. Нағыз мамыражай коммунизм, бейбіт, тыныш өмір сол кезде болған екен-ау деп қаламын осы күндері.



п.Ералиев. 1977ж.

Ильяна, Дина, Роман, Райхан.

Енем өзінің де, балалардың да киіміне шаң жұқтырмайтын, тазалықты қатаң сақтайтын адам болатын. Балалардың киімін күніне екі-үш рет ауыстырады, және шешкен киімді сол бойда жуып тастайтын. Герой вахтадан келген күннің ертесіне, буровойдан келген киім-кешек түгел жуулы тұрады. Тіпті кейде менің таңертең шешіп кеткен халатым, түсте жұмыстан келе жатсам жуулы, далада ілулі тұрады. Бұны көріп мен «мама мен халатты тек бүгін ғана киіп едім ғой» десем, «білмеймін бір жеріне май тиген сияқты болды, сосын жуып қойдым» дейді. Сондай тәртіпке үйренген жан болатын менің марқұм енем. Геройдың жұмысқа ұстайтын сумкасы әр уақытта жұмыстан келген күннің ертесіне қайтадан дайын тұратын. Енемнің ұстанымы «Киімің жыртық болса да, таза болсын» деген еді. Су тегін, сабын көп, сондықтан тап-таза жүру керек деп айтатын. Сөйтсек Ералиевтегі краннан ағып тұрған ыссы суымыз жер астынан шығып жатқан минералды су болып шықты. Сол минералды, тұзды судың кесірінен салынған жер асты құбырлары ішінен шіріп, дұрыс изоляция жасалмағандықтан сырты шіріп, екі-үш жылда жарамсыз болып шыға келді. Содан кейін қанша жамасада қиюы кеткен жылу құбырлары шыдамады, қыс бойы шұрық тесік болып котельныйдан шыққан ыстық су үйге жетпей әр жерлерде далаға жайылып жататын. Ералиевте тұрған мезгілде жылу көрмей, талай қысты өткіздік. Үйді тек электрокаминнің жылуымен жылытатынбыз, ондада екі пеш қоссаң

свет сөніп қалады, сондықтан бір пеш қосып, бәріміз бір бөлмеге тығылып отыратын едік. Сондай бір қыста қатты аяз болып, таңертең тұрсақ, бөлмеде комодтың үстінде тұрған аквариумның ішіндегі балықтар шалқасынан түсіп жатыр, бәрі үсіп өлген екен.

Минералды судың емдік қасиетінің күштілігінен, сол жылдарда кейбір адамдардың қан қысымы көтеріліп, ауруханада науқас саны күрт көбейіп кетіпті. Үйдегі ваннаға келіп тұрған минералды суға халық өз білдігімен түсе берген, қадағалап ескертетін ешкім болмаған, тап осылайша әсері болатынын тіпті білмеген де. Дәрігерлердің дабыл қағуымен минералды суды үйлерге жібермейтін болды. Соңынан Ералиевте сол сумен емдейтін санаторий-профилакторий ашылды. Санаторийдің бас дәрігері Мақтағанов Тарғын деген азамат болды. Тарғын ағамыз Ералиевтегі аудандық ауруханада хирург болып істеген, осы Маңғыстаудағы білікті мамандардың бірі. Ералиевтегі минералды судың шипалы екенін дәлелдеу үшін Алматыға, Москваға бөтелке-бөтелке суын арқалап мың мәрте барып, ақыры КЭМНГР-ге қарасты санаторий-профилакторийін ашты. Судың емдік қасиеті керемет еді, екі аяғын баса алмай носилкамен, коляскамен, балдақпен келген адамдар өз аяқтарымен жүріп кететін. Денесі әртүрлі жараға толы, тері ауруымен ауыратын сырқаттар оншақты күн ем алғаннан кейін эп-әдемі болып жазылып кетіп жататын. Оның барлығы Мақтағановтың ауру адамдарды өзі қабылдап, және жазып берген емін қатаң қадағалауының жемісі болатын. Емі он екі күн жүреді, ваннаға күнара түсіреді, ваннасы болмаған күндері массаж, физиотерапия жасайды, барлық процедураларды медбикелер жасайды.

Тарғын ағайдың өзі ірі денелі, ұзын бойлы, жылдам қимылдап, жылдам жүретін адам еді. Ералиевтегі КЭ «МНГР»-дің санаторий-профилакторийі бүкіл Кеңестер одағына белгілі болды, тек өзіміздің геолог-барлаушылар ғана емес, сонау Қиыр шығыстан бастап, байтақ еліміздің көптеген қалаларынан емделушілер ағылып келіп жатты. Оған мен өзім куа бола аламын, өйткені сол кездерде мен мекемеіміздің кәсіподақ комитетінде қызмет істеген едім. Шипажай кәсіподақ комитетіне тікелей бағынышты болды да, емге келген адамдарға жолдаманы кәсіподақ комитеті бөлетін. Емге келетін адамның көптігінен санаторийге қосымша вагончиктер қойып, қоймаларды, шарауашылық бөлімін вагончиктерге көшіріп, босаған бөлмелерге тездетіп жөндеу жүргізіп, келген адамдарға орын дайындауға тура келді. Әсіресе жаз айларында таңертең сағат 9-да жұмысқа келгенімде, кабинетімнің алдында адамдар жолдама алу үшін кезекте тұратын.

Осы жерде айта кету абзал, Ералиевтегі минералды судың шипалы екенін халық ертеректен білген. Шипажай орналасқан жерге жақын маңнан ертеректе су скважинасы қазылады, артынан ол скважинаны әлдебір

себептермен жауып тастайды. Жылдар өте келе құбырлары шірігендіктен скважинадан ыстық су жердің бетіне шығып жайылып, көлшік пайда болады. Осы көлшіктегі судың емдік қасиетін байқаған тұрғын халық әртүрлі сырқаттарына жабайы түрде пайдалана бастайды. Бұл хабар басқа өңірлерге де тез тарап, жаз айларында алыс жақтардан арнайы келіп жабайы түрде суға түсетін емделушілер көбейеді. Тарғын ағамыз осы мәселені қолына алып, Ералыдағы минералды судың емдік қасиетін дәлелдеп, шипажай ашуға рұхсат алғаннан соң ғана жабайы суға түсушілерге тоқтау салынды. Бұрынғы скважинадан ағып тұратын су тоқтатылды. Шипажай үшін экспедиция арнайы жаңа скважина қазып, суын шығарып, ол суды тек қана шипажайға ғана пайдаланатындай қылып берді. Ералы минералды суының емдік қасиеті тері ауруларына, буын сырқаттарына ерекше көмектесетін.

Қайтадан 1974 жылдың ноябрь айына оралайын, жаңа үйге көшіп келгенде есіктес көрші Жапаров Берікхан болды. Бізбен жарлас бір бөлмелік пәтерде КЭМНГР-дың радиостанциясы болды, бастығы Иманбаев Алтай. Біздің үйге жардың арғы жағындағы басшылардың, инженерлердің радиостанция арқылы ертелі-кеш бұрғылау алаңдарымен сөйлесіп жатырғандары естіліп тұратын. Әр бригаданың өз позывнойы бар, УИНХ-15, 16, 17 ... деп айқайлап әр бригадаларды байланысқа шығарып шақырады да жатады. Сұрастырып жүріп Геройдың бригадасының позывнойы УИНХ-17 екенін біліп алдым. Ендігі жерде жардың арғы жағындағы бұрғылау алаңдарымен байланысқа шығып жатырғандардың айқайларына құлақ түріп отырып, УИНХ-17 деген позывнойдан келетін хабарларды тыңдаймын, осылайша үйімде отырып-ақ Геройдың амандығын, жұмысының қалай жүріп жатырғанын біліп жүрдім. Арасында байланыс болмай қалған кездерде, Алтай өз операторларымен айқайласып жатады. Кейбір кездерде Қуан Казиевичтің «советская авиацияның жеті атасын» түгендеп жатқанын да естимін. Радиостанцияның бөлмесі өте тар, бірнеше рация қоюға орын жоқ болғандықтан, кейде кейбір бөлімшелердің басшылары, инженерлері өздеріне тиесілі барлық бригадалармен сөйлесіп үлгермей, уақыт та, кезек те жетпей қалатыны тағы бар. Сол кезде КЭМНГР-дың құрамында 16 бұрғылау, 4 мұнара құрастыру, 4 скважиналарды сынау және бекіту бригадалары болды. Ал осылардың жұмысын жүргізу үшін қызмет жасап жатқан цехтар қаншама, бәріне байланыс керек. Сондықтан рацияны орталыққа көшіріп, бірнеше байланыс бөлмелерінен, бұзылған радиостанцияларды жөндейтін шеберханасы бар кең ғимаратқа орналастырды. Босаған пәтерді бір механик жігітке берді.

Біздер екінші қабатта болсақ, бірінші қабатта Сапаров Сапығали деген ағай тұрды отбасымен, сол кезде ол кісіде РИТС-1де буровойларға керек-

жарак жіберетін жұмысшы болып істеген. Ағайдың гүрілдеген дауысы зор, әсіресе қарқылдап күлгенде, ол кісінің сырттағы күлкісі, бізге екінші қабатқа естіліп тұратын. Қалған екі пәтердің бірінде, райкомның құрлыс бөлімінде істеген бір жігіт отбасымен, екіншісінде мұнара құрастыру цехының қызметкері тұрды. Үйдің екінші басында ОРС-тың бастығы Лебедев Евгений Михайлович, РИТС-1-де моторшы болып істейтін Воронов Геннадий, Геройдың курстасы Өрбісінов Мұхамбет тұрды. Сол подъездің екінші қабатында Хаиров Нұржан ағай тұрды да, қалған екі пәтер РИТС-1дің әлі Ералиевтен әзірше пәтер ала алмаған инженер-техникалық қызметкерлері үшін қонақүй есебінде болды. Үй алған қызметкерлер соңынан салынған пәтерлерге көшіп келіп жатты. Ақырында бір бөлмелі пәтерде Қуан Казиевичтың орнына РИТС-1-ге бастық болып келген Пірімтай Арыстанов тұрды да екі бөлмелік пәтер келген-кеткен ИТР-дың қонақ үйі болып қала берді. Біздің үйге қарсы үйде РИТС-2-нің (бұрынғы КНРЭ-Карагиинская нефтеразведочная экспедиция) Көшмағамбетов Серік, Мединаев Лақбай, Макаров Михаил, Давлетшин деген жұмысшылары тұрды.

Ералиевке келген күннің ертесіне далаға шығып қарасам, ауылымыз жарқырап жатқан көк теңіздің жағасында орналасқан, теңіздің ауасымен кең тыныстап демалуға болатын, әдемі жер екен. Біздің үйдің артында тағы екі үйдің фундаменті дайын болып қалыпты, балалардың мектебі де іргеге тиіп тұр дегендей тап-таза қалашық екен. Сөйтіп біз Московская деп аталатын әдемі көшенің тұрғыны атанып шыға келдік.

1974 жылдың ноябрь айынан бастап мен РИТС-1-ге нормалау жөніндегі инженер болып, еңбек ақы бөліміне жұмысқа жүріп кеттім. Алғашында Жетібай НГДУ-ның конторынан кейін РИТС-1-дің конторын көргенде шошып кеттім. Бұл бұрынғы өрт сөндіру депосы болған ескі ғимарат, қабырғалары, едені көк цемент, ең болмаса тақтай төселмеген, кіре берісте үлкен зал, ішін фанералармен төртке бөліп қойған. Фанерамен бөлінген бір бөлікте бастықтың хатшысы отыратын қабылдау бөлмесі, оған қарсы бөлікте геологтар кабинеті, ортадағы бөлікте технолог жігіттердің кабинеті, ал ең шеттегі бөлікте мен жұмыс жасайтын еңбек ақы бөлімі. Сол кабинетте біз төрт адам отырамыз, кадр жөніндегі инспектор Хаиров Нұржан ағай және еңбек ақы бөлімінің қызметшілері Көшенов Үмбетқали, Сариев Қылышанияз және мен.



РИТС-1 мекемесінің қызметкерлері.



РИТС-1 мекемесінің қызметкерлері. Ақборық Сүлейменова-геолог, Көшенов Үмбетқали-еңбек ақы бөлімінің аға инженері, Хаирова Уәкила-геолог, Қоқыбаева Райхан-нормалаушы, Жанабергенова Сәнім-хатшы, Ізтелеуова Майра-нормалаушы.

Сырттан кіріп, қабылдау бөлмесіне қарай жүргенде кішкентай коридор бойында бірінші кабинетте бастықтың орынбасары Энтин Борис Яковлевич отырады, келесі кабинетте механиктер отырады, оған қарсы бастықтың геология жөніндегі орынбасары Диханов Сдиықтың кабинеті болатын. Сол

кездегі біздің контордың сиқы осындай еді. Осы төрт «кабинеттің» адамдарының сөйлеген сөздері барлығына да естіліп тұратын. Қай «кабинеттен» болса да біреу керек болса орнында отырып алып атын айтып шақырып алуға болатын. Кейбір кездерде солай істесек Нұржан ағай бізге ұрсып тастайды, «олай істеуге болмайды, ұят болады, керек адамдарыңды орындарыңнан тұрып барып шақырып келіңдер» деп. Бірінші келгенде «қайда келдім, неге келдім» деген ой болды менде, бірақ соңынан сол коллективтің адамдары бір үйдің баласындай болып кетті. Уақыт өте мен сол жерде РИТС-2-де геолог болып жасайтын Қалдыбаева Жұман дейтін келіншекпен, оның күйеуі Ердаулетпен танысып, сырлас-дос болып араласып кеттік.

Жетібайдан көшіп келген Диханов Сдиық, Матаев Болатбай, Көшенов Үмбетқали, Сариев Қылышанияз және Ералыда бұрыннан тұратын Жұмағалиевтер отбасыларымен жақсы араласып, достасып үлгердік. Бірде біздің үйге жоғарыда айтылған отбасылар қонаққа келгенде мен келген қонақтармен бірге болыңдар деп есіктес көршім Жапаров Берікханды әйелімен шақырып алдым. Содан бастап оларда біздің компанияның мүшелері болып кетті. Осылайша басталған достық қарым-қатынасымыз әлі күнге жалғасып келеді, барлықтарымыздың отбасымызда болған мереке-тойларда, басқа түскен ауыртпалықтарда бірге жүреміз. Қазір ортамыз біраз сиреп қалды, өкінішке орай, ортамызда Герой, Диханов Сдиық, Матаев Болатбай, Көшенов Үмбетқали, Сариев Қылышанияз, Қылышанияздың әйелі Жұпарлар жоқ, бәрі де келмес сапарға аттанды. Имандары жолдас болсын! Бұл өмірде сүйсініп қарайтын, айтқаныңды ерекше ілтипатпен тыңдайтын, күлгенде шынайы күлетін және әр кездесуді тағатсыз күтетін адамдарды жолықтыру нағыз үлкен бақыт екен.

Сол бірге жүрген кездерімізде Сдиық маған «қызым» деп сөйлейді, өйткені мен Садықовнамның, ал Болатбай болса «кыз-ау» деп майысатын. Үмбетқали отырып «Рекең екеуміз Москвада ВДНХ-дағы монументтегі “Рабочий и колхозница” сияқты қатар тұрсақ, көрген адам «паһ, шіркін, бұл әлемде қазақтай сұлу халық бар екен ғой деп тамсанар еді» деп мақтанатын. Қылышанияз болса «Райхан отырғанда мына жерде гүлдің не керегі бар, міне сендерге гүл керек болса» деп, мені отырған жерімнен көтеріп алып, дастарханның ортасына апарып отырғызып қойған еді бір басымыз қосылған отырыста. Одан кейін де біз Ақтаудан той-садақаларға Ералиевке барып жүрген кезде Қылышанияз ылғи мені жерден көтеріп алып, екі-үш рет айналдырып жерге түсіретін. Кейде біреулер соны көріп «Гереке, Қылышанияздың істеп жатқанына қарап тұрасыз ба, быт-шытын шығармайсыз ба оның» дегеніне күліп, «Қылышанияздың содан басқа зарары

жоқ, көтере берсін» дейтін. Бірде Қылышнияздың бұндай әрекетін көрген Ғизат «Гереке құрдастарыңыз қатты ойнайды екен, мен шатақ шығып кете ме деп қорқып кеттім. Біз құрдастарымызбен осылайша ойнайтын болсақ, қып-қызыл төбелес болып кетуі мүмкін» дегені де бар. Сондай сыйластықта болған азаматтарды қалай қадырлемессің, қалай сағынбассың, сондай достардың болғанына қалай мақтансамда артық болмайды деп ойлаймын.

Әлі есімде, Қылышнияз бірде былай деп әзілдеп еді «Герой тумай жатып немістермен шайқасты, Сталинград түбінде оларды жайпап жеңіп шықты. Одан соң Вьетнамға барып американдықтармен шайқасты, оларды да талқанын шығарып жеңіп келді. Біздің Герекең анау-мынауға болмайды, бұл нағыз атына заты сай Герой ғой. Гитлерге болмаған, әлемді билеп отырған американдықтарды жеңген біздің Героймен ойнамаңдар. Бұл бәрімізден ұзақ өмір сүреді, айтқаным айтқан, қараңдар да тұрыңдар». Қылышекеңнің айтқаны келді, Герекең сол құрдастарынан біршама ұзақ жасады.



Достар той дастарханында. Сариев Қылышнияз, Райхан, Герой.



Достар тойда: Рысхан, Күміс, Райхан, Ақборық.



Достарым, отырғандар: Қибаш, Ақборық, Күміс, тұрғандар: Жұман, Райхан.

п.Ералиев. Ноябрь 1977ж.

Достарымыз Ердаулет пен Жұманның орны бөлек, олар тек араласып жүрген дос емес, жақын туысымыздай болып кетті, әр уақытта жанымыздан табылатын, керек кезде ақылдарын айтатын, көмектерін беретін асыл жандар.

Жұман екеуміздің кабинетіміз контордың екі басында болсада күніне неше рет кездесеміз, сөйлесеміз, бірақ үйге барған соң телефонмен тағыда шүіркелесіп жататынбыз. Кешке киноға баруға келісеміз, кейде, төртеуміз,

Герекең ауылда жоқ мезгілде үшеуміз барамыз. Күн сайын, қыста үйдің қасындағы кинотеатр «Толқынға», жазда жаздық кинотеатрға барамыз. Жазғы кинотеатр біздің мекеменің кәсіподақ ұйымына қарасты болғандықтан кинопрокат ылғи ескі киноленталардан береді, сондықтан кино көрсетіп жатқан уақытта ленталары үзіліп, оны қайта жалғап киноны жалғастырғанша біраз уақыт өтеді. Кейде сөйтіп үзіп-жалғап жүргенде екі сериалы кинолар түнгі сағат үшке дейін созылады, сондада киноға келген адамдар кетіп қалмай, киноның соңына дейін отыратын. Көпшілік көрермендер ертесіне жұмысқа баруы керек болса да киноны аяқтамай кетіп қалмайтын еді. Жазғы кинотеатр мен «Геолог» клубы біздің мекеменің кәсіподақ ұйымының балансында болғандықтан, мен Ақтауға кинопрокатқа өзім барып, кейде директорымен келісіп, кейде ішіндегі қыздарға шоколад, коньяк сыйлап прокатқа жаңа шыққан кинолар әкелетін едім. Оныда тек бір рет көрсетуге рұқсат ететін болғандықтан көрермендер жақсы көретін индиялық фильмдер, Отан соғысы туралы эпопея киноларды әкелуге тырысатынмын. Өйткені біздің жазғы кинотеатрға жоғарыдан берілетін жоспар бар, сол жоспарды орындасақ бізге азғана болса да сыйақы беретін. Бірақ біз үшін қызығы, үкіметтің кинотеатры «Толқынмен» арадағы көрерменді көбірек тарту үшін бәсекелестік. «Толқында» үнемі прокатқа жаңадан шыққан кинолар болсада, халық біздің жазғы кинотеатрға көбірек келетін. Себебі жазғы кинотеатрға кішкентай балаларын коляскаға салып алып келу мүмкіндігі болса, екінші жағынан қызықты киноны таза ауада, ашық аспан астында отырып қараған да көрермендерді біздің жазғы кинотеатрға тартатын еді. Киномеханиктеріміз Есболған мен Хадиша да жандарын салып жұмыс жасайтын, лента үзілген кезде залда отырған шыдамсыз көрермендер «сапожники» деп айқайлап жатса да көңілдеріне алмай, ертеңгі көрсетілімге киноаппараттарын дайындап қоятын.

Кейде «киноға барамыз ба» деп Жұманнан телефоннан сұрап жатсам, Герекең қызғаныш білдіріп, ашу шақырып «сенің күйеуің Жұман ба, олай болса бүгін шығып көрші, ешқайда бармайсың» дейтін. Біраздан соң кино басталатын уақыт жақындағанда «не істеп жатырсың, жиналмайсың ба, уақыт болып қалды, кинодан қалып қоямыз ғой» дейтіні болатын. «Жақсы адамның ашуы шай орамал кепкенше» деп халық тегін айтпаған ғой, Герекең тез ашуланғанмен, бес минуттан кейін өзі де ұмытып, қасындағы адамның да ашуын таратып жіберетін еді. Еш уақытта кек сақтамайтын.

Тағыда Геройға оралайын, 1975 жылдың май айында ол РИТС-2-нің терең бұрғылау бригадасының бастығы болып ауысты. РИТС-2-нің бастығы Бекниязов Өришан деген азамат болатын. Кейін ол МУРБ-ға (Мангышлакское управление буровых работ) бас инженер болып ауысты да,

өзімен бірге бірнеше инженер жігіттерді ала кетті. Өришан Герекеңді де шақырып, сол мекеменің бұрғылау бөлімінің бастығы жұмысын ұсынды. Герой Өришанның ұсынысына «мен әзірше кабинеттегі жұмыстан гөрі, бұрғылау алаңының басындағы жұмысымды жалғастырғым келеді» деп бармай қалды. Герой РИТС-2-нің бұрғылау бригадасын басқарғанда, көмекшісі бұрғылау шебері Өтеулиев Елемес деген ағай болды. Олардың бұрғылау бригадасы Мұрынсор, Солтүстік Бозашы деген алаңдарды қазды. Солтүстік Бозашы-1Г деген скважинаның жобалық тереңдігі 5000м. болатын, бірақ Герой ол скважинаның жобалық тереңдікке жетуіне дейін бригадасымен бірге бола алмады. Себебі, 1977 жылдың октябрь айында «Зарубежгеология» тресінің жолдамасымен Вьетнам Социалистік Республикасына екі жылға «технический руководитель» болып шетелге іссапарға кетті.



Пятигорск. 1977 ж.



Июль 1977 ж. «Геолог Қазақстан» пионер лагері.

Вьетнам сапары

Сол заманда Кеңестер одағының білікті мамандары көптеген шет мемлекеттерге барып көмек көрсетіп, сол саланың қызметкерлерін мамандықтың қыр-сырына үйретіп жүрген болатын. Мұнай саласы бойынша біздің елдің бұрғылау-барлау инженерлері Шри-Ланка(Цейлон), Пәкістан, Ауғанстан, Вьетнам, Араб мемлекеттері ... сияқты елдерде келісім-шарт бойынша бірнеше жылға контрактіге отырып жұмыс жасап жүрген болатын. КЭ «МНГР» мекемесінен де біраз инженер мамандар, бұрғышылар, механиктер, мұнара құралдаушылар осы аталған мемлекеттерде жұмыс жасап жүрді. Әрине, шет жерде жұмыс жасауға білікті мамандарды таңдайтыны белгілі ғой. Сондай таңдаудың Геройдың үлесіне түскені де оның осы қысқа мерзімде өз саласының мықты маманы болып үлгергенін көрсетсе керек. Сонымен хабар құлағымызға тиісімен біздер Герекенді алыс сапарға шығарып салудың қамына кірісіп кеттік.

Москваға билет алған соң, күндіз бір мал садақа беріп үлкендердің батасын алдық. Кешке қарай жолаяқ жасап өз компаниямызбен отырып, бір түнді екі бөліп жүрмейік деп, таң атқанша біздің үйде болдық.



Вьетнамға шығарып салу сәті. п.Ералиев. 14-ші км.

Ертемен бізді барлық достарымыз Ералиевтен 14 км. жерге дейін шығарып салды да, біз сол жерден Шевченконың аэропортына кеттік, қалғандары ауылға қайтты. Біз Шевченко қаласының аэропортына келсек, Сыдиық біздің алдымызда күтіп тұр, «қалай келдің» деп сұрасақ, күледі «сіздерді осы жерден шығарып салайын деп ұшып келдім» дейді. Мен Герекенді Москвадағы Шереметьево аэропортына апарып салдым, ол әрі қарай кетті, мен ауылға қайтып келдім.

Ол кезде Вьетнамға ИЛ-61 деген самолет Москва-Тбилиси-ЭльКувейт-Дели-Рангун-Вьентьян-Ханой деген маршрутымен ұшады. Геройдың соңынан жазған хатынан білдік, сол күні бұлар мінген самолет Москвадан екі сағат кідіріп ұшыпты. Бұндай кешігіп ұшуының себебі, Геройлармен бірге Вьетнам республикасының шақыртуымен ұшқыш-космонавт Герман Титов ұшу керек болған, ол кешіккен соң самолетті кідіртеп қойған екен.

Сол маршруты бойындағы Эль-Кувейттің аэропорты Герекенге қатты әсер қалдырған. «Өте бай ел екені аэропортынан-ақ көрініп тұрды. Ішіне кіргенде бір фантастикалық әлемге енгендей болдық, «біздің ел сондай дәрежеге қашан жетер екен» дейтін. Содан бері 40 жылдан астам уақыт өтседе бізде еш өзгеріс жоқ, орыстар айтқандай «а воз и ныне там».

Вьетнамға барған соң бір айға дейін хаттары кідіріп, алдыңғы жазған хаттары келмей, тек үшінші жазған хатын алып көңіліміз орнына түсті. Хат кідіргесін ана жақта ол, мына жақта біз уайымдап мазасыздандық. Өзі «Вьетнамға кеткенше 4-5 ай бойы бәрімізді КГБ-ның адамдары қайта-қайта тексеруден өткізіп, сұрақтың астына алып еді» дейтін еді. Артынан біздің түсінуімізше Геройдың алдыңғы хаттарының кешігуі сондай себептерден болуы керек сияқты. Әйтпесе соңынан бір жұмада бір хат алып тұрдық.

Геройдың артынан төрт айдан соң мен кеттім Вьетнамға. Балалар, Роман, Дина және Романнан бір жас үлкен менің сіңлім Ильяна тағыда енемнің қолында қалды. Сіңлім Ильяна Шоңайда бастауыш мектепті бітірген соң, әрі қарай оқуын біздің қолымызда жалғастырып жатырған болатын.

Мен Москваға жиналып жатқан уақытта, досым Жұман келіп «сені Москваға менің сіңлім Тойған шығарып салсын, қазір ол демалыста жүр ғой» деген соң, екі билет алып, Москваға Тойған екеуміз ұшатын болдық. Бұл 1978 жылдың февраль айының аяқ жағы болатын. Екеуміз Шевченконың әуежайына келсек, алдымыздан бір алпыстар шамасындағы әйел адам қарсы келіп, Тойғанмен амандасып жатыр. «Мына кісі кім» деп сұрасам «біздің үйде тұратын көрші кемпір, ол да Москваға бізбен бірге барғысы келеді, бірақ қолында билеті жоқ» деді. Біз тіркеуден өтіп әуежайдың күту залында отырсақ, жаңағы кемпір «бір билет табылды, сіздермен бірге ұшатын болдым» деп мәз болып келіп тұр.

Москваға ұшағымыз келіп қонғанда, кеш болып кеткен еді, әлгі кемпір «енді қайда барамыз, әлде әуежайда отырамыз ба» деп сұрайды. Бізбен бірге таксиге отырып «Зарубежгеология» тресіне келіп, вахтерден бізге арнап қалдырған қонақ үйдің жолдамасымен менің Вьетнамға ұшатын билетімді алып, сол таксиімізбен «Останкино» қонақ үйіне келдік. Біздің жолдамамыз екі адамға жазылғандықтан, Тойған екеумізге төрт адамдық номерден орын берді, екі кісілік бос номер жоқ деп, ал кемпірге орын жоқ деді. Біздің өтініп сұрағанымызға «фойеде қарайған адам күтіп отыр» деп администратор ұрсып тастағасын ол кемпір сол жерде қалып қойды.

Тойған екеуміз жоғарға көтеріліп, номерімізге орналасып, жуынып-шайынып алғаннан кейін төмендегі кафеден тамақ ішейік деп келсек, кемпіріміз киімін өзгерткен, орамалды тастап, шашын өріп қоя берген, мәз болып алдымызда кафеде отыр. «Маған екі адамдық номерден орын берді» дейді, кемпірдің бұнысына біз аң-таң болып, не дерімізді білмей Тойған екеуміз бір-біріміздің бетімізге қарадық та қойдық.

Ертесіне тамағымызды ішіп алып үшеуміз дүкендер аралап кеттік, мен өзіме алып кетуге керек нәрселерді іздестірдім. Вьетнамдағы адамдардың сұраған заттарын алып шығып тұрсам, әлгі кемпір «мен де бір заттар алайын деп едім, сендер бір біріңе жақындап пальтоларыңның етегімен мені жауып тұрындар» деп, көйлегінің етегін көтеріп, оның астындағы жемпірдің қалтасын түйреп қойған түйреуішін шешіп, ақшасын алып жатыр. Өзі ешкім көріп тұрған жоқ па дегендей жан-жағына қарап қояды, оны көріп Тойған екеуміз ішек сілеміз қатып күліп жатырмыз. Сонымен үшеуміз кірген дүкеннен Тойған екеуміз күліп шығамыз, өзіміз бір жағынан ұялып жүрміз,

ол кісінің қиналатын түрі жоқ «кілем сататын дүкен қай жерде екен» деп сұрап қояды.

Сол күні кеште, олар мені Шереметьево әуежайына апарып салды, мен таможнядан өтіп әрі қарай кеттім, олар қонақ үйге кетті. Соңынан сұрастырсам, ол кемпір әр жерден кілем әкеліп сататын саудагер екен. Ол кезде кілемді талонмен беретін еді ғой, сөйтіп ол Москвадан кілемдер сатып алып, Тойғанмен бірге Шевченкоға қайтып келіпті.

Мен таможнядан өтіп жатып, Вьетнамға бара жатырған РИТС-2-де моторшы болып істеген Зеленский Николай деген орыс жігітті кездестірдім. «Зарубежгеология» екеумізге билетті бірге алған ғой, екеуміз бірге ұштық, орындарымыз да бірге болды.

Ол кезде Вьетнамға ИЛ-62 ұшағы қатынайды. Бұрынғыдай сегіз қала арқылы ұшпай, 1978 жылдың январь айынан бастап Москва-Бомбей-Ханой маршрутымен ұшатын болды. Бізбен бірге сол жолы Вьетнамға біраз кубалықтар және поляктар кетіп бара жатты.

Ұшақ көтерілгеннен кейін стюардессалар әртүрлі сусындар, шырындар, чай, кофе, арак, коньяк, виски алып келді, сосын артынша тамақ алып келді. Сонда бірінші рет банан жедік, біздің қазіргі жеп жүрген банандарымыздан әлдеқайда дәмді, сап-сары, жұп-жұмсақ, ауызға салып шайнамай жұта беруге болатындай еді сол банан. Сол ұшақтың үстінде папайя деген фрукт жеп көрдік, дәмі сары қауынмен асқабақ дәміне ұқсас, өте тәтті, ортасындағы дәні кішкентай және қап-қара.

Ұшаққа отырғасын жылынып, түрлі сусындар ішіп, тамаққа тойған кубалықтар, музыкалық аспаптарында ойнап, ұшақ ішінде тұрып алып самба ма, румба ма, білмеймін, әйтеуір өздерінің билерін билеп, өлең айтып Бомбейге жеткенше концерт қойып келді.

Түнгі Бомбей қаласының үстінен қарағанда кинодан көргеніміздей жарқ-жұрқ етіп тұрды. Біз келіп қонғанда түнгі сағат екі болатын, сыртта ауаның температурасы плюс 24 градус болып тұр екен, ал біз Москвадан ұшарда қақаған аяз, 28 градус суық, қар қалың, жүргенде сықырлап тұрған болатын.

Біз болсақ Москвадан ұшқанда үстімізде пальто, басымызда бөрік, аяғымызда етік киіп самолетке отырған едік қой. Енді Бомбейдің әуежайына шығу үшін сырт киімдерімізді шешіп жеңілденіп, аяқ киімдерді ауыстыратын мүмкіндік болмаған соң, етіктерімізбен жүре бердік. Бір жақсысы әуежайдың ішінде кондиционерлер істеп тұр екен. Сол кезде Бомбейдің әуежай қызметкерлері забастовка жасап, басқа елдердің ұшақтарын қабылдамай, тек Кеңес Одағының ұшақтарын ғана қабылдап жатқан мезгілге тап болдық. Сол жерде бірінші рет «платный» туалет дегенді көрдік, іші тап-таза, туалеттің

бачогі айнадай жарқырап тұр, қол жуатын «умывальник» кнопкалы, қасында қол кептіргіш бар, сабын мен салфетка да бар, бұлардың барлығы ол кезде біз көрмеген заттар еді ғой. Айналама қарап таң қалып, енді туалеттен шығарда ақша төлейін десем, біздің рубльді алмайды, доллар сұрайды, ол менде қайдан болсын. Ол кездегі Кеңес одағының адамдарында доллар болмайтынын білетін шығар, ақы алатын адам жағдайымды түсінген болып, үндеместен мені шығарып жіберді.

Бомбейдің әуежайы өте үлкен, түннің ортасы болса да бутиктердің бәрі ашық, жұмыс жасап тұр. Николай екеуміз бутиктерге кіріп бірдеңелер сатып алайық десек, ешкім рубльге ештеңе сатпайды. Сонымен тек көзімізді суарып, тауарларды көріп өттік. Сол жердегі бір бутиктерден шетіне фашистердің свастикасы салынған орамалдар көрдік. Бұған таң қалып «мынау не» деп Николайдан сұрасам, олда аң-таң, білмейді. Соңынан Вьетнамға барғаннан соң Геройдан сұрасам «ол свастика емес, ол Будданың белгісі» деп түсіндірді. Расымен де ондай белгілерді соңынан экскурсияға барып жүрген кезде Будда пагодаларынан көптеп кездестірдік.

Ұшағымызды заправка жасап, ішіндегі тазалық жұмыстарын өткізіп болғанша, екі сағаттай уақыт өтіп кетті, сол уақытта бізбен бірге ұшып келген бірнеше адам бутиктерден сауда жасағанын өз көзіммен көрдім. Бір қызығы бір адам да сатып алған заттарын қолдарына ұстап шыққан жоқ. Ұшаққа отырғызу үшін біз тағы таможнядан өттік, ер адамдар бір жерден, оларды кәдімгі біз үнді киноларынан көріп жүргендей форма киген офицерлер, ал әйелдер басқа жерден, оларды сари киген әйелдер тексеріп жатты. Сарилерінің түсі ер офицерлердің киімінің түсімен бірдей. Таможня мен паспорт тексеруінен өтіп, ұшаққа апаратын автобуска отыратын есіктің алдында адамдардың бағанағы бутиктерден сатып алған заттарын, бір жігіттер әдемі пакеттерге салып, жолаушыларға рахметтерін айтып, қолдарына ұстатып жатты. Бұл да біз бұрын көрмеген жағдай болды. Сол түні Бомбейдің әуежайында бізден басқа жолаушылар болған жоқ. Бірақ далаға шыққанда, аэродромның шет жағында тізіліп тұрған түрлі авиакомпаниялардың ұшақтарын көрдік.

Сапарымыз әрі қарай жалғасты. Жолаушылар жайғасып отырып алғасын сусын, ішімдіктері мен тамағын ішіп алған адамдар тағыда ұйқыға кетті. Кубалықтар да тынышталып қалды, бірақ менің ұйқым келмей, иллюминаторға қарап ойға шомып отырдым. Сырттағы қараңғыда ұшақтың шамдарынан басқа ештеңе көрінбейді, бір мезетте бір керемет көрініс көрдім, қып-қызыл шоқтың үстінде тұрған дөп-дөңгелек, кішкентай сап-сары күн, қараңғыны жарып, сәулесін шашып, біз жақындаған сайын үлкейіп, көтеріліп келе жатты. Шыққан күннің бұндай әдемі болып көтерілгенін қайтып көрген

емеспін. Күннің шығуы жерде де әдемі көрініс қой, бірақ сол ұшақ үстіндегі Азияның оңтүстік шығысындағы күннің шығу көрінісі әлі күнге есімнен кетпейді.

Сағат ондар шамасында ұшағымыз Ханойдың әуежайына келіп қонды. Ешқандай таможня деген жоқ, ұшақтың қасына машинасымен келіп Герой мені күтіп алды. Николай екеуміздің үстіміздегі қысқы киімдерімізді көріп біраз күліп алды. Геройдың күлетін жөні бар екен, далаға шықсақ, күн жып-жылы жайма шуақ, өздері тек костюммен жүр.

Ханой Вьетнам Социалистік Республикасының астанасы. Ал Ханойдың сол кездегі әуежайы біздің Шевченконың әуежайы сияқты екі этажды ескі ғимарат. Әрине әуелі француздармен, артынан Америкамен соғысу вьетнамдықтарға оңай соқпағаны түрлерінен, киген киімдерінен, ішкен тамақтарынан көрініп тұратын еді.

Николай екеумізді Героймен бірге посольствоның кадр жөніндегі орынбасары Әуелбеков Қанапия деген кісі күтіп алды. Ол ҚР Геология министрлігінде қызмет істеген адам, Алматының қазағы, жасы қырықтар шамасында. Николайды бір машинамен қонақ үйге жіберіп, өзі бізбен бірге келіп, қонақ үйге орналастырды. Бөлмеге кіріп мен қысқы киімдерімді шешіп, жеңілденіп, жуынып-шайынып болған соң, Герой екеумізді «біздің үйге қонақ болып кетесіңіз, жеңгенізге тамақ әзірлетіп қойдым» деп үйіне алып кетті. Мен Москвадан әкелген кәдімгі «ржаной» қара нан, селедка, сосын кильканың банкасының ішіне салынып, жабылған қара уылдырықты алып барсақ, жеңгей дастархан жасап күтіп отыр екен. Вьетнамға шығарда Форт-Шевченкодағы балық зауытынан оншақты банка қара уылдырық алдырғанмын. Менің әкелген тамақтарымды көріп қатты қуанды, сосын үшеуі отырып қара нан мен селедканы соғып алып, уылдырыққа тиісті. Жеңгейдің әзірлеген тамағын мен ғана жедім. Қазақша сөйлескенді, елді сағынғандары көрініп тұрды, мені әңгімеге тартып ананы-мынаны сұрап сұрақтың астына алды. Тамаша отырыс болды.

Біз қонақ үйге келе жатқанда Герекең маған «үйлердің ішінен жәндіктер көрсең қорқып кетпе, олардың зияны жоқ» деп ескерту жасады. Айтқандай-ақ бөлмемізге келіп жарықты жағып қалғанда, алдымыздағы қабырғаға жабысып кішкентай шегіртке тұр, мен қорыққанымнан секіріп кереуеттің үстіне қалай шығып кеткенімді байқамай да қалдым. Герой күледі «мен саған жаңа ескерттім ғой, бұл шегіртке «гиккон» деп аталады, қорықпа, «они местные жители, олармен әлі талай кездесесің» деп, шегірткені ұстап алып «иди гуляй» деп далаға шығарып тастады.

Ол жерде маса сияқты шағатындар көп болғандықтан, қайда барсақта әр жатын бөлмеде кереуеттің үстінде масаханалар бар. Күндіз оларды

көтеріп, түнде түсіріп, төбедегі вентиляторды қосып қояды екен. Гикконнан қорыққаннан мен сол масахананың ішіне кіріп алып, шығуға қорқып біраз отырдым.

Масахананың ішінде отырып бөлменің ішіндегі мебельге көзім түсті. Тумбочкалары, столы, орындықтары өте әдемі, өрнектеліп ағаштан жасалған. Біздің елдегі «импорттық» гарнитурларымыз олардың мебелимен салыстыруға келмейді. Столдың үстінде бір шай сервизімен екі стакан және бір термос тұрды. Термос неге керек деп сұрағанымда, «краннан ағып тұрған судан ішуге болмайды, тек қана термостағы суды ішу керек. Мұхиттың балығын да жеуге рұқсат етпейді, өйткені соғыста американдықтар биохимиялық қару қолданған, сол себепті аурудан сақтану үшін біздің дәрігерлер осындай қатаң сақтық шараларын енгізген. Дәрігерлердің тәртібін сақтау керек» деп түсіндірді Герекең.

Таңертең есіктің алдына екі термос қойып кетеді екен, бірі шайға, екіншісі күріш салып бұқтырып жеу үшін. Біз термостарды алып, ауылдан алып келген үнді шайын демдеп, тамақтанып, Геройдың жұмыс жасап жатқан қаласы Тхай-Биньге жол тарттық.

Вьетнам туралы айтар болсам, ол екіге бөлінген. Солтүстік Вьетнамның астанасы - Ханой, бұл мемлекет Вьетнам Социалистік Республикасы деп аталады. Оңтүстік Вьетнамның астанасы - Сайгон, ол - Вьетнам Халық Республикасы деп аталады. Біз солтүстік Вьетнамда болдық, бұрын француз колониясы болған, олардан елін азат етіп, өздерінің тапқырлығымен және еңбекқорлығының арқасында бостандыққа ие болған халық.

Француз армиясын қоршауға алу үшін мыңдаған километр жер асты жолдарын қазып, барлық қару-жарақты велосипедпен тасыған, жер астынан шыққан топырақты да велосипедпен шығарған. Сол жер асты жолдарын француз әскерінің штабы орналасқан алаң ортасына дейін әкеліп, сыртынан шабуыл жасау үшін вьетнамдықтар әскерінің жартысын, қару-жарағын велосипедпен тауға шығарып тыңғылықты дайындық жасайды. Әбден дайын болған кезде бір түнде француз әскерін қоршап, бас қолбасшысымен қоса тұтқынға алады. Осылайша жанқиярлық еңбек пен ерліктің арқасында француздар бодандығынан құтылып бостандық алады.

Сол қазған жер асты жолдары Америкамен соғысқан кезінде де пайдаға асады. Америка әскерінің есін шығарып, күтпеген, ойламаған жерден шыға келіп, шабуыл жасап, Америка әскерін қырып-жойып, көзді ашып-жұмғанша қайтадан жерге кіріп жоқ болып кетеді екен. Соңынан американдықтар вьетнамдықтардың тұтқиылдан шабуылдап, бір мұрсатта жоғалып кету себебін түсініп, олардың жер асты жолдарының картасын іздейді, бірақ еш

жерден, ешкімнен таба алмайды. Вьетнамдықтардың артынан қуып жер асты жолына түскен американдықтар қайта шығарға жол таба алмай, сол жердің астында қалып қояды екен. Сөйтіп мұздай қаруланған Америка әскерін вьетнамдықтар Кеңес одағының қару-жарағының арқасында жеңіп шыққан. Біздің елдің оларға көмек ретінде берген ескірген қаруы, бомбардировщиктері, әскери техникасын Вьетнам музейінен көрдік.

Қалаларының архитектурасы француз мәнерінде, сұрғылт тастардан салынған ғимараттар. Онша биік емес, және қытай үйлері сияқты шатырларының шеті мүйіз сияқты жоғарыға дөңгелектене көтерілген ғимараттар. Көшелерінде светофор жоқ, көшелердің қиылыстарының қас ортасында, дөңгелек подставкада регулировщик қыздар тұр, үстеріне ақ форма киген. Формалары, көйлек, юбка, фуражка, қолғап, белдерінде белбеу, ауыздарында ысқырық, қолдарында ала таяқ. Ол қыздардың жұмыс істегендерін көргенде, әр қимылын көріп жан сүйсінеді, әрі тез, әрі өте әдемі, тұрған бір автомат деп қаласың, арасында біз сияқты аузын ашып жүргендерге ысқырып, таяғымен жолды нұсқап жібереді. Жол жүрушілер, ылғи ағылып келе жатқан велосипедшілер, мопед пен мотоцикл айдайтындар. Көшелерінде автокөлік өте аз, жарқыраған иномаркаларды көрмедім. Машиналар да велосипедтің жылдамдығымен жүріп отырады, өйткені велосипедшілер машинаға жол бермейді, ал машина оларды арт жағынан соқса, шофер қатаң жазаға тартылады. Ара-арасында машиналар велосипедшілерді басып озатыны сирек те болса болады, бірақ машиналар әбден озып өткенше «памп-памп» деп сигналын басып өтеді.

Герекеңнің машинасы кәдімгі өзіміздің бастықтардың мініп жүрген УАЗ көлігі. Кеңес одағынан келген бас мамандардың бәрінде бір-бір УАЗ көлігі болды. Көлік жүргізушілері вьетнамдық жігіттер, бір жағынан оққағар міндетін атқарса, екінші жағынан жүргізуші.

Ол кезде Вьетнам американдықтарды жеңіп, жерлерін қираған самолеттердің сынықтарынан, қару-жарақтың қалдықтарынан тазалап, қираған ғимараттарын қайта тұрғызып жатқан уақыты болатын. Адамдары өте кедей, үстеріне киетін киімдері өте жұпыны, әйелдері ақ матадан тігілген ер адамдардың көйлегіндей көйлек, қара сатин шалбар, бастарында бамбук соломкасынан жасалған конус шляпа киеді. Ерлердің киімі, көйлек, шалбар, бастарында каска сияқты қалпақ. Ерлердің де, әйелдердің де аяқтарына киетіндері «хо ши минка» деп аталатын, машинаның дөңгелегінен кесіп істелген резина сланцы. Жасы да, кәрісі де солай киініп жүреді. Адамдары кішкене бойлы, өте арық, түрлеріне қарасаң бәрі жап-жас көрінеді. Біздің адамдар сияқты қарны қампиған еркек көрген жоқпын. Өте еңбекқор халық. Халқы тамақты карточкамен айына бір рет алады, нан дегенді білмейді,

негізгі тағамдары күріш. Анда-санда нанның орнына үлбіреген жұп-жұқа күріштен істелген шелпек жейді. Кеште бір термосқа күріш салып бұқтырып қойып, таңертең бір кесесін жеп, көк шайларын ішіп жұмыстарына кетеді. Әрине, банан тегін, жол бойында теректерде өсіп тұр, кокос пальмалары да солай. Көкөніс жетерлік, жеміс жидектің неше түрі бар. Дәрігерлердің рұқсат етпегеніне қарамастан біздер банан, папайя, ананас сияқты фрукталарды жедік. Көзіміз көріп, қолымызға ұстап тұрып жемеуге бола ма.

Шөп-шөңгенің түрі бар. Вьетнамдықтар тамақтарына әртүрлі шөп-шөңгелерді түрлі соустарымен қосып жеп жатады, бірақ біз қорқамыз жеуге. Соус демекші, вьетнамдықтардың бір ерекше соустары бар, балықты бочкаға салып, бетін жауып, күннің көзіне қойып шірітіп, біраз уақыттан кейін сұйығын құйып алып, соус ретінде барлық ресторандарда береді. Өздері осы соусты өліп-өшіп тамаққа қосып жейді. Ал біздерге ондай соусты тамаққа қосып жемек түгілі, шіріген балықтың иісінен ол ресторанның маңынан жүру мүмкін емес.

Герекең әуелден шөп-шөңгені жемейді «я тебе не козел, чтобы траву кушать» деп. Пісірген борщтың тек сорпасын ішіп, капустасын тарелкесінде қалдыратын, голубцы болса ішіндегісін жеп, сыртын сол күйі қалдыратын.

Ханойдан шыққаннан Тхай-Биньге дейін, әуелі велосипедшілердің артынан, соңынан далалыққа шыққасын буйвол жеккен арбалардың артынан жүріп отырдық. Сол кездің өзінде жолдары теп-тегіс асфальт, бірақ өте тар, жолдың екі жағы бірдей егістік, күріш егуге дайындап қойған төртбұрыш чектер(алаңқай), іші суға толы, орталарынан арық жүргізілген. Чектердің ішінде, шалбарларының балақтарын тізеден жоғары түріп алып әйелдер күріш егіп жатты. Күріш деген судың ішінде өсетін дақыл екен. Экскурсияларға кетіп бара жатқан, қайтып келе жатқан уақыттарда көргеніміз, чектер әрдайым суға толып тұрады, азайып кетсе арықтан суарып жатады. Күріш піскен уақытта орып алып, асфальт жолдың үстіне жайып тастайды. Осылайша жолмен әрі-бері жүрген көліктердің дөңгелегінің астында күріш сабағынан бөлініп, тазарып қалады екен. Содан соң күріштерді сыпырып салып алып, сабанын тастайды екен. Кейбір артельдер күрішті жинап алып, артельдің ауласына апарып жайып, үстінен асфальт катогы сияқты техникамен жайылған күріштің үстінен әрлі-бері жүріп тазалайды екен. Осылайша олар жылына екі рет күріштен өнім жинайды да, қалған бір маусымды бақша дақылдарына береді.

Кейбір жолдардың қиылысқан жерлерінде кәдімгі дзоттар әлі тұр, бұл жерлерде соғыс болғанын осыдан-ақ білуге болады. Әскери адамдар тиеген машиналар өтсе ғана велосипедшілер мен өгіз арбалар ығысып жол беретінін білетін біздің жүргізушіміз сондай колоннанның артынан ілесіп біраз жолды

жақсы жүріп өттік. Жолшыбай ананас плантациясының тұсынан өттік. Мен бұрында ананас деген үлкен теректерде өсетін шығар деп ойлайтын едім, ол биіктігі жерден бір метрдей ғана кустарник болып өседі екен. Бір жерлерде биік теректерді көрдік, қауынның үлкендігіндей, сырты бүршік-бүршік жемістері бар, бұл ағашты «дынное дерево» деп атайды екен. Басында кокостары толып тұрған биік пальмалардың қасынан да өттік. Ханойдан Тхай-Биньге жеткенше мен Геройды сұрақтың астына алып «мынау не, неге бұлай, мынау кім, не істеп жүр, маймылдар бар ма, тағы қандай жануарлар бар» деген сияқты сұрақтарды жаудырып, миын шіріткен болуым керек, әрі беріден соң «вот поживешь здесь, все узнаешь сама» деп тоқтатты мені. Тхай-Биньге кешке қарай жеттік. Жігіттер жұмыстан келіп, тамақтанып, сыртқа волейбол ойнауға шығайын деп жатыр екен. Олар бізді көре сала «Герой с супругой приехал» деп шулап, бәрі қонақ үйдің төменгі этажындағы фойеге жинала қалды. Ол кезде елден кім келсе де солай қарсы алады екен. Себебі, Кеңестер одағынан келетін адамды қарсы алу үшін Ханойға барған адам елшіліктің дүкенінен бірнеше шөлмек ақ арақ, балық консервілерін ала келу дәстүрге айналыпты. Герой да сөйтіп «Столичная» «Особая» деген арақтар алып келіпті, тағы басқа керекті заттарымен қоса. Ал мен болсам елден қара нан мен селедка алып келгенмін, осылардың барлығы бір-бірімен жараса кетті, жігіттердің барлығы біраз у-шу болып қауқылдасып қалды. Ол кезде Тхай-Биньде тек екі қазақ семьясы болды, Герой екеумізден басқа Игизов Ғазиз бен Камшат дейтін ерлі-зайыптылар болды. Олар Шымкент облысы Тоғыз дейтін поселкеден екен. Ғазиз ауылындағы бір экспедицияда бұрғышы болып қызмет істеген екен, Вьетнамда да бұрғышы болып жұмысты вахтамен істейтін болып шықты. Екеуі де бізден жас, менің келгеніме Камшат қатты қуанды «ылғи орыстар, хохолдар, жүрегіме түсті» дейді. Айтса айтқандай, біздің экспедицияның адамдарының көбі Львов геологиялық экспедициясының адамдары, Калмыкиядан бір отбасы, Евпаториядан бір отбасы, Джанкойдан бір отбасы, Астраханьнан және Ставрополь аймағынан бір-бір отбасы болды. Тұратын қонақ үйіміз төрт қабатты, кәдімгі Кеңес елінің ғимараттарындай. Түсінігімше, біздің архитекторлардың проектісімен, біздің құрлысшылар салған болуы керек. Қонақ үйіміздің ішіндегі сантехника, сыртындағы материалдардың бәрі біздің елдікі екені көрініп тұр. Ол заманда Кеңес одағының материалдары, әсіресе электротоварларының сапасы жоғары болып келеді екен.

Қонақ үйде екі бөлмелік номерлер мен бір бөлмелік номерлер бар екен. Герой екеуміз екі бөлмелік номерде тұрдық, бір бөлмесі жатын, екіншісі ас үй болды. Мен Москвадан электроплитка, электрокипятильник сатып алғанмын, оным өте жақсы болыпты, енді тамақты іштен өзім пісіретін

болдым. Төменгі қабатта үлкен ресторан, наубайхана, буфет бар. Ресторанның шефповары Москвадағы «Прага» ресторанының шефповары болып істеген жігіт, тамақтары өте дәмді болады. Екеуіміз кейбір кездері ресторанға да бара қоямыз. Ресторанның тамақтары тек Кеңес одағынан әкелінген, тамақтардың барлығын дәрігерлер қатаң тексереді де, тек консервіленген сүт Вьетнамдікі(буйволдың сүтінен жасалған сгущенка), қоп-қою, шайға әдемі түседі. Нанды жоғарғы сорт ұннан, кішкентай батон жасап өзіміздің наубайханада пісіреді. Күнде ыссы батон аламын, желінбей қалған нанды, көгеріп кетпеу үшін горничный қыздарға бере қоямын, олар мәз болып алып кетеді. Кейбіреулер галереяға шығарып қояды, ал хохол қатындар нанды көгертіп алып, мусор шелекке тастайды, оны көрген горничныйлар ренжиді. Хохол қатындардың нанды осылайша қорлағандарын горничный қыздар келіп Камшат екеуімізге айтады, бізді өздеріне ұқсас, жақын көреді. Камшат екеуіміз сосын хохол қатындарға түсіндіріп айтуға тырысамыз, содан кейін көпшілігі түсініп нанды мусорға салмайтын болды. Бірақ араларында айтқан сөзге құлақ аспайтындар да кездесті, соларға кейде Камшат ашуланып қатты-қатты айтып, «енді мусорға нан тастайтын болсаңдар оңдырмаймын» деп жетесіне жеткізіп те жібереді. Бізде женсовет деген ұйым болды, жоғарыдағыдай мәселелерді, түрлі мерекелік шаралар өткізуді, экскурсия ұйымдастыруды барлық әйелдер болып бірлесе отырып ақылдасып шешеміз. Төмендегі буфет күндіз-түні ашық, Вьетнамның «Ля мой» деген арағы мен сыралары толып тұр буфетте. Буровик қай жерде де буровик, демалыс күндері арақсыз жүре алмайды, әсіресе жалғыз бастылар. Кейбір жігіттердің «Ля мойға» тойып алып жұмысқа шыға алмай жатып алатыны да жиі болмағанмен кездесті. Жігіттерге сөз келетін ондай жағдайларда әйелдер медбикелермен сөйлесіп «ауырып қалғандықтарына» анықтама жаздырып алып, жігіттердің жұмысынан қалмауына ықпал жасап та жүрдік. Жұмыстан соң Герой мен Ғазиз үйде болса кешкі асты төртеуіміз әңгімелесіп отырып бірге ішеміз. Бір күні бес-алты вьетнамдық жұмысшы жігіт Геройды іздеп келді, қолдарында бананның үлкен кисточкасы бар. Олармен сөйлесуге біз тіл білмейміз, не айтқандарын түсінбедік, тілмәшіміз сол күні бір жаққа кетіп қалған еді. Геройды сұрағандарына қарағанда, біздің номерге келгендеріне қарағанда, не болса да бізге әкелген зат екенін түсіндік. Вьетнамдықтардың әкелген банандарынан Камшат екеуіміз азғантай бананды Герой мен Ғазизге қалдырып, қалғанын әйелдерге бөліп бердік. Кешке төртеуіміз тамақтанып болған соң, екеуіне банан әкеліп бердім. Бұл банандарды вьетнамдықтардың әкелгенін, және оны жұртқа бөліп бергенімізді айттым. Сол жерде Ғазиз маған қарап «жеңеше, мен бірінші рет қалай банан жегенімді айтып берейінші» деді де ыңғайланып отырып алып

әңгімесін бастап кетті: «Москвадан ұшып шыққаннан кейін стюардессалар тамақ әкелді, подностың үстінде тамақтардан бөлек банан да жатты. Тамақтанып болып бананды қолыма алып қарадым, тістеп көріп едім, жұмсақ әрі тәтті екен, содан әлгі бананды қабығымен қоса түгел жеп қойдым. Өзіме таныс емес жеміс болғасын жемей тұрып айналама абайлап қарап, білетін адамдардың қалай жеп жатқанын қарамаппын да ғой мен надан. Әбден жеп болғаннан соң жан-жағыма қарасам, жұрттар бананның қабығын подностың үстіне салып қойыпты. Бананның қабығы болатынын, жеудің алдында оның қабығын сыдырып алатынын мен біліппін бе өмірімде. Жұрттың банандарының қабықтары подностарының үстінде тұрғанын көріп мен өзімнің надандығыма ұялып жан-жағыма алақтап қарап отыр едім, менің артымда отырған жігіт өзінің артындағы адамға бұрылып әңгімелесіп отырғанын байқадым. Дереу жып еткізіп сол жігіттің бананының қабығын ұрлап алып өз подносыма сала қойдым, сосын дым білмеген, дым көрмеген адамға ұқсап отыра қалдым» деп біздің ішек-сілемізді қатырып күлкіге қарқ кылды. Ғазиздің әңгімесіне сол күні ұйықтағанша күлдік, есіме түсіп кетсе әлі күнге дейін күлемін. Сол жерде «жақсы, сен қабығын жеп қойған екенсің, біреудің қабығын ұрлап нең бар еді» десем, «стюардесса келіп қабығы қайда деп сұраса не айтам деп қорықтым, бірақ олар ана жігіттен де қабығын сұрамады» дейді Ғазиз күліп. Сөйтіп жүріп Кеңестер одағының «дым көрмеген надан байғұстары» барып шетелдің адамдарын бір нәрселерге үйретіп келді ғой. Біздің «дым көрмеген надан бұрғышылар» буровойдың жұмысын жақсы білетін сияқты, себебі вьетнамдықтар Ғазизді жақсы көретін.

Мерекелерде вьетнамдық экспедициясының басшылығы Кеңес елінен келген мамандарды өзіміздің ресторанда қонақ қылатын да, біздің жігіттер мен қыздар ұйымдасып концерт қоятын еді. Мен сондай үш мерекеге қатыстым. Экспедиция басшылығы салтанатты жиында 8-ші наурыз мерекесімен әйелдерді құттықтап гүл сыйласа, біздің жігіттер ән шырқап құттықтап, соңынан ресторанға шақырып қонақтады. Дастарханды әдемі етіп әзірлеген, тамақ толып тұр, салаттың бірнеше түрі бар, соның ішінде менің көзіме түскені клярда дегені, ол өзгелерден ерекшелеу көрінді маған. Бір қарағанда сұйық қамырға батырып алып, майға қуырылған тауық еті сияқты, бірақ кішірек, екі тармақ, жоғарғы жағы сәл қалыңдау бір нәрсе. Бұл не болды екен деп менюді алып қарасам «лягушка в кляре» деп жазулы тұр, жүрегім айнып кетті. Мен сол столдан бананнан басқа ештеңеге қол тигізе алмадым, қалған қонақтар «такая вкуснятина» деп жанағы қуырылған бақаларды, крабтарды жеп мээ-майрам болып жатты. Менің ештеңеге қол тигізбей отырғанымды көріп, Герекең крабтар аршып, ішіндегі етін шығарып

берді. Краб, креветкаларды қалай жеу керектігін маған Ғазиз үйреткен болатын. Ғазиздің өзі базардан ерінбей барып сатып әкеліп, өзі пісіріп сосын Герекең екеумізді шақырады, әңгімелесіп отырып бір кастрюля креветкаларды шемішке сияқты шағып тастайтынбыз төртеуміз. Ғазиз сондай ақкөңіл, аңқылдаған күлегеш жігіт, ылғи көңілді жүреді. Айналасындағы жұртты да күлдіріп, өзі де күлкіден езуі жиылмай жүретін.

Бірде Герекеңнің белі ауырып 4-5 күн жұмысқа шыға алмай, іштен ем алып жатып қалды. Оны естіген контордағы вьетнамдық инженерлер 3-4 адам болып Герекеңнің халін білуге біздің үйге келді. Біреуінің қолында қорап бар, кіріп аман-сау сұрасып болған соң маған әлгі қорапты ұстата салды. Маған қорапты ұстатқан инженер Москвадағы Губкин атындағы мұнай институтын бітірген, орысша жақсы сөйлейтін, өзі Героймен құрдас жігіт екен. Мен тағыда банан шығар деп ойласам, жоқ, қорап жеп-жеңіл екен. Рахметімді айтып коробканы ас үйге апарып қоя салдым. Вьетнамдықтар кеткесін қорапты ашсам, ішінде оншақты, әрбіреуі алақанның үлкендігіндей жыбырлап жатқан крабтар, сасқанымнан жүгіріп ваннаға апарып төгіп жіберіп, ваннаның есігін жауып қойдым. Не істерімді білмей Камшатқа барып ақыл сұрасам, ол «қысылма, Ғазиз келгесін өзі қатырады» деп мені тыныштандырды. Мен бөлмеме қайтып келіп Геройдың қасына тырп етпей отырып алдым да Ғазиздің келуін күттім. Арасында ваннаның есігіне қарап қоямын, крабтар шығып кетсе не істеймін деген уайымым да жоқ емес.

Ғазиз әдеті бойынша жұмыстан келе жатып Герекеңнің халін сұрау үшін біздің үйге соққан, мен оған ваннаға крабтарды қамап қойып, бара алмай отырғанымды айтып едім «жеңеше, не дрейфь, қазір буфеттен екі литр сыра әкелемін де крабтарды алып кетемін» деді. Сәлден соң крабтарды алып кетуге келді, ваннаның есігін ашып тұрып «жеңеше крабтарың қайда, ваннада ештеңе жоқ» дейді, мен кереуеттің үстінде отырып «сол айналадан кара, мен ваннаның есігін ашқан жоқпын» дегеннен кейін Ғазиз крабтарды швабрамен ваннаның астынан шығарып, бәрін үйіне алып кетті. Біраздан соң әлгі крабтарды қып-қызыл етіп сыраға пісіріп, иісін бұрқыратып, қаужауға дайын қылып алып келді. Бұл крабтар төртеумізге тағы да бір жақсы әңгімелер айтып отыруымызға себеп болды.

Жазғытұрым, март-апрель айларында Тхай-Биньде ауа тып-тымық, үп деген жел жоқ, аспанды бұлттар басып не қар емес, не жаңбыр емес, ауа тұманданып, бір нәрсе сіркіреп тұрып алады екен. Далаға шықсаң үстің ылғал тартып күйсіз жағдайда боласың, ал май айында күн күркіреп, тоқтамастан жаңбыр жауып, жауын шелектеп құяды. Кәдімгі тропикалық тайфундар болып тұрады. Біздің қонақ үйдің фундаменти биік болғандықтан ішіне су кірмейді, ал жергілікті үйлер судың ортасында тұрады. Біздің

адамдарды жұмысқа алып кету үшін машиналар сыртқы есіктің алдындағы биіктеу жасалған арнайы алаңға тақалып тұрып мінгізіп, түсіреді. Сол қарғын судың рахатын ауылдың балалары көреді, кәдімгі көлге жүзіп жүргендей, суға жүзіп, сүңгіп мәз болып ойнайтын. Бірақ бірер күннен кейін әлгінде көл болып жатқан жойқын су ағып кетеді де, айнала құп-құрғақ болып шыға келеді. Мені бір таң қалдырған нәрсе, күннің күркіреп, найзағай ойнауы болды, қанша рет жаңбыр жауып, күн күркіресе де біздің үстімізден емес, оңтүстіктегі бір таулардың арасынан найзағай ойнап тұрғандай болатыны. Бір ғажабы, жалт ойнап, найзағай «шатр» ете түскеннен кейін, бұлттардың арасында қып-қызыл шоқ болып ұзақ уақыт тұрып алады. Сондай көрініс кеште және түнде жақсы көрінеді, бір жағынан қорқынышты, екінші жағынан өте әдемі көрініс болатын.

Демалыс күндері даңғырлаған барабан соғылып, көше бойымен от шашқан айдаһар(дракон) келе жатса, ол біреулердің үйлену тойлары болып жатқанының белгісі. Айдаһардың артында өз ұлттық киімдерін киген қалыңдық пен күйеу жігіт, айналасында, артында тойшылар жүріп бара жатады.

Вьетнамның Нам-Динь, Хайфон, Дананг деген қалаларына, Оңтүстік Қытай теңізінің Вьетнам жағалауындағы Халонг шығанағына бірнеше рет экскурсияға барып, суға шомылып, катермен саяхаттап демалдық. Сол шығанақта бір ғажап мүйіс бар (атын ұмыттым). Теңіздің ортасына сұғына кірген әлгі мүйісте 33 үшкір-үшкір таулар бар да, таулардың үсті кәдімгі құс базары. Құстар шықылықтап, бірі ұшып бірі қонып шуылдап жатты. Суының мөлдірлігі сондай, астында жүзген балықтар көрініп тұрады. Суының түсі бирюзовый, өте сұлу. Тауларды айналдыра джонка қайықтарымен вьетнамдықтар балық аулап жүрді.

Вьетнамның қай қаласына барсақ та биік етіп салған пагодалар болады. Пагодаға кіріп келгенде тақ төрде, сол бөлменің биіктігіндей, қарны қабақтай, беті шара табақтай, малдасын құрып отырған Будданы көресің. Буддалар сары металдан жасалған, жалтырап тұр. Бұл пагодалардың архитектурасы ерекше, айнала әдемі фонтандар, әртүрлі өсімдіктер, көк тасты жарып шығып тұрған биіктігі 20 сантиметрдей теректер. Бұл теректер бонсай деп аталады. Айналасында бір ерекше жағымды иіс болады, барлық жерде аспалы шамдар, хош иісті шөптер жағып қойған.

Хайфон қаласында бір ескі католиктер храмында болдық, сол кезде оның ішінде құлшылық рәсімі жүріп жатты. Храмның монахтары көп екен, құлшылықтары біткен соң біздер ішіне кіріп аралап шықтық. Храм ескі болғанымен өте әдемі салынған ғимарат екен. Француздардан қалған дүние болар, ішінің әдемілігін көріп, аузымызды ашып тұрып қалдық. Біз храмның

ішіне кірген кезде «Аве Мария» әні естіліп тұрды. Сол храмға жақын жерде бірнеше формадағы үлкенді-кішілі пагодаларды көрдік. Олардың архитектуралары бір-біріне ұқсамайды, сол кездерде фашистердің свастикаларын көріп, не себепті Гитлер Будданың белгісін алды екен деген ойға қалғанмын. Жағалаудағы жемчуг өсіретін жерлерін көрдік, шығанақтан кораллдар жинап алдық. Суға түскен мезгілде өздері аяқ астында жатады, үлкенді-кішілі, арасында ашылғандары да, жабықтары да бар. Ракушкалар жинадық, кейбіреулерін құлағыңа тақасаң, теңіздің дыбысы естіліп тұрады. Сол жинағандарымнан біраз коралл, ракушкалар ауылға алып келіп едім, әркім бір сұрап алып кетті, қалғандары ескіріп сынып бітті.

Бірде экскурсияға джунглиге бардық, жолшыбай тірі пілдерді көрдік, неге екенін білмеймін, аяқтарын шынжырмен тұсап, қазыққа байлап қойыпты. Қорқа-қорқа қастарында тұрып суретке түстік. Джунглиден алған әсерім тек қорқыныш қана болды, ну орман, бір теректен бір терекке ілінген лианалар. Әрине орман өзінше өте әдемі. Біздерді бастап алып жүрген экскурсовод шығатын уақытта «ұзын жең киім, шалбар және жабық аяқ киім киюді, бір нәрсе шақса жалаң қолмен ұстамай, таяқпен алып тастауды, бір нәрсені қызықтап қалып қоймауды, әркім өзінің қасындағы адамның қалып қоймауын қадағалап жүруді, орманда улы жыландар, шағатын құрт-құмырсқалар көп екендігін» қатаң ескерткен болатын. Ескертуге қарамастан кейбір орыс әйелдері қысқа жең футболкамен, аяқтарына ашық аяқкиім киіп шыққан, орман ішінде бұтақ тиіп кетседе, тікен кіріп кетседе «ойбай, бірдеңе шағып алды» деп шыңғырып мазамызды алып болды. Олардың ойбайы мен айқайы әдемі табиғатты тамашалауға мүмкіншілік бермеді, көп адам джунглиден ашуланып шықты. Бір жерде, джунглидың ортасындағы ашық алаңға шықсақ, ағаш қадалардың үстіне орнатылған үш-төрт үй тұр, төбелері банан жапырақтарымен жабылған. Сол маңда бірнеше ер адам кеуделері жалаңаш, төмен жағына ұзын юбка киген, орманнан бірденелер жинап жүрді. Экскурсоводтан сұрағанымызда, олар вьетнамдық тайпалардың бірі деп түсіндірді, сол жерде отырып тамақтанып алып кейін кеттік.

Жаздың бір мезгілінде Тхай-Биньде үлкенді-кішілі, түрлі түсті көбелек толып кетті, өте әдемі болып гүлдерге қонып тұрады. Үлкендерінің көлемі адамның екі алақанын қосып тұрғандағыдай, кішкентайлары қолдың ақ тырнағындай ғана. Сондай әдемі әртүрлі көбелектерді жинап алып, ішке әкеліп, инеге түйреп кептіріп, ауылға хат жазғанда арасына салып отырдым. Жіберген көбелектерімді балалар қызықтап қарап, бір альбом жасап жинапты. Ал көбелектерді ең көп ұстаған Динаның екі қолы бірдей аллергия болып іріп кетіпті, бұны көрген енем қорыққаннан альбомды қоқысқа лақтырып тастап, қызын емдетіп алыпты. Одан кейін де көп жылдар бойы

мезгіл-мезгіл Динаның қолы аллергия болып жүрді, бірақ соңынан ақи-тақи құлан таза жазылып кетті.

Түнгі мезгілде ұсақ, фосфорлы заттар сияқты жанып, қараңғыда көзге көрініп тұратын улы көбелек көп болады, денеге тиіп кеткен жері жара болып кетеді. Сондықтан қараңғыда далаға шыққанда міндетті түрде шалбар мен ұзын жең кофта киіп шығамыз. Олар ұшып жүргенде эп-әдемі, жылт-жылт етіп тұрады.

Ханойда Хо Ши Миннің мавзолейіне бардық. Вьетнам азаттық қозғалысының көсемін көрдік. Мавзолейін үлкен, екі қабатты қылып салған екен. Төменгі қабатында мұздатқыштар, жоғарғы қабатында өзі жатыр.

Сол кезде халқы аш-жалаңаш бола тұра, көсемдеріне көрсеткен құрметтеріне адам таң қалады. Мавзолейді сол күйінде ұстап тұру үшін көп қаражат керек болғандықтан, электроэнергия үнемдеу мақсатында, мавзолейге тек шетелдік делегация кіргізіледі, өз адамдарына тек мереке күндері ашық болады.

Хо Ши Миннің бұрынғы тұрған үйін музей жасаған екен, барып таныстық, кітапханасын, саябағын көрдік, бақтағы теректің бәрін өз қолымен отырғызған дейді. Апельсиндері теректің бұтақтарын майыстырып жерге тиіп тұрды. Қасында су жиналған тоған бар екен, ішінде балықтар толып жүр. Келген адамдардың жем лақтырғанына үйренген балықтар, жағаға адамдар келсе бірін бірі басып жағаға келіп жем күтіп тұрады да, лақтырған жемді судың бетіне шоршып шығып, секіріп қағып алады.

Хо Ши Миннің тұрған үйі өте кішкентай, ішінде тек күнделікті пайдалануға керекті заттар ғана бар. Кереуеттің үстінде тек циновка, кішкентай жастық, одеяло болды. Көсем өмірінде жұмсақ төсекте жатпаған адам дейді. Әрине, кітапханасында әртүрлі кітап өте көп жинақталған Карл Маркстың «Капиталынан» бастап, Ф.Энгельстың, В.И.Лениннің, Мао Цзе Дунның, өзінің т.б. қоғам қайраткерлерінің еңбектері және көптеген әдеби кітаптар бар. Бір бөлмеде дөңгелек стол және орындықтар тұр, бұл келген адамдарды қабылдайтын бөлмесі әрі кабинеті екен, тағы бір бөлмесі асхана, бәрі өте қарапайым.

Геройдың негізгі жұмыс орны конторда болғанымен ол ертелі-кешті буровойларға кетіп қалатын еді. Ал әйелдерге істейтін жұмыс жоқ, бос қарап жатқаннан шаршадым, сондықтан алты айдан кейін Герекеңнен рұқсат сұрап, август айының ортасында ауылға қайтып келгенді жөн көрдім. Бұлай істеуімнің бір себебі, балалар жасөспірім болып өтпелі шаққа келіп қалды, оларға қарайтын көз керек болды. Бір жағынан мектепке баратын уақыт болып қалғандықтан балаларды мектепке дайындап, оларға киім-кешек те алу керек дегендей шаруалар бар еді. Сонымен мен Ханой-Бомбей-Москва

маршрутымен кейін қайттым. Сол кезде ғана Ханойдың әуежайында таможня құрылып, тексеріс басталып жатты, ондада тек көп мөлшерде фрукты алып жүруге рұқсат етпейді, басқа еш нәрсеге тиым жоқ. Сол кезде Шереметьево әуежайына басқа елдерден келген шетелдік жолаушылардың қолдарында әдемі пакеттер, сөмкелер, сүйретіп жүретін дөңгелектері бар чемодандар бар болатын. Оларға қараудың өзі бір ғанибет еді, бәрі мәдениетті келіп-кетіп жатырса, біздің рейспен келген адамдардың қолдарында Кеңес елінен алып кеткен чемодандары, сыртынан жіппен байлаған(ол кезде скотч та жоқ қой) түрлі-түрлі қораптары бар қобырап жүруші еді.

Ханойда, бізбен бірге ұшаққа қара костюм, ақ көйлек киген, қолдарында бір-бір дипломат-кейс бар, оншақты вьетнамдық отырған еді. Москваға келгенде олар басқа жолаушылардан бұрын будда монахтарының киімін киіп түсті. Оларды траптың алдына келіп орыс патриархының өзі күтіп алып «Чайка», «Волга» машиналарына мінгізіп алып кетті. Сірә олар бір религия мәселесіне қатысты жиналысқа келген маңызды монахтар болған шығар. Ол монахтарды ешқандай таможнясыз, паспорт тексерусіз алып кетті.

Қонақ үйге келіп, жуынып-шайынып киімдерімді ауыстырайын деп чемоданымды ашсам, екі замоқтың біреуін түбімен жұлып алыпты, тек сыртындағы ремешок ұстап тұр екен. Чемоданымның ішіндегі сол кездегі модный кремплин, трикотин көйлектерім жоқ, қораптарымен духиларым т.б. заттарым да жоқ болып шықты. Сол кезде Куекеңнің арғы-бергі ата-тегін түгелдеп беретін «советская авиациясы» есіме түсіп, тек оны «советская таможня» қылып ауыстырып жібердім. Сұрастырып қарасам қонақ үйдің заттарды сақтау камерасында істейтін әйел «келген адамдардың көбі сөйтіп біздің таможнядан заттарын жоғалтып келеді, не ты первая, не ты последняя» деді. Шевченкоға билет іздесем, не самолётке, не поезға орын жоқ. Жоқ екенін біле тұра бәрібір арқаланып, дорбаланып вокзалға келіп билет іздедім. Осылайша билет іздеп сандалып жүргенімде «Москва-Астрахань» поезына бір билет табыла кетті. Папамдар Астраханьға баратын жолдың бойындағы Шоңай станциясында тұратын болғандықтан, оларға телеграмма салып жібердім «встречайте, буду проездом» деп.

Оларға арнап әкеле жатқан сыйлықтарымды тастап кетудің реті осылайша ойламаған жерден келе қалды. Олар телеграмманы алған бойда ауыл адамдарына хабарлап үлгіріпті. Шоңайдың вокзалына поезд келіп тоқтағанда қарайған адам маған қарай жүгіріп келе жатты, папам-анам, сінділерім, көршілер ... Амандық-саулық сұрасып үлгердік пе, жоқ па, білмеймін, поезд жүріп бастады. Шоңайда поезд бес минут қана тұрады, мен қолыма алып шыққан қорабымды папама ұстатып үлгердім, анам әкелген тамақтарын маған беріп жатыр, осылайша қысқа уақытта у-шу болып

тарадық. Ішке келіп қарасам, кепкен ет, піскен ет, қарынға тыққан сары май, құрт әйтеуір ауылдың тамақтары, сол күні өмір бойы аш жүрген адамша, үйдің тамағын бір тоя жедім. Сондағы анамның бауырсағы мен сиырдың жаңа түскен қаймағының дәміне ештеңе тең келмейді екен шіркін.

Мен Вьетнамдағы біздің елдің елшілігінің дүкенінен папама арнап бір шөлмек бальзам сатып алғанмын, одан бөлек базарлық ретінде оларға қауыншек сияқты етіп өріліп кептірілген банан, консервіленген ананас, неше түрлі суреттері бар соломка кілемшелер, балаларға цукаты, конфеты сияқты тәттілер, т.б. заттар тастап кеткенмін. Асығыс болғандықтан оларға бальзамды бір ас қасықтан ішу керектігін айтпаппын. Олар үйге әкелген бойда жаңағы бальзамды көршілерімен стаканда бөліп ішіп, бананмен закуска жасап «мынау бір керемет нәрсе екен, сразу тер бұрқ ете түсті» деп мәз болыпты. Соңынан сұрасам, қастарындағы адамдар соломкаларды, тәттілерді бөліп алып кетіпті, «алып келген базарлық дәмдеріңнің кейбіреуінен ауыз да тие алмай қалдық» деді анам.

Астраханьға жетпей, Ақсарай деген станциядан түсіп Манғышлак поезына отырып ауылға, балаларыма қайтып келіп, жұмысыма кірісіп кеттім. Герекең бір жылдан аса уақыт бір өзі қалды. Командировкасы аяқталар кезде Вьетнамдағы экспедиция басшылары Геройға контрактысын тағы бір жылға ұзартуға ұсыныс жасапты. Ол кезде экспедициялары Тхай Биньнен көшіп Суан Туи деген қалаға көшіпті. Сол мезгілде қытай әскері қайта-қайта шабуыл жасап, қызмет істеу қауіпті болып, вахталарын жұмыс орнына апару үшін бәрін қаруландырып, қолдарына автомат беріп қоятын жағдайға дейін жетіпті. Соңғы келген хаттардан сондай хабарды естіген енем ойбайын салды «тез ауылға қайтсын, қалуға рұқсат жоқ» деп қадағалап отырып маған хат жаздырып, салып жіберді.

Бұрын Вьетнамда қытайлықтар көп болған, ылғи сауда орындары, дүкендер, тігін цехтары ... бәрінде қытайлықтар қожайын болып билеп алған екен. Бізден бұрын сол жерде жұмыс істеген Кеңес елінің адамдары қытайда өндірілген киім-кешек, фарфор ыдыстарын (әртүрлі сервиздер) сатып алыпты. Қолдарындағы бар алтындарынан қытайларға түрлі зергерлік бұйымдар жасатқан, әр түрлі сувенирлер алған көрінеді. Сол жерде жүрген әйелдердің айтқанын тыңдап Герекең де бір-екі сервиз ғана алып, өзінің екі запонкасы мен сақинасынан екі кулон цепочкасымен және ажурный бір сақина жасатып үлгерген. Американдықтарды жеңген соң, вьетнамдықтар қытайлықтарды да қуып шығыпты. Герой Вьетнамға барған уақытта қытайлықтар вагон-вагон болып тиеліп кетіп жатқан көрінеді. Сонымен қытай әскері әлсін әлі шабуылдап бұрынғы істеген жерлеріне келгісі келсе де

вьетнамдықтар оларды өз жеріне қайтадан кіргізбей, өз жеріне өздері қожа болып қалды.

1979 жылдың октябрь айында контрактысын аяқтап Герой ауылға аман-есен қайтып оралды. Мен, қасымда Шоңайдан келген екі інім бар оны Шереметьево аэропортынан күтіп алдық. Гостиницаға келсек екі орындық нөмерлер бос емес деп Геройға басқа номерден орын берді, Әрі-бері сөйлесіп көріп едік «жок» деп администратор отырып алды. «Жарайды» деп екеуміз екі номерде қонып шығып, таңертеңгі тамағымызды ішіп алғасын «Зарубежгеологияға» баратын болып жинала бастадық. Регистратураның жанында тұрып Герой өзімен бірге келген жігіттерге қарап «нам еще в ЦК нужно зайти, надо узнать время» деді. Сонымен біз кетіп қалдық, трестке бардық, Герекең документтер алып келген екен, соларды тапсырды. ЦК-ға ертесіне баратын болғасын, магазиндер аралап, екі ініммен қыдырыстап, кеште гостиницаға қайтып келдік. Келсек алдымыздан администратор жүгіріп келіп «ваши вещи перенесли в двухместный номер» деп жылып-жылып етеді. Номерге келсек сықиып самовар қайнап тұр, қасында тоқаш, кәмпиттер тұр, магазиндер аралап, қыдырыстап шаршап келгенде, отырып шай ішіп мәз болып қалдық. Администратордың бұлайша құбылуының сырын таңертеңгі Герекеңнің «ЦК-ға бару керек» деген бір ауыз сөзінен болар деп ойладық. Ертесіне Герой расымен де жігіттерімен ЦК-ға барып партбилеттерін алып, жарналарын төлеп шаруаларын тындырып келді. Администратордың тарапынан, Герекеңнің ауызынан шыққан әлгі сиқырлы сөзі «ем» болып, тек қана біз екеумізге ғана емес, қалған жігіттерге де біраз пайдасын, көмегін тигізіпті. Артынан ауылға келгесін де жолдастарымызбен күлуге себеп болып еді-ау бұл жағдай. Герекеңнің бұл сөзі ешқандай да қулықпен, әлдебір пайда көрейін деген ойдан шықпаған еді. Расымен де Вьетнамнан келген жігіттер ЦК-ға барып, шетелге іссапарға кетерде тапсырып кеткен партиялық билеттерін алған болатын. Сол замандағы тәртіп бойынша ұзақ мерзімге шетелге жұмысқа баратын мамандар Орталық Комитеттің арнайы бөліміне партиялық билеттерін тапсырып, іссапарлары аяқталғасын ғана қайтарып алатын еді. Партиялық тәртіп қой.

Екі інімді Астрахань поезына отырғызып ауылдарына жібердік те, өзіміз самолетпен ауылға келдік.



Вьетнам. Халонг шығанағы.



Вьетнам. 1978 ж. Храм Фатзиеме.



Вьетнам. 1978 ж. Джунглиге барар жолда.



Джунглиге барар жолдағы таңғы ас. Сол жақтағы екі адам: Рубан Нелли Петровна мен Боис Григорьевич.



Вьетнам. Тхай-Бинь. 1978 ж. Қонақүйіміз.



Вьетнам. Тхай-Бинь. 1978ж.

Райхан, Құмар-Камшат Игизовтар, Вера-Михаил Черватюктар.



Вьетнам. Суан-Туи. Апрель, 1978 ж.




Вьетнам. 1978ж. Храм Коле.



Вьетнам. 1978ж. Фатзиеме католик соборы.

Вьетнам елінің берген мақтау қағаздары



PHỦ THỦ TƯỚNG

CỘNG HÒA XÃ HỘI CHỦ NGHĨA VIỆT NAM
Độc lập – Tự do – Hạnh phúc

Số... 1533

★

CHỨNG NHẬN

Đồng chí Koukibaev G.
quốc tịch *Liên xô*

đã được Chính phủ nước Cộng hòa xã hội chủ nghĩa
Việt Nam tặng thưởng Huy chương Hữu nghị, theo quyết
định số... 686 - TTg ngày 26 tháng 9 năm 1979

Hà-nội, ngày 26 tháng 9 năm 1979
VĂN PHÒNG PHỦ THỦ TƯỚNG

Ел іші алтын бесік

Герой келгенше мен қасымыздағы жаңа салынған №64 үйден үш бөлмелі пәтер алып, декабрь айына Евпаторияға санаторийге путевка алып қойғанмын. Ол кезде Ералиевте құрылыс өте жақсы жүріп жатты. Жұмысшылардың жатақханасымен біздің бұрынғы тұрған үйдің ортасына бір балабақша, екі қабатты төрт үй жаңадан тұрғызылған болатын. Сол жаңа үйлердің бірінің бірінші қабатынан үш бөлмелі пәтер алдым. Бірінші қабатта болғасын біздің пәтерге ауыз су келіп тұрады, бірақ екінші қабатқа көтерілмейді. Біздің пәтердің дәл үстінде Нұрлыбеков Сатыбалдылар тұрды, олар ауыз суды келетін водовоздан тасиды, кейде жұмыстан үлгермей қалса біздің үйден таситын. Ол үйде Жаксымбетов Сұлтан, Кенжин Сәрсенбай, Рустамханов Рустамхан, Магомедбеков Магомедбек, Денисов деген т.б. көптеген экспедицияның қызметкерлерімен көрші болдық. Кейбір семьялары үлкен адамдарға, екі бөлмелік екі пәтерден берілді.

Герой Вьетнамнан келгенде үш бөлмелі жаңа үйге келді, келген бойда бұрғылау бригадасының бастығы болып жұмысқа жүріп кетті. Декабрьде ол еңбек демалысын алып, екеуміз Қара теңіз жағалауындағы Евпатория дейтін қалаға курортқа кеттік. Путевка 24 күндік, жақсы ем алдық, минералды суымен ванна береді және 37-38 градус ыссы қара балшықпен емдейді. Қай жерің ауырады деп айтсаң болғаны, айтқан жерлеріңнің бәріне ем жасайды.

Белі, аяғы, буындары ауыратын адамдарға өте шипалы. Демалыс сайын Қырымның оңтүстік жағалауындағы Ялта, Севастополь, Алупка деген қалаларға экскурсияға барып жүрдік. Қызықтайтын жерлері өте көп, табиғаты тамаша, әсіресе Қырымның оңтүстік жағалауындағы өткен 18 ғасырда салынған, өте әдемі граф Воронцовтың замок-музейі бар, теңіздің үстіне салынған сияқты болып көрінетін, бірақ жағалауға тақап салынған «Ласточкино гнездо» деп аталатын дворец бар. Севастопольда Отан соғысына арналған ашық аспан астындағы және ғимарат ішінде орналасқан музейлер бар. Севастопольда бірінші рет үлкен аппақ круиз корабльдерін көрдік. Ал әскери корабльдер шағын ғана болады екен, порттың бір шетінде толып тұрды. Сол портта соғыс кезінде немістердің қолына түспесін деп суға батырып жіберген кемелерге қойылған ескерткіш бар екен, сол жерді халық «бухта затонувших кораблей» деп атайды екен.

Евпаторияда тұратын, Героймен бірге Вьетнамда болған бір семья, Рубан Борис Григорьевич және әйелі Нелли Петровна деген, бізді үйлеріне қонаққа шақырды. Жақсы етіп дастархан әзірлеп күтіп алды, Вьетнамды, бірге істеген жұмыстастарды еске алып мээ-майрам болдық. Борис Григорьевич Вьетнамда үш жыл буровойда механик болып жасаған, екеуі де үлкен адамдар. Сол кезде олардың жастары 50-дің шамасында болды. Елге келгесін Вьетнамда еңбек етіп тапқан ақшасына су жаңа «Волга» ГАЗ-24 автокөлігін сатып алған екен, «ем алып болған соң сендерді Симферопольдің әуежайына өзім апарып саламын, жол жақсы, бір сағатта жетеміз» деді.

Біз кететін күні таңертеңнен қар жауып бастады, біздің самолетымыз кеште ұшады, «сондықтан асықпай кештетіп шығармыз, қол жүктерді тіркеу басталғанша жеткіземін» деп Борис Григорьевич біздерді кідірттіп қойды. Айтқан уақытында келіп бізді алып жолға шықтық. Қар қалың жауған, біздің жеңіл машинамыз бұрын жүрген машиналардың салған ізімен жүріп келеді. Кешке қарай жауған қар борап, алағайда-бұлағай боран болып кетті. Алдында жүріп кеткен көліктің колеясын жауып тастап жатқандықтан жәймен жүріп келе жатқанбыз, бір жерге келгенімізде машинамыз күртік қардың үстінде кептеліп тұрып қалды. Герой екеуіміз машинадан түсіп алға да итердік, артқа да итердік, машинамыздың қозғалатын түрі жоқ. Біз самолетымыздан қалдық-ау деп қиналсақ, Григорьевич су жаңа машинама бірдеңе болды ма деп уайымдап отыр. Ақырында бізді бір машина қалың қардан сүйреп шығарды. Шығарған ғұрлы, күшпен тартып қалғанда су жаңа «Волганың» алдыңғы бампері жұлынып қалды. Бұны көргенде үшеуіміздің де үніміз шықпай қалды. Осылайша бір сағаттық жолды төрт сағат жүріп, Симферопольдің әуежайына келсек, ауа-райына байланысты біздің рейстің ұшу уақытын алты сағатқа кідіртті. Бізге дейінгі бірде-бір рейс ұша алмай

тұр екен, біз келген соң көп кешікпей қол жүктерді тіркеу басталды да, көп кідірмей ұшып кеттік. Борис Григорьевичке «сіз бүгін Евпаторияға кейін қайтпаңыз, Симферопольда қонып, ертең жарық мезгілде жүрерсіз» деп едік «ия, мында бір балам тұрады, қазір соның үйіне барамын, уайымдамаңыздар, жолдарыңыз болсын» деп бізбен қоштасып кетіп қалды. Біз аман-есен елімізге келіп, жұмыстарымызға кірісіп кеттік.

Біз курорттан келген соң енем «сендер ренжімесендер мен Волжскийге барып Мараттың балаларын бағуға көмектесейін деп едім, олар әлі кішкентай ғой, балабақшаға апару керек, әкелу керек, оның үстіне кішкене салқын болса Мадина ауырып қала береді. келін дүкенші ғой, дүкенді тастап шыға алмайды. Соларға барсам балаларға бас-көз болам ғой, сендердің балаларың өсіп, адам болып қалды ғой» деп рұқсат сұрап Волжскийге кетті.

Сол кеткеннен енем үш жылдай Волжскийде Мараттың қолында болды, біз жыл сайын демалысымызда балаларды алып, барып тұрдық. 1982 жылдың аяқ жағында енем қатты науқастанып, екі көзі көрмей қалды, глаукома деген емделмейтін ауру екен. Қандай себептен екенін білмеймін, енді сонымен бірге екі құлағы да бірдей естімей қалды. Волжскийдің дәрігерлері «жақтан түскен ісік» деген диагноз қойды. Сыртынан қарағанда бетінде ештеңе жоқ, бірақ жағы ашылмайды, сондықтан тек сұйық тамақ ішетін болды. Ауруханада жатып емделгеннен еш пайда болмады. Мен Волжскийге барып 15-20 күн қасында болып, дәрігерлерге апарып, жуындырып, тамақтандырып қолымнан бар келген қамқорлығымды жасап жүрдім. Мен ауылға қайтып келгеннен кейін Марат телефон соғып «мамам Ералиевке кетем деп жатыр» деп хабарлады. Хабар тиісімен Герекең өзі барып енемді ауылға алып келді. Енем Ералиевке келгесін менің қолымнан қысып ұстап тұрып «балам, сенің қолыңнан шығайын деп келдім» деді. Ол кезде енемнің жағдайы жақсы еді, үйдің ішінде сипалап өзі жүретін. «Сендер маған алаңдамай тамақтарыңды өздерің отырып іше беріңдер, сен менің тамағымды ас үйдегі столдың үстіне дайындап қойсаң болады, менің тамақ ішкенімнен балалар жиіркеніп қалар, көзім көрмегесін төгіп-шашып отырамын ғой» деген соң өтінішін орындады. Ас үйге өзі барып, үстіне тамақ төгілмес үшін фартук киіп, әзірлеп қойған тамақты алып ішіп және ішкен ыдыстарын жуып, жинап кететін. Ол тұрып кеткен соң Дина екеуміз ас үйді қайтадан тазалап, фартугін жуып қоямыз. Осылайша тәп-тәуір жүрді, бірақ сырқаты мендей берді, ауырсынған уақытта жедел жәрдем келіп укол салып, сол уколдың күшімен ұйықтайтын болды. Бір күні сондай уколдан ұйықтағаннан оянбады. Сөйтіп 1983 жылдың август айында, жаны жәннатта болғыр, асыл анамыздан айырылып қалдық. Қайтыс боларынан біраз бұрын мені қасына отырғызып соңғы аманатын айтты «Балам, сен ақылды,

мейірімді адамсың ғой, мен өлсем Коляйім саған аманат, оның мінезі қызба, тез ашуланады, ашуланғанда бетің бар, жүзің бар демей, ойындағысын айтып тастайды, сол мінезінен опық жеп қалмасын, оған ақылыңды айтып, жәрдемші болып, қолдау көрсеткейсің» дегенді. Енемнің бұл сөздеріне мен ішімнен «үлкен адамды аманаттағаны қалай, кішкентайларды айтпай ма екен» деп ойлап отырғанымды түсінген сияқты «кішкентайлардың жанында өздерің барсыңдар, ал Коляйда сенен басқа арқа сүйер адам жоқ, сондықтан саған аманаттап отырмын» деді. Ол кісіні жерлеген күні күн өте қатты ыстық болып тұрды, үп деген жел жоқ, кейбір Волжскийден, Оралдан келген адамдардың қан қысымдары көтеріліп, біз қатты састық. Бірақ әйтеуір біз қорыққандай ешқандай жаманшылық болмады. Ол кезде садақа есіктің алдына тігілген палаткада жасалады ғой, садақаны өткізіп болып, енді ауылдың бала-шағалары дастарханға отырғаны сол еді, қатты жел тұрып палатканы жұлып алып, дастарханды төңкеріп тастады. Қарайған тамақ топыраққа көмілді де қалды, ыдыс аяқты теріп жүріп жинастырып, тазалап алдық.



Енем. п.Ералиев. 1975ж.

Тағы кішкентай түсініктеме, 70-ші жылдардың басында Шоңайдағы нефтеперекачканы Саратов облысының Маркс деген қаласына көшіріп кеткенде, перекачканың көп адамы сол Маркске қоныс аударды. Ал Марат отбасымен (енем, Роман, Дина, әйелі) Волгоград облысының Волжский деген

каласына, қайын жұртының қасына көшіп барған болатын. Марат сол жердегі ЛПК-да (лесоперерабатывающий комбинат) сварщик болып жұмыс жасады.

Біз Маратты Маңғыстауға көшіп кел деп қанша шақырсақ та келмеді. Өйткені алдында екі жыл қатарынан еңбек демалысында, біріншісінде Жетібайға, екіншісінде Ералиевке келіп демалысын біздің үйде өткізген болатын. Олар келген кезде күн қатты ыссы болып, теңізге барамыз деп шықса, топырақ борап, қыйыршық таспен сабалап жүргізбей қойған көрінеді. Содан кейін маманың садақасында болған жағдайдан соң, тіпті демалысқа да келмей қойды.

1980 жылдың октябрь айынан 1984 жылдың март айына дейін Герой РИТС-2-де аға инженер-технолог болып, 1984 жылдың март айында КЭ «МНГР»-дың Өндірісті қамту базасының бастығы қызметіне ауыстырылды. Ол кезде қарауында ст.Ералиевте, Бейнеуде, Опорныйда үш жүк тиеу-түсіру, сақтау базалары болды. Соңғы екеуін аяғына тұрғызу үшін Герекең көп тер төкті. Базалардан басқа сегіз жұмысшылар жатақханасы, Ералиевтегі әуежай, клуб «Геолог», теңіз жағалауындағы демалыс орны, Қызылқұм мүйісіндегі қосалқы шаруашылық, БПО-ның өзінің қарайған өндіріс цехтары да болды қарамағында. Осындай үлкен мекемені басқару зор жауапкершілікті талап ететіні белгілі. Геройдың өзі сырттағы істерді бітіріп жүргенде, іштегі шаруаларды тындыратын сенімді орынбасарлары, әуелі Алиев Жаку деген ағай, ол кісі қайтыс болған соң Тастаев Жалғас болды.

Герекең өзінің айтқандарын екі рет қайталаптайтын, өз істерінің шебері Сүлейменов Қуаныш, Какимов Тұрлан, Ғалиев Абделбарий (бәрі оны Борис дейді), Жаппасов Көмек, Досмухамбетов Шыңғыс, Төлпеков Алберген деген азаматтармен жұмыстас болғанына өте риза болатын. Жұмыстас болған жігіттердің бәрі де қатты сыйласып тұрды. Әсіресе Герекең зейнет демалысына шығып Ералиевте тұрған мезгілде жұмыстас болған жігіттері үйдің тұсынан әрі-бері өткенде келіп амандық-саулық сұрасып, әңгімелерін айтып, арасында бір шишасын бөліп ішіп Герекеңнің көңілін аулап кетіп жүрді. Өндірісті қамту базасының бастығы болып 1996 жылдың апрель айына дейін, он екі жыл қызмет істеді, оның соңғы екі жылында бастықтың орынбасары болды. Бұл жерде тағы бір қызық болды, ол кездерде экспедицияның ай сайын өтетін айлық жұмысты қортындылау жиналысына(графикке) жан-жақтан келген қарайған адам қатысатын. Сондай бір күні Геройды бастықтың жұмысынан босатып, орынбасар етіп тағайындапты деген бұйрықты көріп, көңіл-күйім болмай үйге басым салбырап түскі тамаққа келсем, менімен бірге Герекеңе ілесіп үйге оншақты жігіт келді. Дастархан жасап жүріп келген жігіттерге қарап «адамдар бастық болғанын жуатын еді, бастықтан түскенді жуған адамды бірінші көруім»

десем, жігіттер «Реке, ренжімеңіз, Герекеңнің орны біреулерге қатты керек болыпты» деп барлығы күліп алды. Соңынан орнынан түсуіне не себеп болғанын қанша сұрасамда Герекең айтпай қойды. Ол жалпы жұмыста болып жатқан заттарды үйге келгенде айтпайтын, мен көп нәрсені контордан есітіп келетін едім. Герой еш уақытта ешкімді жамандамайтын, біреуді жамандап отырған адамды жақтырмайтын, өкпе назың болса сол адамның өзіне айт, маған айтпа дейтін еді. Ол кезде графикке қатысатын жігіттер дайындалып келе ме білмеймін, бірақ мен дайындалатын едім, өйткені графикке, партия жиналысына келген жігіттер міндетті түрде біздің үйден түстенбей кетпейтін. Тіпті экспедицияның адамдары біраз уақыт Ералиевке автобуспен қатынап жұмыс жасап жүрген кезде Құлшаріпов Нармағамбет, Өтебалиев Қибат, Аманбаев Ғазиз ... деген жігіттер түскі тамаққа біздің үйге жиі келіп тұратын, ойнап-күліп барды бөліп ішіп кететін. Қазіргі кезде үшеуі де марқұм болып кетті, имандары салауат болсын.

Қазіргі заманның басшыларындай Герой Жалғас екеуі ұрлық, қулық жасаған болса шіріген миллионер болып кететін еді. Өйткені КЭ «МНГР»-дың барлық дүниесі екеуінің қолында болды ғой. Жанында Жалғастай адал, сенімді адамның болғаны да Герекеңнің бағы шығар. Бұлар жұмысынан кеткен бойда базаларға ұрылар түскенін, біраз нәрсенің қолды болып кеткенін жақсы білеміз, жаманатқа қалмай абыройлы кеткендері өздеріне де, айналасындағы адамдарға жақсы болды деп ойлаймын.

Сол жылдар аралығында балалар өсті, мектепке барып жүрген кезде, Романмен Дина таңертең сабаққа кетіп бара жатып, жолда жұмысқа кетіп бара жатқан Ғизатпен кездесетін көрінеді. Бірде Ғизат маған «Реке, мен сіздің балаларыңызға қарап қатты қызығамын. Екеуінің сабаққа ойнап-күліп бірге кетіп бара жатқандарына қараудың өзі бір ғанибет. Сондай әдепті, әп-әдемі балалар» деп айтқаны есімде. Олар кейін мектепті бітіріп, Роман әскерге кетті де, Дина мектепті бітірген жылы оқуға түсе алмай, КЭ «МНГР»-дің бухгалтериясында МСБ-да(машино-счетный бюрода) бір жыл қызмет істеді. Келесі жылы Алматының шет тілдер институтына оқуға түсті. Сол уақытта бухгалтерияда мектепті Динамен бірге бітірген Салатов Сүйегеннің Гүлнар деген қызы да жұмыс істеген болатын. Бірде маған бас бухгалтер Аманиязов Қалабай деген ағай: «мына Дина мен Гүлнардай қызмет істейтін бес қыз болса, іште отырған отыз әйелді қуып шығуға болар еді. Екеуі де бір айтқаныңды екінші рет қайталапмайды, тапсырманы жылдам орындап, бітіріп қояды. Әттең-ай, құдай оларды маған артық көрді ғой деймін, екеуі де институтқа түсіп кетті» деп еді. Балаларымыз туралы сондай жақсы сөздер естігенде кеудемізде мақтаныш сезімі пайда болатын. Ол кезде ауған соғысы болып жатқан мезгіл ғой, Романның әр хатын асыға күтіп, жанымызды

шүберекке түйіп отырдық. Ол кезде Герекең аудандық военком, Ягубянның штаттан тыс орынбасары болатын, яғни алда-жалда соғыс басталып кеткендей жағдайда заң бойынша кадровый военный Ягубян соғысқа кетуі тиіс екен де, орнына штаттан тыс орынбасары қалу керек екен. Баласын әскерге жібермей қалуға мүмкіншілігі болды, бірақ Романның өзі қатарынан қалғысы келмеді, әкесі де баласының шешімін қолдады. Ортада екеуіне де сөзім өтпей шырылдап мен қала бердім. Әкесінің жасағаны, Романды Алматыдағы әскери округтың әуе-десант әскерінде міндетін атқаруға көмектесті. Роман әуелі үш ай Жамбыл облысың Отар станциясында орналасқан оқу бөлімінде болды, сосын Алматыға кетті.

«Оқуды аяқтап Алматыдағы қызмет орнымызға келдік» деп бір хат келді, содан кейін баладан екі ай хат келмей қалды. Біздің хаттарымызға жауап болмағасын Герекең екеуміз Алматыға ұшып кеттік. Кеште Алматыға жетіп Маржандардың үйіне қонып, таңертең сағат тоғызда әскери бөлімшенің алдына болдық. Баламызды іздеп келгенімізді айтып КПП-ға келген адамдардан сұраймыз, «хорошо, сейчас узнаем» деп кіріп кетеді. Бірақ қайтып келіп ешкім жауап бермейді, сөйтіп жүргенімізде сағат түскі бір болды. Таңертеңнен бері еш хабар ала алмай қанымыз қайнап тұрғанда КПП-ға бір майор келе қалды. Герекең әлгі майорға әуелі сыпайы түрде «товарищ майор, разрешите обратиться» деп келген жағдайын түсіндіріп еді, жаңағы майор дұрыс сөйлескісі келмей бұрылып кетіп бара жатты. Сол бойда Герекең майорды шап беріп жағасынан ұстап алып, әдемілеп анасын есіне салып тұрып, «дәл қазір мені штабқа кіргізбесең көресінді көрсетемін» деп айқай шығарды. Ол жерде баласын іздеп жүрген тағы бірнеше адам болды, Геройдан бұндайды күтпеген майор сасқалақтап қалды да, сәлден соң есін жиып «ну, пошли» деп Герекеңді штабқа алып кетті. Біраз уақыт өте ол күліп келе жатып «бала табылды, оларды Қапшағай жаққа училищеге алып кетіпті» деп қуанышты хабар әкелді. «Балаңызды көргіңіз келсе кешке оларға тамақ (ужин) апаратын машинамен баруларыңа болады» деген рұқсат та беріпті. Сонымен кештетіп тамақ салған термостар тиеген әскери ЗИЛ машинасының кузовына мініп Қапшағай қайдасың деп тартып кеттік. Қанша уақыт жүргенімізді білмеймін, әйтеуір дала тас қаранғы, жазық далаға келіп тоқтаған машинамызға қарай сатырлап солдаттар жүгіріп келіп жатты. Келе машинаның бортын ашып тамақ толтырған термостарды түсіріп жатты. Біз болсақ машинадан түсе сала көзімізге көрінген солдаттан «где 3-й взвод» деп сұрасақ, олар «мы 3-й взвод» дегесін «а где же Роман Кукубаев» деп біреуден сұрап жатсам, қасымда біреу «я здесь» дейді, қарасам балам қасымызда тұр. «Папа, мама, мында не істеп жүрсіңдер түннің ішінде, қайдан, немен келдіңдер» деп сұрап жатыр. Біз баламызды аман-сау

көргенімізге жүрегіміз жарыла қуанып, баламызды аймалап, сүйіп мәз болдық. Хат жазбадың деп ұрсайық деген ойымызды ұмытып кеттік. Түн ішіндегі кездесуіміз 10-15 минут қана болды, әкелген термостарды түсіріп, бос термостарды тиеп, Алматыға қайтып келдік. Бір жұмадан кейін учениелері аяқталып, әскери бөлімшеге қайтып келген соң барып баламызды үш күнге сұрап алдық. Содан кейін хат-хабар үзілген жоқ, әскери қызметіне бір жыл болғанда, ауылға демалысқа келіп кетті. Сол кеткеннен әскери міндетін толықтай аяқтағасын барып бір-ақ келді армиясынан. Әскерде жүрген кезінде басшыларынан мақтау қағазы келді. Алматыда әскери қызметін атқарғаны Романның өзіне де жақсы болды, увольнениеге шыққан кезде Маржан апасының үйіне барып тұрды. Кей кездері Серік пен Маржанның өздері де Романға барып тұрды, олар тіпті кішкентай қызымен, күздің қара суығына қарамастан Отарда Роман учебкада жүрген уақытында да барған болатын. Екі жыл отан алдындағы борышын өтеп әскер қатарынан келгенде баламыз ауылға азамат болып оралды. Келген бойда РПЦ-ға (ремонтно-прокатный цех) токарь болып жұмысқа жүріп кетті. Ендігі шаруа-баланың институтқа түсуі болды. Москваға барып МГИМО-ға (Московский государственный институт международных отношений) емтихандарын тапсырып, ағылшын тілін жетік білмегендіктен конкурстан өте алмай ауылға қайтып келіп жұмысын жалғастырды. Келесі жылы Ақтауда Қазақ Политехникалық институтының филиалы ашылғанда, мұнай факультетіне оқуға түсіп кетті. Оны естігенде Ғиззат Герекеңді шақырып алып құттықтап «Роман өндіріс арқылы оқысын, стипендиясын мекеме мойнына алады» деп өз тарапынан жақсылық жасады. Соңынан өндірістік практикаларында бұрғышының көмекшісі болып істеген уақытында кездескен адамдардан әкесі туралы жақсы сөздер естіп келіп, мақтанып отырып « мне теперь надо очень постараться, чтобы стать достойным сыном своего отца» дейтін. Аллаға шүкір, жақсы адам, білікті маман болып әке кәсібін жалғастырып келеді.

Институтты бітіріп, Ақтауда Қазақ Ғылыми Зерттеу Жобалау мұнай (КазНИПИнефть) деген мекемеде жасап жүрген кезінде Ғиззаттың кандидаттық диссертациясын жазуға көмек берді, ал докторлық диссертация жазатын кезде Роман бір шетелдік компанияға жұмысын ауыстырып, Америкаға оқуға кетіп қалды.

Жиенім Асылан да Роман сияқты, өзінің қатарымен бір жылдық әскери міндетін абыроймен Қапшағай қаласындағы әскери-десант әскері бөлімінде өткізіп келді. Асыланның әкесінің Маңғыстау облысының әскери комиссары екенін қасындағы жігіттер біраз уақыт өткесін барып білгенде қатты таңқалып «сен мында не істеп жүрсің» деп сұрапты. Біз Герекең екеуіміз

Асыланды көріп келуге Қапшағайға да бардық, сосын демалысымызды Алматыда санаторийде өткізіп келдік ауылға.

Балаларымыз оқуларын бітіріп, отбасын құрып, балалы-шағалы болды. Герекен екеуміз немере-жиендерге ата-әже атанып, құда-құдағай деген құрметті атаққа да іліктік.

1989 жылы екінші микрорайондағы, экспедицияның жетекші мамандарына арнап жаңа проектімен салынған төрт бөлмелі кең үйге көштік. Ол үйлер екі қабатты, бір подъезді, төрт пәтерлік қылып салынған, астыңғы қабатта екі пәтер, жоғарғы қабатта екі пәтер орналасқан. Жаңа үйде Салатов Сүйеген, Матаев Болатбай және Түркиядан көшіп келген бір отбасымен көрші болдық. Біз бұрынғы Гинаятов Адайбай деген ағайдың пәтеріне кірдік. Ағайға Ақтау қаласынан екі бөлмелі пәтер беретін болған соң, қолындағы үйленген баласын бөлек шығару үшін, бізбен пәтер ауыстырды. Герекен үйді әдемі етіп, еденіне паркет төсеп, өз қолымен барлық жөндеу жұмыстарын жасады. Сол кезде жаңа көршіміз Сүйегеннің әйелі Лида күйеуіне айтатын көрінеді «өзіңдей Геройға қарашы, жұмыстан келген соң бір тыным таппайды, үйіне әдемі жөндеу жүргізді. Сен неге солай істемейсің, жұмыстан кейін бостан-бос жатырсың, телевизор қарағаннан басқа шаруаң жоқ. Ал бізге ананы жөндеу керек, мынаны істеу керек» деген сөздерінен кейін Сүйекен далаға шығып Геройға «Күнде тарсылдатып, гүрсілдетіп демалдырмағаныңмен қоймай, сен сволыш қатынымды маған жау қылдың. Құдайдың құтты күні Герой сөйтіп жатыр, Герой бүйтіп жатыр деп құлағымның құрыш етін жеп болды, қарағым, біраз тынышталып дем алсайшы» дейтін әзілдеп. Герекен де әзілді түсінеді, Сүйекеннің әйеліне бір кездескенде, күліп «Лида, мына терезелердің рамалары жарылып кетіпті, сыры түсіп қалыпты, есіктің сеткасы жыртылып қалыпты ғой, ұят емес пе, күйеуіңе айтпайсың ба?» деп одан әрі отқа май құйып Сүйекенге Лиданы айдап салатын. Бірақ Сүйеген оған қысылмайды, інілерін шақырып алып жұмыстарын істетіп алады. Бірде Герекен өзіміздің де, Сүйегендердің де терезесінің алдына екі машина топырақ төктірді, опилка төктірді де Сүйегенге тапсырма беріп «үйдің айналасын шарбақпен қорша, мен рассада әкелемін, тұқым әкелемін, екі жаққа бақша саламыз» деп өзі командировкаға кетіп қалды. Бір күні жұмыстан келсем, үйді айналдыра ылғи ұран жазылған, мерекелерде көшелерге іліп қоятын плакаттармен шарбақ салып қоршап қойыпты. Сөйтіп екі жаққа бақша салдық, виноград отырғыздық, бірінші жылы бізде огород жақсы шықты, Сүйегеннің помидорлары шықпай қалды, басқа да көкөністері нашар шықты. Сонда біз помидор жинап жүрсек Сүйекен айтады «сен сволыш өзіңе рассаданың ылғи ұрғашысын тандап алып, маған барлық еркегін беріпсің, әне өзің помидор жеп отырсың, ал

менде түк жоқ» деп әзілдеген. Ал келесі жылы керісінше болды, бізде бірде-бір помидор шықпай, терегі биік болып өсті, ал Сүйекеңнің помидорлары жерде төгіліп жатты. Сонда Сүйекең «Герой сенің қолыңнан помидор өсіру де келмейді, кел, мен саған үйретейін» деп қалжыңдайтын еді. Әзілдері жарасқан құрдастар, жақсы көрші еді ғой, Алланың рахметінде болғыр марқұмдар. Кей кезде Сүйекең үйді басына көтеріп ән салып, концерт қояды, даусы өте әдемі болатын, ондайда бәріміз үндемей тыңдаймыз. Кейде біздің екі немереміз Асқар мен Асан үйді басына көтеріп айқайлап жүгіріп ойнаса, Сүйекең өз үйінде жатып айқайлайтын «әй, Герой, үйіңе солдаттар кіріп кетті ме, немене, учение жүргізіп жатырсың ба» деп. Бақша демекші, біздің алдымыздағы үйде Қызылов Сағынбай мен Тұқымов Кенжеғұл тұрды. Зибаның түрткісінен кейін Кенжекең де Геройға бұрқылдап жүріп үйінің жанына терек отырғызды, бақша салды. Тек Сағынбайды ешкім орнынан қозғай алмады. Сол жердегі үйлердің балкондары бар болатын, барлығымыздың балкондарымыз әйнектеліп жабылды, тек Сағынбайдың ғана балконы ашық болды. Балкон дегенде есіме түсіп кетті, ол кезде есіктер жабылмайды, тек сетка есік жабық тұрады ғой. Бірде мынандай бір жағдай болды, күндіз жұмыс кабинетімде жолдастық соттың отырысы өтіп, жиі-жиі милицияға түсетін бірнеше жұмысшының ісін қарап, тентектерге ұрсып, сөгіс беріп жібергенбіз. Солардың бірі РИТС-2-де механик болып істейтін Жұнбасов Қорабай деген кісінің баласы РИТС-1-де бұрғышының көмекшісі болып істейтін Жұнбасов Сүйіндік. Ол тентектіктері үшін түрмеде отырып келген жігіт еді. Сол күні кешкі сағат онның шамасында үйдің сетка есігі сарт етіп қатты ашылып кетті, үйде Герекең екеумізден басқа ешкім жоқ. Ол кезде Роман Ақтауда оқып жүр, семьясы қасында. Герекең телевизор қарап жатқан, есік қатты ашылғасын мен жүгіріп коридорға шықсам, алдымда ынтығып Сүйіндік тұр, сөйлеуге шамасы жоқ, екі көзі есікте, «не болды» деп едім «апа, құтқаршы, милиция қуып келе жатыр» деді. Сүйіндікке «мына коридормен кухняға бар да, әрі қарай балконнан секіріп кет» деп айтып болғанымша милиция келіп біздің есікті қағып тұр. Есікті ашсам бір милиция «Сіздің үйге ешкім келген жоқ па» деп сұрады, мен «жоқ, ешкімді көрмедік» деп Сүйіндікті құтқарып жібердім. Сүйіндік ауылға келгенде тентек болғанымен, өте жұмыскер, қайратты, буровойда 2-3 адамның жұмысын бір өзі атқарады деп мастерлері қатты мақтайтын. Герекең не болғанын түсінбей қалды, содан кейін сетка есікке крючок салып жауып жүретін болдық. Соңынан Сүйіндіктің мамасы конторға келіп баласы үшін менен кешірім сұрап, рахметін айтып кетті.

Осы тақылеттес тағы бірер әңгіме есіме түсіп отырғандықтан оларды да жаза кетуім керек сияқты. Бұл әңгімелер арқылы біздің сол замандағы

өміріміз ашыла түсетін, тұрмыс-тіршілігіміздің қандай болғанын жақыннан көруге болатын тәрізді.

... Бұрғылау бригадаларында сол кезде қилы-қилы тағдырлы адамдар жұмыс жасаған болатын. Ол адамдардың барлығына жуығы өз өмірлерін ешкімге ашып айтпайтын. Сондай бір «жұмбақ» жан жөнінде менің есіме мына бір жағдай түсіп отыр. Мен ол кезде КЭ «МНГР» мекемесіне қарайтын РИТС-1 бөлімшесінде еңбекақы бөлімінде жұмыс жасайтынмын, әрі қоғамдық негізде ұжымдық кәсіподақ комитетінің төрайымымын. Біздің бөлімге жұмысшылар көп келетін, біреулері еңбекақысын қалай есептегенін білгісі келсе, кейбіреулері еңбек демалысына шығып, соның қаржысын есептетуге келеді, кәсіподақ тарапынан да әртүрлі кезектерін анықтау үшін, кезекке тұруға қажетті құжаттарын дайындау үшін де келетіндер жеткілікті. Ол заманда көптеген дүние-мүліктер, әртүрлі тұрмыстық бұйымдар кәсіподақтың бөлуімен берілетін қат заман еді ғой. Үй алу, үйді кеңейту, жазғы демалыс кезінде балаларға пионер лагеріне жолдама алу, еңбек демалысына шыққанда еліміздегі шипажайларға, курорттарға, демалыс орындарына жеңілдікпен жолдама алу, тұрмысқа қажетті тоңазытқыш, кілем-палас, гарнитур ... тіпті, джинсы шалбарға дейін кәсіподақтың бөлуімен таратылатын, әрі санаулы ғана болатын. Жетпейтін затты бөлуден қиын нәрсе болар ма?! Сондай бір күні кабинетке Сүйеген Салмановтың бригадасында көмекші бұрғышы(верховой) болып еңбек ететін Виктор Орлов деген келді. Ұзын бойлы, ірі денелі, аққұбаша келген, үнемі таза киініп жүретін, қимыл-қозғалысы бипаз, күтімі келіскен адам еді. Бойынан, жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөздерінен сырбаздық, интеллигенттік есіп тұратын. Кезінде болған-толған жан екені сезілетін. Бір аяғын сәл сылтып басады, бірақ онысы көп байқала қоймайтын. Бұрғылау алаңында аспаз болып өзімен бірге жұмыс жасайтын В.Мандраченко деген жұбайы бар. Тек екеуі тұрады, екеуі де демалысқа шыққан кездерінде үнемі «қызулау» жүретін. Балалары жоқ, жастары біздермен шамалас, сәл үлкен де болуы мүмкін. Барлығымыздың үйлеріміз бір маңда, көршілерміз. Сәлеміміз түзу. Сол В.Орлов кабинетке келген шаруасын бітіргесін, кабинетте бірге отыратын Үмбетқали Көшенов, Қылышанияз Сариев деген жігіттермен оны-мұны әңгіме айтып біршама отырғасын, бір мезгілде А.С.Пушкиннің «Полтава» поэмасын судыратып, нақышына келтіріп оқи жөнелді. Құдды үлкен қалалардағы театрдың артистеріндей оқыды дейсің. Біз ауызымызды ашып қалдық. Ұйып тыңдадық. Сәлден соң тағы бірер орыстың атақты ақындарының шығармаларынан үзінділер оқыды. Оларды да жатқа, нақышына келтіріп судыратты дейсің. Өлең оқығанда жүзі бал-бұл жанып, өзі түрленіп, арқаланып кетеді екен. Кәдімгі үлкен концертте отырғандай әсерде болдық. «Концерт» аяқталғасын ол шығып кетті де, кабинетте қалған біздер біразға дейін керемет күйден шыға алмай отырып қалдық. В.Орлов үнемі «қызулау»

жүреді, бұл күні де сондай күйде еді. Шабыты тасып тұрғаны сезіледі. Біздің бұрғылау бригадаларында небір таланттар бар екен ғой. Бір қарағанда қарапайым ғана қара жұмысшы болғанымен, оның жан-дүниесінде қаншама сыр жасырынып жатыр десеңші. Бұндай тума таланттардың барлығы да өздерінің ішкі өмірлеріне ешкімді жолатпайды, жұмбақ тағдырын ешкімге де ашпайды. Сол жұмбақ күйінде өмірден өтеді. В.Орлов та сол жұмбақ күйінде өтті өмірден. Жатқан жері жайлы болғай, алдынан жарылқасын дегеннен басқа не дейміз.

.... Әлеуметтік желіден Фатима Забурақызының «Қарашаңырақ» деген әңгімесін оқығанмын. Оқып отырғанда баяғыда, Ералиев поселкесінде РИТС-1 мекемесінде жұмыс жасап жүргендегі бір жағдай есіме түспесі бар ма. Ол кезде біздер жаспыз, барлама бұрғылау мекемесінің кеңсесінде еңбекақы бөлімінде Үмбетқали Көшенов, Қылышанияз Сариев үшеуіміз бір кабинетте отыратынбыз. Бір жұмыс күні кабинетімізге бұрғылау бригадасында моторшы болып ұзақ жылдар еңбек етіп, біраз уақыт бұрын зейнет демалысына шыққан Бақаев(атын ұмытыппын) деген адам келді. Әлдебір шаруаларымен кеңсенің жанынан өтіп бара жатып, біздерге келіп амандасып шығуға кіргені екен. Ол заманда бұрғышылар зейнет демалысына 55 жастан шығатын еді де, зейнетке шыққан адамдардың денсаулығы да, басқа жағдайы да тым-тәуір жақсы болатын еді. Бақаев бәрімізбен амандасып, жағдайларымызды сұрап бола берген кезде, Қылышанияз:

- Әй, шал, бәйбішең кеткесін жүдеп-жадап кеткенсің бе, қалай өзі? – деп әзілдеген болды.

Айтса айтқандай да еді, бұрындары, бәйбішесі бақилық сапарға аттанбай тұрғанда шалдың жағдайы жақсы болатын. Осыдан бірер жылдар бұрын кемпірі қайтыс болып еді. Содан бері көріп тұрғанымыз ғой.

Бақаев бәрімізге қаратып:

- Әй, Қылышаниязжан-ау, ертедегі шалдар «Орта жолда атың өлмесін, орта жаста қатының өлмесін» деп бекер айтты дейсің бе? Кемпірім барда мұртымды балта шаппайтын еді, енді күнім балаларға қарағасын күйім келісіңкіремей жүргені рас. Дұрыс айттың. Бір Бақа бес бақаны бағып-қағып адам қатарына қосып едім, енді міне, өз қолыммен өсірген бес бақам бір Бақаны баға алмай отыр ғой. Бұған не дерсің? Өмірдің заңы солай ма, әлде қалай екенін білмедім, ертеректе қарттар айтып отырушы еді «Ері өліп артында кемпірі қалғаны жақсы, ал кемпірі бұрын қайтыс болса, балалардың қолына қарап қалған шалының күйі болыңқырамайды» деп. Сол айтқан жағдай менің де басыма келіп тұр. Шамаларың келгенше үйдегі келіндердің қадірін біліңдер, еркелетіп

қойындар, осылайша талтандап жүргендерің, тап-таза болып шықиып киініп, шырт-шырт түкіріп жүргендерің сол келіндердің арқасында екенін қазір сезбей жүрсіндер ғой, шіркіндер.

Байғұс шалдың «Бір Бақа ... , ... бес бақа ...» деп айтып тұрғаны өзі мен бес баласы екен. Әр баласының үйіне бір барып, ешқайсысына да сыймай жүрген түрі екен байғұстың. Қылышанияздың байқағаны дұрыс екен, байғұс шал бұрындары кемпірі бар кезде жылтырап, дұрыс киініп, біршама таза жүретін еді. Қазіргі күйі күй емес, киімдері кірлеген, үтіктелмеген, өзі де қырынбаған, жүдеу ...

Солай, әлеуметтік желідегі бір әңгіме менің ойыма осындай жағдайды салды. Бұл да болса сол заманнан қалған бір естелік қой деп түртіп қойдым.

... Біздің сол кездегі өмірімізден сыр беретін тағы бір әңгіме жазбақшымын, оқып қарарсыздар. Далалықта, елден жырақта ауыр жұмыс жасайтын бұрғышылардың ауылға келгендегі демалатын түрлері де басқа елден бөлекше ғой. Отгулға шыққасын олардың көпшілігі шаршағандарын ішімдікке салынып басатынын барлығымыз білеміз. Күнде көріп жүрміз десек те болады. Ұлым Роман екеуміздің арамызда болған осы жағдайға байланысты бір әңгіме есіме түсіп отыр, соны баяндап берейін.

Маңғыстаулық барлаушы бұрғышылардың негізгі шоғырланған жері Ералиев поселкесі, отбасы жоқтары осы поселкедегі жұмысшыларға арналып салынған жеті жатақханаларда тұрады. Мен РИТС-1 бөлімшесінің еңбекақы бөлімінде инженер болып қызмет атқаратындықтан өзімізге қарасты бұрғылау бригадаларының барлық жұмысшыларын жақсы танымын, көпшілігінің отбасыларын да білемін. Мерекелерде, той-томалақтарда барлығымен де кездесіп, араласып жүргендіктен жұмысшылармен сәлеміміз түзу.

Айтпақшы, мереке дегеннен шығады, ол заманда ұжым болып бірге мерекелейтін, ұжымдастардың басын қосып, ұйымшылдыққа, бірлікке жетелейтін, поселоктің халқы түгелге жуық жиналған алаңда ұжым болып салтанатты шерумен халық алдына шығатын, ұжымның қандай екенін көрсететін ұлы екі мейрам болды. Бірі – 1 май мерекесі болса, екіншісі – 7 ноябрьде тойланатын Ұлы Октябрь Революциясының жеңісі мерекесі.



п.Ералиев. 1 май мерекесі. РИТС-1 ұжымы.



п.Ералиев. 7 ноябрь 1980ж. РИТС-2 ұжымы.



п.Ералиев. 7 ноябрь мерекесі.РИТС-2 ұжымы.

Әңгіме осы мерекеге қарай ауысқасын, аздап болса да сол мерекелер жайын жазып қарайын. Осы екі мерекеге поселке халқы да, аудан басшылығы да, поселокте орналасқан әртүрлі үлкенді-кішілі ұжымдар да барынша тыңғылықты дайындалады. Шерумен жүріп алаңнан өтіп бара жатқанда салтанатқа жиналған халыққа да, трибунада тұрған аудан басшылары мен әр ұжымнан шыққан белгілі азаматтарға да өздерінің ұжымдарын жақсы жағынан көрсетіп қалу үшін барын салып дайындалады. Біздің ұжым да осы екі мерекеге бірер ай қалғанда алдын ала қызу дайындық жұмыстарын жүргізетін еді. Әр мерекеге сай, шерумен шыққанда ұжым мүшелері ұстап шығатын әртүрлі ұрандар жазылған транспаранттар, жалаулар, плакаттар, орталық комитеттің политбюро мүшелерінің портреттерін, қызылды-жасылды шарлар, қызыл жалаулар ... дайындайтынбыз. Тойдың болғанынан боладысы қызық дегендей, бірер сағатта өте шығатын осынау шеруге біраз уақытқа созылатын дайындықтың өзі бір қызық болатын. Алдағы болатын осындай ұлық мерекені күтудің өзі ұжым мүшелеріне қуаныш, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын. Аудан, поселок басшыларының тапсыруымен біздің ұжымға бөлініп берілген көшелерге, ғимараттарға да жалаулар, плакаттар, әртүсті жалаушалар, шарлар іліп безендіретінбіз. Ұжым мүшелері шеруге шыққанда алдымызда көшті бастап мерекеге сай безендірілген Газ-51 машинасы жүретін де, оның соңына ұжым басшысы, ұжымдық партия-кәсіподақ-комсомол ұйымдарының жетекшілері бастаған еңбек озаттары, партия белсенділері, ұжым мүшелері үлкен колонна болып еретін. Барлығы да сәнді киінген, қолдарында қызыл жалаулар, шарлар, кішкене жалаушалар, киімдерінің өңірлеріне таққан қызыл матадан жасалған

банттар, жоғары көтеріп алған ұрандар жазылған транспаранттар мен портреттер ... Көпшілігі қасына балаларын жетектеп шығатын шеруге. Балалар да барынша сәнді киінген, бәрі де өте көңілді, мээ-мәйрам болып мерекелік көтеріңкі көңіл-күйде шауып жүретін. Өзім жұмыс жасайтын РИТС-1 мекемесінің шеруінің алдында жүретін Газ-51 машинасының безендірілуі ерекше болатын, жұмыс саламызға сай келетін. Кабинаның үстіне мықты қылып орнатылған бұрғылау мұнарасының 1,5-2.0 метрлік, металдан жасалған макеті, оның ұшар басында(кронблогында) алқызыл жалауша желбіреді, машинаның астауының ұзына бойына, биік қылып жасалған тумба орнатылатын, тумбаның екі бетіне мерекеге сәйкес тақырыпта әдемі суреттер, ұрандар жазылатын, ал машинаның өзін айналдыра, дөңгелектерін көрсетпей, жерге сәл тимей, жауып тұратын жалпақ плакаттармен мықты қылып қоршалатын, оларға да әдемі суреттер салынып, мерекенің тақырыбына сай жалынды ұрандар жазылатын. Осы тумбаның екі қапталына, машинаның астауына шүпірлеп бұрғышылардың сәнді киінген балалары отыратын, қолдарына ұстаған түрлі түсті шарларымен, жалаушаларымен жиналған халыққа қол бұлғап мээ болып масайрап өтетін еді алаңнан. Шеруді қабылдаушы аудан басшылары, еңбек озаттары, ардагерлер тұрған трибунаға жақындағанда репродуктордан зор дауыспен диктор біздің мекеменің жеткен жетістіктерін, мерекені қандай толағай табыстармен қарсы алғанын, еңбек озаттарын елге әйгілеп жар салып хабарлап жататын еді. Ал шерумен жүріп келе жатқан біздер де бар даусымызбен ұрандарды айқайлап, құттықтау тілектерін айтып өтетінбіз. Кереметтей заман өтіпті ғой!!!

Сол замандағы мерекені айтамын, суреттеймін деп негізгі тақырыбымнан ауытқып кетіпін, айтайын деген әңгімеме ойысайын. Осындай бір мерекеде, шеру аяқталғасын, шеруге өздері оқитын мектеп ұжымымен шыққан ұлым Роман, қызым Динаны тауып алып көше бойымен қыдырыстап келе жатқанбыз. Роман ол кезде 5 класстың оқушысы. Көшеде кездескен ұжымдастарыммен, құттықтап жатқан, амандасып жатқан бұрғышылармен тіл қатысып келеміз. Бір мезгілде Роман:

- Мама, осы саған амандасатын адамдардың көпшілігі ішкіштер ғой, жүздерінен-ақ көрініп тұр «забулдыға» екендері. Осындай «жаман» адамдармен неге жылы сөйлесесің? – демесі бар ма. Ұлымнан осындай сөз естимін ғой деп ойламаппын, әлі жас бала ғой деп жүргенім бекер екен.

Сәлден соң:

- Роман, адамдар жайында олай деуге болмайды. Сен әлі жассың, өсе келе түсінетін боласың. Ол адамдардың барлығы бірдей жаман емес, тағдырлары да әртүрлі, олардың бастарынан қандай қиыншылықтар

өткенін біз білмейміз. Олардың тек сыртқы бет-бейнесіне қарап «жаман адам» деп ойлау қате. Олардың барлығы да папаң екеуміздің таныстарымыз, жұмыстастарымыз. Бұрғышылар. Әкенді сыйлайды, мені сыйлайды. Сондықтан да олардың біздерге өздерінше құрмет көрсеткендері. Сендерді де папаң екеуміздің балаларымыз деп құрметтеп, құттықтап, барынша жылы сөздерін арнап жатыр. Жылы көңілдерін білдірген түрлері. Олар елсіз, сусыз шөл далада ауыр жұмыс жасап жүрген бұрғышылар ғой, біздердің ұжымдастарымыз. Сондықтан адамның сыртқы түріне қарап жаман ойлауға болмайды. Ертең сендер де өскенде папаң екеуміз сияқты бір ұжымға тап болып жұмыс жасайтын боласыңдар, сол кезде ұжымдастарыңмен мынау жаман адам, мынау жақсы адам деп бөлектеп амандасып, ара жігін ашып жүрмейтін шығарсыңдар, олай істеу қате болады, - деп едім.

Сәлден соң Роман:

- Мама, түсіндім. Енді олай айтпайтын боламын, - деді.

Құданы құдай қосады

Халықта «Құданы Құдай қосады, досты періште қосады», «Құдан құрдасыңдай болсын, құдағайың сырласыңдай болсын», «Құдам, құдам дескен, құйрық-бауыр жескен» ... деген сияқты жақсы сөздер баршылық.

Біраз жолдастарымызды, жұмыстастарымызды көрші-көлемді еске алып отырып, құдаларымды ескерусіз қалдыруым дұрыс болмас.

«Құда болғанша түп-тегіңді сұрас, құда болған соң қол қусырып сыйлас» дегендей біздің де балаларымыз өсіп, ұлымызды ұясына қондырып, қызымызды қияға ұшырып, өрісіміз кеңейіп, құдандалы болғанбыз.

1986 жылы Роман үйленгенде келіннің әкесі болған жоқ, құдағайымыз Нағима Ақтауда тұрды. Құдағайымызбен тек мереке-тойларда ғана кездесіп тұрдық. Соңынан балам дәм-тұздары жараспай алғашқы келінім Айгүлмен ажырасып, екінші рет үйленді. Құдаларымызбен танысқанда, олар өзіміз сияқты, Мұхамбет құда буровик, Қарлығаш құдағай сол құда жұмыс жасаған Түркменияның Небитдаг мұнайгаз экспедициясында инженер болып істеген адамдар екенін білдік. Оның үстіне құданың нағашысы есентемірдің қызы екенін білгенде, Мұхамбет құда «бір-бірін балалар тапты ма, білмеймін, біз

өз құдамызды таптық» деп қуанған болатын. Екі құда кедескен уақытта әзілдері жарасып «пока трезвый кезімізде нағашы-жиенді болайық, ішіп алған соң құда бола жатармыз» дейтін. Екі құда бір-бірін тілдеспей-ақ, көз қарастарынан түсінісетін жақсы дос болды.

Мұхамбет құда Қазақстанға келгенде Қызылордадағы «Құмкөл» экспедициясының бастығы болды. 2000 жылдардың бас жағында Герекеңмен Мұхамбет құда келісіп, бір еңбек демалысын бірге өткіземіз деп шешкен соң, Герекең екеуміз Қызылордаға бардық. Құданың үйінде бір күн қонақ болып, екінші күні қаланың сыртындағы құданың саяжайына кеттік, онда шашлық пісіріп қонақтық жалғасты. Сол күні саяжайда қонып қалғанбыз, таңертең далаға шығып келген құдағай ішке күлкісін тия алмай келе жатыр. Не болды десек «құда менің малинамның бәрін жұлып тастапты» дейді. Сөйтсе, Герекең ерте тұрып дачаны аралап, біраз арам шөптерін жұлып, тазалап қойыпты «мына шөптің арасында малина болған жоқ» деп Герекең ақталып жатса, Мұқаң күліп «Гереке біздің Қарылғашқа өсіп тұрған көк шөптің бәрі малина, сен оған қысылма» дейді. Оған да бәріміз біраз күліп алдық.

Ертесіне құданың машинасымен төртеуміз Меркеге санаторийге баратын болып жүріп кеттік. Бірінші Түркістанға келіп тамақтанып, Яссауи кесенесіне соғып, әрі қарай жүріп кеттік. Мұқаң машина жүргізуші, Герекең штурманы, былай жүр, солай жүр деп бұйырып отырады. «Шопыр бала шаршап қалмасын» деп екі-үш сағат жүргесін машинаны тоқтатып, далаға шығып демалып алып тағы ілгері жүреміз. Жолда Арыс өзенінің жағасына тоқтап аяқ-қолдарымызды жуып, заправка жасап, тамақтанып алып, кештетіп Шымкент қаласына келдік. Қонақүйге орналасып, ресторанға барып шаршағанды басып, тамақтанып, қонып шығып ертесіне Таразға қарай жол тарттық.

Жол бойы құдағай екеуміз 70ші жылдардан бері қарай білетін әндерімізді айтып, арасында төртеуміз әңгіме айтып, өте көңілді күйде Тараз қаласына Гуля мен Бейбіт деген прокурор жігіттің үйіне келдік. Олар бұрын Қызылордада тұрған кезде Мұхамбет құдалармен көрші болыпты, біздің Меркеге бара жатқанымызды естіп, қонақ болып кетіңіз деп, малын сойып, дастарханын жасап күтіп отыр екен.

Бейбіттердің үйінен қонақасын жеп, кештетіп екі машинамен Талас өзенінің жағасына барып отырысты жалғастырдық, жігіттер суға түсті, біз жағада отырдық.

Талас өзені ағысы өте күшті өзен екен, Герекең сияқты жеңіл адамды ағызып алып кетерліктей. Жігіттер суға шомылып жүрген, бір кезде Герекең «Мұқа, бері келіңіз, мына жерде ағыс шамалы» деп құдасын шақырады, сөйтсе Мұқанбет құда Герекеңнен жоғарырақта судың бетінде жатып, әрі бір

теректің бұтағынан ұстап алып ағысты бөгеп қойыпты ғой. Құда Герекең «сізді ағыс алып кетпесін деп кедергі болып жатырмын ғой» деп жауап беріпті. Сол күні Бейбіттің үйіне қонып, ертесіне Меркеге келдік. Санаторий екі таудың ортасымен гүрілдеп ағып жатқан өзеннің жағасында екен, қасында арғы бетке өтетін көпір бар. Меркеде он күн демалдық, ваннасын, балшығын т.б. емдерін алдық, бассейнге түстік, ертеңгі тамақты номерден ішіп, тек түскі тамаққа асханаға суп ішу үшін барып тұрдық. Ал кешкі тамақты міндетті түрде номерден ішетінбіз. Бұлай істейтін себебіміз, көпірдің арғы бетіндегі ауыл адамдары қуырдақ, манти, котлет, шашлык, қымыз, шұбат сияқты қолдың тамақтарын әкеліп сатып жүрді. Біздер солардан өзімізге ұнаған тамағымызды сатып әкеліп, бірер шишамызбен номерде жайбарақат, әңгімемізді айтып отырып кешкі асымызды қымыз-шұбатымызбен қосып ішіп алып далаға серуендеуге шығып жүрдік. Далаға шығып серуендеудің бір қызығы болды, Герекең мен құдағай екеуінің аллергиясы ұстап, түшкіріп-пысқырып мазалары кететін еді. Шипажайдың, жалпы Меркенің өзінің, ауасы өте таза, гүлдердің түр-түрі бар, айналдыра көкорай шалғын шөп, сірә, Герекең мен құдағайға сол жерде өсетін өсімдіктердің біреуі жақпаған тәрізді. Аллергия шаршатқанда Герекең «құдағай екеуімізге свежий воздух противопоказан, сондықтан тездетіп ауылымыздың шаң-тозаңына оралайық» дейтін. Арасында Меркенің базарына барып қолдың қаймағын, сүт, жеміс-жидек алып келеміз. Қызылордадан шығарда Мұқаң бір қорап «Парламент» деген арақ сатып алған, күнде соның шетінен алып «жұқалап» жүрдік, азайып бара жатса орнына әкеліп толтырып қоямыз. Келген күні «Парламенттің» екі шишасын ішке алып келсек, құрымағырың жылып кеткен екен. Мұқаң «мынау жып-жылы енді бұны қалай ішеміз» дегесін мен құданың қолындағы екі шишаны туалеттің бачогінің ішіне салып қойдым. Крандарынан ағып тұрған су қара мұздай болатын, кешкі асқа әлгі екі шишаны мұздай қылып алып келсем, бәрі таңқалып, мынаны қалай салқындаттың деп сұрайды. Мен күліп «біздің номерде мұздатқыш бар ғой» десем, Герекең «қой, холодильник жоқ, өтірік айтып отыр» деп қояды. Мен қалай салқындатқанымды айтқанда бәрі күліп жатыр. Не зря говорят «голь на выдумки хитра» деп, содан кейін әкелген шишаларын маған беретін болды, «холодильнигіңе» салып қойшы деп. Базардан әкелген қымыз-шұбатты да солай салқынлатып ішіп жүрдік. Бір кеште терезеге қарасам толық ай таудың төбесіне қарай көтеріліп келеді екен, мен қолымды айға қарата жайып тұрып, Мұқана «айды алақанымда ұстап тұрғанда видеоға түсіріп алыңызшы» деп едім, ол кісіде қарап «ооо, прекрасный вид» деп видеокамераға түсіріп алды.

Бір демалыс күні бізге Бейбіт семьясымен келіп, барлығымыз таудың етегіне барып, көгалда отырып шашлык пісіріп, өлең айтып, билеп, суға түсіп табиғат аясында демалдық. Кештетіп біздер шипажайымызға оралдық та, Бейбіттер Таразға кетті. Таудан бастау алған өзеннің суы қара мұздай және ағысы қатты, таудан домалап түскен үлкен-үлкен тастардың ығында ғана суға түсуге болады.

Санаторийдегі демалысымыз аяқталған соң, төртеуіміз Алматыға жол тарттық. Біз кететін күні сіркіреп бастаған жаңбыр, артынан шелектеп құйды дейсің. Осындай қатты жаңбырмен жарысып Алматыға Маржандарға келіп түстік. Олар да біз келеді деп мал сойып, дастархандарын жайып күтіп отыр екен. Сол күні оларда қонақ болып, ертесіне Астанаға жол жүріп кеттік. Ол кезде Алматы-Астана асфальт жолы салынып бітпеген, әр жерде асфальттан түсіп, бұрқылдаған май топырақ жолмен шаңытып жүріп Астанаға да жеттік-ау. Астанаға келгенде шаңнан жылтыраған көзіміз ғана көрінеді. Астанада Мұхамбет құданың кіші қызы отбасымен тұратын, соларда бірер күн болып, жуынып-шайынып әрі қарай Бурабайға кеттік. Бурабайда төртеуіміз бір үй жалдап тұрдық, жаяу жүріп сосновый орман ішімен, саңырауқұлақ теріп, серуендеп, көлге түсіп, катермен серуендеп, машинамен аралап, Щучье көліне барып, Абылайды ақ киізбен көтеріп, хан сайлаған жерінде болдық. Жалпы ол аймақтың жері өте сұлу, демалуға тамаша жер екен, тек масасы көп, соған қарамастан қызықтайтын таулары да, көлдері де, ормандары да жеткілікті. Кавказбен, Қырымнан ешбір жері кем емес. Қазақтың Швейцариясы деп тегін айтпаған шығар. Бурабайда төрт-бес күн болып Астанаға қайтып келіп, келесі күні құдағай екеуіміз поезбен Алматыға кеттік. Герекең Мұқанбет құдамен екеуі машинамен келді Алматыға. Мұқанды жұмыс жағдайымен шұғыл шақыртып, ертесіне құда мен құдағай Қызылордаға жол жүріп кетті. Біз Маржандарда бір-екі күн болып ауылға қайттық. Одан кейін көп кешікпей Мұхамбет құда Алматыға көшіп, «Сандриллинг» компаниясына жұмысын ауыстырды. Біз Алматыға барғанда, олар Ақтауға келгенде ұдайы шақырысып, жақсы араласып тұрдық. Өкінішке орай 2012 жылы Мұқаңа соқыр ішек деп жасаған операциядан кейін, ол жаман ауру болып, жарты жылдың шамасындай уақытта құдамыздан айырылып қалдық. Мұқанбеттей құдасынан айырылғанда Герекең кәдімгідей жетімсіреп қалды. Құдамыздың қазасының артынан екі жылдан соң жалғыз баласына уақыт болды. Кеште жатып ұйықтаған адам, таңертең оянбай қалыпты. Иманды болғырлар бірінен соң бірі өмірден озып барлығымызды қайғыға салып кете барды. Арттарында қалған құдағай қазір Астанадағы кіші қызының қолында тұрып жатыр, өмір деген қас қағым деген осы екен.



Қарлығаш құдағаймен Арыс жағасында.



Құдағайлар көпір үстінде.



Меркеде тау етегінде.



Демалыс сәті.



Мұхамбет құда, Қарлығаш құдағай.



Құдағайлар Шымкент шаһарында.



Мерке шипажайы. Құдалар.

1989 жылдың март айында Динаның ұзату тойы болды. Бас құда болып Табылғанов Рахмет ағай келді. Оны көрген Герекең «сіз мұнда не істеп жүрсіз, неге келдіңіз» деп есіктен кіргеннен сұрақтың астына алмасы бар ма. Рахмет ағай «Гереке, келген құдаларды осылай қарсы алуға бола ма екен, әуелі отырайық, сосын келген шаруаларымызды айтамын ғой» деп күлген еді. Тойдан кейін Динаны алып кетіп бара жатқанда Герекең «Реке, мен бұрын сізді жақсы көретін едім, теперь вижу ты совсем не хороший человек» деп шығарып салды құдасын. Соңынан құдалармен араласып кеткеннен соң, жақсы қарым-қатынаста болды ол кісімен. Динаның атасы Сабыр құданың ағасы Жәңгір құда бізден гөрі менің папамдармен жақсы араласып тұратын. Жәңгір құдамыз қолы тигенде «құдағай, сенің әңгімең мен бауырсағыңды сағындым» деп келіп, отырып әңгіме айтып, анамның қолынан шайын ішіп кететін. Папамдар Ақтауға көшіп келген соң да, арнайы келіп тұрды, менің анаммен екеуі қызыл кеңірдек болып сөз жарыстырғанды жақсы көретін еді. Сабыр құда қанша «қызу» жүрсе де «Дина менің собственный келінім, басқа келіндерді өздерің ала беріңдер, маған жалғыз Дина жетеді, және оған қарап ешкім сөйлемейтін болсын. Менің Динам әрқашан дұрыс сөйлейді, жөнін біледі, дұрыс жүреді» деп Динаға шаң жуытпайтын еді. Қазір сол құдаларымның екеуі де о дүниелік болды, имандары жолдас болғай құдаларымның. Кеткен қызың барған жерінде осындай абыройға ие болса, ол ата-анасының да бақыты, абыройы деп ойлаймын. Ақзия құдағайым орны бөлек жақсы адам, өте еңбекқор, қулық-сұмдығы жоқ, басына қанша

ауыртпалық түссе де, еңсесін түсірмей, немерелерін үйлендіріп, шөбере сүйіп, бала-шағасына қамқоршы болып отыр.


Өмір сынақтары

Өмір соқпағы тек түзу даңғыл жолдардан тұрмайды, кедір-бұдыр соқпақтары да кездеседі екен. Ақ жолақ пен қара жолақтары кезектесіп тұратын зебра деген жылқы тектес аңның терісіндей, адам өмірі де бір қуанумен, бір қайғырумен өтіп жататыны белгілі. Өмір сонысымен де мәнді болатын болар ... Қуаныштың нағыз бағасын білдіру үшін Алла Тағала пендесіне өзі көтере алатындай сынақтарын да жіберіп тұратыны белгілі. Қазақтан сөз қалған ба, «Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ» дегендей бұл жалған фәниде бауыры бүтін пенде де болмайды екен. Сондай ауыр жағдай Искалиев-Қоқыбаевтар әулетінде де орын алды. Енемнің қазасы да жанымызға батты ғой, бірақ ол кісі бірталай жас жасап, балаларын аяқтарынан тұрғызып, немерелерінің қызығын қызықтаған еді. Ал өмір жолы орта жолға да жетпеген, балалары әлі жас адамның өмірден ерте өтуі айналасындағы бауырларына, тума-туысқандарына орны толмас өкініш әкелетіні белгілі.

2001 жылы жазда Герекеңнің жалғыз бауыры Марат іштегі ісік ауруынан қайтыс болды. Ең соңына дейін ауратынын адамға білдірмей жүре берген. Таңертең тамақ жемейді, түскі тамағын банкаға салып алып кететін болғандықтан оны ішкен-ішпегенін үйдегілер білмейді. Ал Марат болса үйден алып келген түскі тамағын қасындағы адамдарға береді де, кешке келгенде тамағын бірде ішіп, бірде тәбетім тартпай тұр деп, тұрып кетеді екен. Кейбір кездерде тәбет ашу үшін даладан аздап ішімдік ішіп келіп тамақтанады екен. Осылайша ауыратынын еш адамға сездіртпей жүргенде оның ауырып жүргенін әйелі де білмей қалыпты. Әбден қалжырап құлағанда, дәрігерлер операция жасап, сол күйінде қайта тігіп тастапты. Ота жасаған дәрігерлер іш құрылысы түгел метостаза болып кеткен, еш көмек бере алмаймыз деген көрінеді. Қаралы хабар жеткенде біз Алматыға демалысқа келгенімізге екі күн болған. Жаманат хабарды естіген бойда Атырауға ұшып келіп, Астраханьға таксимен барып, Волгоградқа автобуспен, әрі қарай Волжскийге тағы да таксимен жеттік. Маратты жерлеп, жетісін өткізіп, басына қоятын белгісін қара мрамордан жасайтын қылып тапсырыс беріп кеттік. Герекең жалғыз бауырының жанына жалау болып, дертіне шипа таба алмағанына, одан ерте айырылып қалғанына қатты қиналды.

Герекең білікті өндіріс ұйымдастырушысы, жақсы басшы бола жүріп Ералиевтегі қоғамдық жұмысқа да белсенді араласатын, барлық денгейдегі

сайлау жұмыстарын өткізуге атсалысатын. Ол кезде «Геолог» клубы бір сайлау округінің орталығы болатын да, Герекең көп жылдар бойы сол округтің сайлау комиссиясының төрағасы болды. Орталық алаңға орнатылатын Жаңа жылдық шырша безендіру жұмыстары да Герекеңсіз атқарылмайтын. Олай болатын себебі, ол кезде гирлянда қолдан, БПО-дағы электроцехте дайындалады. Гирлянда дегеніміз биіктігі 5-8 метр болатын шыршаны бірнеше орайтын, түрлі түсті бояумен боялған лампочкалар жалғанған ұзын провод. «Шыршаны» да БПО-да қолдан жасайтын, биік жуан құбырдың жан-жағына түтікшелер пісіреді де сол түтікшелерге шыршаның бұтақшаларын кигізіп қойғанда биік шырша болып шыға келетін. Бұлардың барлығы БПО-ның цехтарында дайындалатын. Ал шыршаны безендіру КЭ «МНГР»-дің кәсіподақ комитетіне жүктелетін. Шыршаның айналасына әртүрлі ертегі кейіпкерлерін, мыстан кемпірдің үйшігін жасау, суреттер салу суретші Оңғалбаев Қалиге тапсырылатын. Осындай дайындық жұмыстарын жасағанда шаршағанмен, Жаңа жылда адамдар отбасыларымен келіп қызықтағандарын көргенде, жүрегіңді қуаныш кернейтін еді. Герекеңнің соңғы жасаған жұмысы, ол Ералиевті Құрық деп атын ауыстырғаннан кейін, Ақтау жақтан поселкіге жолдың кіретін жерінде постаменттің үстінде орналасқан бұрғылау құбырларын иіп жасаған «Құрық» деген жазу болатын. Осы белгіні сапалы, көрнекті қылып дайындау үшін Герекең он күн бойы жігіттерімен түнгі сағат 12-ге дейін, уақытпен санаспай жұмыс істеген болатын.





Социалистік жарыстың жеңімпазы құрметіне «Еңбек даңқы» туын көтеру сәті. Комиссия төрағасы комиссия Герой шешімін жариялауда.

1992 жылы жазғытұрым айларында Герекең белінен шойырылып, аяғын баса алмай қалды. Ералиевтің ауруханасында екі ай жатты, ештеңе

көмектеспеді, керісінше күннен күнге нашарлай берді. Сөйтіп жүргенде Герекеннің халін сұрауға ауруханаға Бегниязов Нұржан келіп, оның мынандай халін көріп «Гереке, мына жатқаның болмас, қалада менің таныс нейрохирург досым бар, ертең сені соған апарып көрсетемін. Бүгін ауруханадан сұранып шық, ертең сендерді Ақтаудағы облыстық аурухананың алдында күтемін» деп кетіп қалды.

Ертесіне Герекенмен облыстық ауруханаға келсек, Нұржан күтіп тұр екен. Нұржан екеуіміз екі жағынан демеп Герекенді аурухананың екінші қабатына алып келе жатқанымызда артымыздан бір дәрігер келе жатырған болатын. Жоғарыға көтеріліп кабинетке кірген бойда әлгі дәрігер Геройдың бел омыртқаларының қайсысы қандай жағдайда екенін, солардың салдарынан аяғы бастырмай қалғанын, қай жері қалай ауратынын, біз әкелген рентген суретіне қарамай-ақ айтып берді. Қортындысында тек операция ғана көмектесетінін айтты. Біз аузымызды ашып қалдық, Герекен сол бойда, еш ойланбастан келісімін берді. Дәрігердің жаңағы айтқандары түп-түгел Ералиевтегі дәрігерлердің айтқанындай, бірақ не себепті біздің ауылдың дәрігерлерінің өз қолдарынан емдеу келмейтінін біле тұра неліктен қалаға жібермегенін түсінбедік. Сонымен ол дәрігер - нейрохирург Чагай Борис Андреевич екен. Ол бізге «бүгін, ертең ауруханада бос орын жоқ, сондықтан екі күннен кейін келіңіз» деп қоя берді. Геройды екі күннен кейін, келген бойда ауруханаға жатқызып, бір күн дайындап, ертесіне операцияға алып кетті. Герекенді каталкамен ішке алып кеткеннен үш сағаттан аса уақыт, Жұмағалиев Ердаулет екеуіміз тікемізден тік тұрып коридорда күттік. Біраздан кейін хирург іштен шығып, өз кабинетіне кіріп, есігін жауып алып, бізбен сөйлеспей қойды. Тағы біраз уақыт өткенде медбикелер Герекенді палатаға алып келіп, төсегіне жатқызып кетті. Ол наркоздан кейін әлі есін дұрыс жия алмай жатыр еді, палатаға Чагай келіп қарап «все хорошо, все нормально, скоро очнется, ни в коем случае не давайте пить, только губы смачивать мокрой марлей» деп, сосын маған қарап «а когда у него был перелом позвоночника?» деп сұрады. Мен «білмеймін, мен Герекенмен бірге тұрғаныма 28 жыл болды, сол уақыттың ішінде оның еш жері сынған жоқ» дедім. Сосын Чагай «у него два позвонка срослись между собой, разъединить их невозможно, а между ними остался защемленный нерв и пока этот нерв живой, Герой будет ходить, но одна нога будет потихоньку усыхать и когда питания не будет, ноги откажут, сколько это займет времени не знаю, кроме того еще в трех местах было защемление, их открыл и вставил пластины, больше ничего не будет» деп түсіндіріп кетті.

Жаймен Герекен ояна бастады, су сұрады, ол әбден есін жиған мезгілде Чагай тағыда келіп «ну Герой, встанька» дейді, менің зәрем кетіп тұр, қазір

сылқ ете түсетін шығар деп, бірақ Герой орнынан тұрды. Чагай оған «терезеге дейін барып, кейін қайтып кел» деді, Герой жаймен жүріп терезеге дейін барып, кейін қайтып келді. Чагай «вот молодец, все нормально, на сегодня хватит ходьбы, завтра можешь вставать, ходить осторожно, теперь он будет отдыхать, а вы можете идти домой» деді маған қарап. Мен қалуға рұқсат сұрап едім, келісті, мен сол түні Герекеңнің қасында қалдым.

Таңертең өзі тұрып, жаймен туалетіне барып келді, обходқа келген Чагай «ну как наши дела, Герой» деген сұрағына, «у меня все отлично, если отпустишь, поеду домой» деді Герекең, іштегі кісілер күліп жатыр «он уже домой собрался» деп. Чагай «Конечно через два-три дня ты пойдешь домой, а пока лежи, много не ходи и на ногах много не стой» деді.

Сөйтіп, құдай сәтін салып, Нұржан марқұм, иманды болғыр, себепші болып Герекең өз аяғымен жүріп кетті. Одан кейін жиырма жылға жуық уақыт өткенде ғана бір аяғы солып бастады, соңғы мезгілде сол аяғы, оң аяғынан көп жіңішке болды, аздап сүйреп басатын, бірақ жүріп жүрді, баратын жерлеріне өзі барып жүрді. 1994 жылы біз Ақтауға баламыздың қасына көшіп келдік, бір үйде болғанмен, подъездеріміз бөлек тұрдық.

1995 жылы жеңілдік тізіміне сәйкес Герекеңе зейнетақы тағайындалды, бірақ ол жұмысынан қалмады. 1996 жылдың апрель айында «Маңғыстау геология» АҚ-ның геология бөліміне экология және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жетекші инженер болып ауыстырылды.

Бұрын БПО-да жасап жүргенде үй көрмейтін Герекең, эколог болған уақытта мұрын сіңбіретін уақыт таппай қалды, шеті жоқ қағаз жазу, оларды әртүрлі мекемелерге апарып қол қойдыру сияқты шаруалармен жүгіріп жүрді. Баяғы заманда экспедицияның қазып кеткен скважиналарының айналасын рекультивация жасату жұмыстарымен айналысты, сол мезгілде жұмыс бағымен Ғиззат Балмуханбетовпен тығыз қарым қатынаста болды. Бірде Ғиззатқа қалжыңдап «осы Герекең менің шалым емес, сенің шалың болды-ау» десем, Ғиззат қарқылдап күліп «Реке, ренжімеңізіші, у нас чисто мужская любовь» деген еді.

КЭ «МНГР» «Маңғыстау геология» акционерлік қоғамына айналған кезде барлық қызметкерлерді контрактіге отырғызған болатын. 1998 жылдың басынан бастап зейнет жасына жеткені бар, жетпегендері бар, қызметкерлерді жұмыстан шығара бастағанда, январдан бастап мен кеттім, июльде Герекең кетті жұмыстан босап. Сол мезгілде біз өте бір ыңғайсыз жағдайға тап болдық, пенсияға жасым жеткен жоқ, жұмысқа жүрейін десем, жасы 50-ден асқан адамдарды жұмысқа алмайды, әсіресе әйелдерді. Маған Герекең «осы жұмыс істегенің жетер, енді жұмыс іздеме, ешкімнің алдына

барма» деп қара жұмысқа жібермей қойды, «менің тапқаным екеуімізге жетеді» деп жүргенде июль айында өзі де жұмыстан шығып қалды.

Өмір бойы жүгіріп, бір нәрсеге қол жеткіземін деп талпынып жүріп, бір күні үкіметке де, мекемеге де, ешкімге, ештеңеге де керегің жоқ болып қалғаннан жаман нәрсе жоқ екен. «Өміріңде бір тыныш отырып тамақ ішпейсің, күнде бір жаққа кетіп бара жатасың, бір тойға екеу болып барсақ, екі тойға жалғыз барамын, таңның атысы, күннің батысы жұмыс-жұмыс деп шабасыңда жүресің» деп Герекеңе күңкілдеп қоятын едім бұрын, енді жұмыстан қалған күннен бастап екеуіміз сөйлеуден қалдық. Мен әйтеуір тұрып үй шаруасын істеймін, тамақ пісіремін дегендей, әйелдердің үйдегі бітпейтін күйбең тіршілігімен айналысамын. Герекең болса тамағын үндемей отырып ішіп, тұрып телевизордың алдына барып жатады, сол жатқаннан келесі тамаққа шақырғанша бір ауыз сөз сөйлемейтін болып алды. Мен оны осылайша жынданып кететін шығар деп қорыққанмын.

Бір күні түскі тамақ ішіп отырғанда телефон шыр ете қалды, алсам Хаиров Уали екен. Аман-саулық сұрасып болғасын, телефонға Герекеңді сұрады, екеуі сөйлесіп отырғанда, Герекең Хаировтарды балдыз қылып ойнайтын әдетіне салып «апаңызды өздеріңіз бақпасаңыз, менен көмек жоқ, жұмыссыз жатырмын үйде, пенсиям өзіме де жетпейді» деп күлді. Сонда Уали «соны айтарыңды біліп, сені жұмысқа шақырайын деп телефон соғып отырмын, Қарақұдыққа тез арада аға механик керек, келсең жақсы болар еді» деді. Сонымен 1998 жылдың сентябрь айында Герекең «Қарақұдықмұнай» мекемесіне жұмысқа жүріп кетті. Онда да абыройлы, сыйлы болды, тіпті жұмыстас американдықтармен достасып кетті. Американдықтар вахтаға келген кезде Герекеңе Америкадан сыйлықтар әкеліп жүрді. Он бес күн жұмыста, он бес күн үйде болады, көңілі көтеріліп, бойына тау қопарардай күш-қайрат пайда болған сияқты.

Бұрын Герекең екеуіміз жыл сайын еңбек демалысында санаторийлерге барып демалып жүрдік, Кавказдың Пятигорск, Кисловодск, Железноводск дейтін қалаларына. Оның үстіне Железноводсктегі «Геолог Казахстана» дейтін санаторийді арнайы геолог-барлаушылар үшін КЭ «МНГР» салған болатын. Онда жазда балалар пионерлагері болады, сентябрьден бастап жұмысшылар дем алады, емделеді. Соңғы рет ол санаторийге 1993 жылы бардық. Сол уақытта ол санаторийге Алматыдан семьясымен (жеңгеймен немерелерімен) Өзбекғалиев Халел ағай келді, ол кезде екеуі де зейнеткер. Олар келместен бір күн бұрын Ресей ақшасын ауыстырып, біздерге тек кері жолға жететін ақша беріп, қалған ақшамыз сол күйі пайдасыз болып қалды. Халекеңдерге кейін қайтуға билет алатын орыс ақшалары болмағандықтан, санаторийдегі дем алып жатқан адамдар болып ақша жинадық. Бірақ өзімізге

де өлшеп берген ақшаның артығы шамалы болып олардың билетіне жетпеді. Халекеңдер уайымдап қалды, оны көрген санаторийдің директоры «Халел Жағыпарович, не переживайте, давайте завтра с вами пойдем к мэру города на прием и объясним ситуацию» деп ақылын айтты. Ертесіне екеуі мэрияға кетті, іште қалған бәріміз уайымдап отырдық, екі сағаттан кейін ағай мәз болып келіп тұр «мэр бізді жақсы қарсы алып, вы у нас почетный человек, поэтому Ваши билеты оплатим сами» деп билеттерін алып беріпті. Осындай қиын жағдайға тап бола тұрып Халекеңнің ресей еліне де абыройлы адам екенінің куәсі болғанымыз бар.

Мен 1974 жылдан бастап Халекеңнің қарауында жұмыс істесем де бір де бір рет алдына барып көрмеппін, тек анда-санда төрелердің той-садақаларында кездескенім болмаса. Отырып жөн сұрасудың реті санаторийде болған уақытта келді. Халекеңнің жұбайы София апайды жақсы танытын едім, ол Хаиров Нұржан ағайдың қарындасы ғой, сол үйге келіп жүргенде танысып, араласып кеткенбіз. Сол жерде күнде кеште бәріміз жиналып шай ішіп, Халекеңнің әңгімелерін тыңдап, кейде базардан қойдың етін әкеліп асып, бешбармақ жеп мәз болып қалатын едік. Сондай бір отырыста Халекең «Герой, мен сені төрелердің той-садақаларынан көріп, сені төре шығар деп жүрсем, сен күйеу бала екенсің ғой» деп күлген еді. Бұл біздің Халекеңдерді соңғы көруіміз екен.

Герекең «Қарақұдықмұнайда» жұмыс істеген мезгілде де жыл сайын Қазақстандағы санаторийлерге барып жүрдік, өйткені мекемесі отпускной ақшасымен қосып, емделуге қосымша ақша төлеп тұрды.





Қаракұдықтағы жұмыс сәттері.

2002 жылы американдықтар мекемені орыстарға «Лукойлға» сатып жіберген соң, олар қарауындағы автокөліктерді басқа мекемеге беріп, өздері керегін жалға алып отыратын болып, механиктерді қысқартты. Сол кезде Герекең арыз жазып, өз еркімен АЗС-ке оператор болып кетті. Бірде келіп «мекеме көліктерін сатып, механиктерді қысқартып жатыр, сондықтан мен АЗС-ке оператор болуға арыз беріп келдім, ол жер тыныш, өзіммен-өзім отырайын деп ойладым» деді. Сонымен заправщик болып 2010 жылға дейін, сегіз жыл қызмет істеді. АЗС-тың айналасына үлкен жеміс бағын егіп, бақша салып, құлпынай отырғызып, гүлдер егіп құлпыртып қойыпты. Көрген адамдар айтып келді «Герой в степи такой оазис развел, если он в этом году в землю палку воткнет, то в следующем году у него там дерево растет» деп. Бірақ бақтың жемісін келген-кеткен шоферлар, «Қаракұдықтың» жұмысшылары көріп жүр деді.

Герой БПО-да қызмет істеп жүрген кезде кабинетінде үлкен бөшкеде «китайская роза» гүлі өсіп тұрған болатын. Өте әдемі, қысы-жазы гүл шашып тұратын. Әдемі гүлді көріп қызыққан кадр бөлімінің инспекторы Қуатова Үміт маған келіп «апа, Герекеңнің кабинетіндегі гүлді сұрап алғым келіп жүр, бірақ өзім ағайға айтуға ұяламын, сіз сұрап алып беріңізші. Кабинетіне разнарядкаға келген жігіттер темекі тартып, окуроттарын гүлдің бөшкесіне салып кетеді, никотині гүлді өлтіріп тастайды ғой, сондықтан мен кабинетіме алып қойғым келеді» деді. Мен ол кезде «Ұңғыларды сынау және бекіту» мекемесінде істеп жүргенмін. Үміттің айтқанын жерге тастамайын деп мен солай деп Герекеңе айтып едім «ала берсін» деп рұқсатын берген соң Үміт гүлді кабинетіне апарып қойған. Бірақ роза жаңа жерге келгесін гүл шашпақ

түгіл жапырақтары төгіліп, жалаңаштанып құр бұтақтары қалады. Гүлдің бұлайша қурап қалу жағдайын түсінбеген Үміт гүлді қайтадан Герекеңнің кабинетіне апарып қояды. Бір азғантай мезгілде бұрынғы өз орнына келген роза гүлі қайта жапырақтап, қайта гүл шашып құлпыра бастайды. Гүлдің бұндай құбылысына Герекең «розаға темекінің түтіні керек болған шығар, мен оған басқа ешнәрсе берген жоқпын» ғой деп күліпті.

Темекі демекші, бұрын күніне бір пачка темекі жетпейтін Герекең, темекісін бір күнде тастап кетті. 2008 жылы апрель айында жұмыстан келген күні «мен ертеңнен бастап темекі тартпаймын» деп басталған пачкасын тоңазытқыштың үстіне тастай салды. Мен 60 жыл темекі тартқан адам, бір күнде тастай алмас деп ойлап едім, бұрын тамақтан кейін міндетті түрде темекі шекпей отырмайтын Герекең, еш қиналған жоқ, қайтып қолына темекі ұстаған жоқ. Жігер күші өте мықты адам ғой. Герой кейде адамды сондай тосын мінезімен таң қалдыратын еді, тамақ болсын, дәрі болсын, Герекең ішпеймін деді ме, бітті, енді қайтып оны қолына да алмайды.

2010 жылы Герекең 70 жасқа толғанда «Қарақұдықмұнайдың» басшылығы конторға шақырып, алғыстарын айтып, бір миллион тенгеге сыйлық алып беріп, зейнет демалысына шығарып салды.

«Қарақұдықмұнай» мекемесіне жұмысқа жүргеннен бастап Герекең бірнеше орыс жігітпен достасып кетті. Сол достықтары өмірінің соңына дейін жалғасты. Сол жігіттердің бірі Ситников Жора, Герекең ауырған 2015 жылдан бастап, жұмасына бір рет міндетті түрде телефон соғып, Герекеңмен қалжыңдасып, өз проблемаларын айтып, кейде Ақтауға, кейде дачасына «мальчишникке» шақырып алатын. Ералыға да әйелімен бірнеше рет келіп қонақ болып, қонып кетіп жүрді. Бірде сондай бір «мальчишникке» Герекең барғысы келмегенде «меня Райхан не отпускает» десе, Жора «слушай, с каких это пор ты стал подкаблучником у жены» деп қарқылдап күлетін көрінеді. Бірде керісінше болады, әйтеуір екеуі телефон арқылы ұзақ әңгімелесетін. Кейде Жора телефон шалып «Герой, ты еще живой» деп әзілдесе, Герекең де оған «живой, живой, помираю пока не собираюсь, не дожدهшься» дейтін. Соңғы рет Жора біз Ақтауға келгесін Герекеңнің халін сұрайын деп келгенде әзілдеп «ну что, поедем на мальчишник» десе Герекең «меня Райхан куда не пускает, раньше был подкаблучником, а теперь совсем к подошве прилип» деп әзіліне әзілмен жауап берген. Екеуінің осындай әңгімелерінің артында жалғасатын түрлі «француз обороттары» бар болатын, соған екеуі де маз болып күліп алатын еді. Бірде, Саша дейтін досы жиналмалы кішкентай отырғыш жасап алып келіпті «Герой, я для тебя смастерил жопник, когда ты ковыряешься в огороде чтобы не сидел на сырой

земле, а сидел на стульчике» деп, содан кейін ол отырғыш «жопник» болып аталып кетті.

Мен әңгімемді тағы 80ші жылдардың бас жағына бұрамын, 1982 жылы біздің қолымызға менің Маншук деген сіңлім келді. Бұрын Шоңайда тұрған, үлкен баласы жеті жасқа келгенше көтерген балалары тұрмаған соң, қазақтың дәстүрі бойынша «жер ауыстырса бала тұрады» деген оймен, жүкті болған соң біздің қолымызға келді. Баласын аман-есен босанды, дүниеге Ерлан есімді ұл келді. Сол кезде Герекең сол балаға өте қатты бауыр басып кетті, жұмыстан келген уақытта бесігінен шешіп алып, қолынан тастамай көтеріп жүретін. Бала да оған үйреніп алып, Герекең есіктен кіргеннен күліп, мәз болып әуелі еңбектеп, соңынан тәй-тәй басып, бізден бұрын алдынан шығатын болды, былдырлап бірдеңелер айтады. Сонда Герекең «Ерланға қайсың тиіскен, міне жалоба айтып тұр, қазір сендердің мәселелеріңді қараймын» дейтін. Ол кезде үйге қарайған газет-журнал келеді. Герекең келген газет-журналдарды оқып отырса, Ерлан кейде қасында, кейде тізесіне отырып алып ол да газет-журнал қарап отыратын. Герекең оған «балам, бұл кітап, мынау газет-журнал, оларды жыртуға болмайды» деген сөзін түсініп, тыңдап, ешнәрсені жыртпайтын. Герекең жатса, қасына жатып алып оның қолын ұстап жатады да, Герекең ұйықтап кетсе тұрып келіп біздерге «ата пух болды» деп, саусағын ерніне тигізіп үндемеңдер деген белгі береді. Өз балаларының бетінен сүймейтін адам, сол кездегі Ерланды еркелеткен, соңынан өз немерелерін, шөберелерін еркелеткен балажандығын көргенде мен қатты таң қалдым. Өзі де айтып отыратын «шынымен, немере өз балаңнан тәтті болады деген дұрыс әңгіме екен ғой» деп. Балаларына телефон шалып кішкентайларды алып келіңдер деп өзі шақырып алып, екі-үш сағаттан кейін «үйлеріңе қайтыңдаршы, сендердің айқайларыңнан басым қазандай болып кетті» дейтіні де болатын.

1986 жылы жазда Герой екеуміз ауылға барып менің папам мен анамды және кенже сіңлімді көшіріп Ералиевке алып келдік. Екеуі де зейнеткерлік демалысқа шығып тек қолдарындағы малға қарап қалған болатын. Ал қолдағы малға қысқа жем-шөп әзірлеу керек, оған өздерінің жағдайлары келмеді. Қолдарында шаруа істейтін бала жоқ, қыздар жан жақта, күйеуге кеткендері күйеулерімен, кетпегендері оқуда. Біздің қолымыздан мектеп бітіріп кеткен Ильяна, Ташкенттің байланыс институтына оқуға түсті, одан кіші қыз Қарлығаш Волгоградта теміржол училищесінде оқып жатты. Жалғыз баласы Шапхат Волгоградта жұмыс жасады, келіні студент. Кіші баласы Медхат 1981 жылы әскерден аман-есен келіп, суға кетіп қайтыс болған болатын. Оның үстіне перекачка көшіп кеткесін Шоңай баяғы күйінен айырылды, көп үй қаңырап бос қалып, ауылда тек малмен отырған

кемпір-шалдар қалған болатын. Бұрынғыдай мал бағатын малшы жоқ, малды өздері кезектесіп бағады, оның үстіне мал жайылатын жерлері де, егін салатын жерлері де Ресейдің ракета сынайтын полигонына айналған. Сондықтан күйлері болмай қалған оларды қасымызға көшіріп алғанды жөн көрдік. Папам көшіп келгесін Ералиевтегі «Сельхозтехника» мекемесіне жұмысқа жүріп кетті. Папамдарға ауылдық кеңес Ұлы отан соғысының ардагері ретінде біздің үйден екі бөлмелі пәтер берді. Маншук станция Ералиевте өз мамандығы бойынша жұмысқа жүріп, пәтер алды, үлкен баласын мектепке, Ерланды бала-бақшаға берді. Маншуктің Шоңайдан күйеуі келіп, ол тағы бір қызды болды. Соңынан күйеуі ішімдікке салынып, жұмыс істемей, өздерін ұрып-соғып берекелерін кетірген соң Маншук онымен ажырасып, үш баласымен өз күнін өзі көріп кетті.

1991 жылы біз келініміз Айгүлге №4-ші жатақханадан кішкентай дүкен ашып бердік. Негізінде №4-ші жатақхана оқу-курстық комбинатының оқушылары тұратын жатақхана болатын, оқу комбинаты жабылған соң бос қалған болатын. Айгүл дүкенде азғантай уақыт істеп, Роман институтқа түскесін, бәрін тастап Ақтауға кетіп қалды. Сосын ол дүкенді анама бердік. Мен барлық жерде анам деп жаздым, өйткені мен ол кісіні мама деп айтып көрмеппін, мама деп Маржан екеуміз бізді бауырына басқан әжемізді, папамның мамасын атайтынбыз да, ал анамызды Әужа дейтінбіз. Дұрыс аты Рауза болатын, бізден кейінгілер Раузаны мама деп кетті.



Әкем Садық, анам Рауза. п.Ералиев. 1986ж.

Сол 90-шы жылдардың басында халық не зейнетақысын ала алмай, не айлықтарын ала алмай қиналып, көпшілігі күнкөріс қамымен жағдайы көтергендер жаппай қалаға көше бастады. Біздің көршілер Кенжин Сәрсенбай, Магомедбеков Магомедбек, Рустамханов Рустамхандар да көшіп кетті. Сарсенбайлар Ақтауға, Магомедбек пен Рустамхан Дағыстанға кетті.

де, зейнетке шыққанша кетпеймін деп Рустамханның әйелі Ералиевте қалып қойды. Көршілерден босаған пәтердің біреуін сатып алып қалған анам, екінші пәтерді поссоветтен қолындағы инвалид қызына сұрап алды. Бізге осы үйлердің біреуін дүкен жасап бер деп өтінген соң, Герекең екеуміз сол пәтерді жөндеп, бір бөлмесін кеңейтіп және кухнясын қосып, балкон жақтан есік шығарып, сырттан кіретін баспалдақ жасап, дүкен ашып, жатақханадағы дүкенді көшіріп бердік. Осы дүкеннің арқасында олар өздерінің еңбегімен ақшадан қиыншылық көрмей өмір сүрді сол жерде.

1999 жылы Алматыдағы Шет тілдер институтын бітіріп, Маржанның кіші қызы Гауһар Ақтауда жаңадан ашылған Еңбек академиясына жұмысқа жүріп, ағылшын тілінен сабақ берді. Біздің үйде тұрды, сол кезден бастап ол біздің қызымыз болып кетті. Гауһарды Герекең «біздің қыз» дейді де, ал Гауһар Герекеңді «мой дядя» деп атайтын. Алматыға барған сайын, бізді үйіне бір қондырмай жібермейді. «Осы қыздың тойын өзім жасаймын» дейтін еді Герекең, бірақ олай болмады, Гаухарымыз әлі тұрмысқа шыққан жоқ.

Біз Маржандарға барған сайын Герекең тапсырма беріп, бажасы Серікті үйдің шаруасын жасауды үйретті. Әуелі отырған ескі үйінің сыртын жөндеуден бастап, машина оңдайтын жеріндегі шашылып жатқан инструменттерін жалтыратып сүртіп, бәрін қаз-қатар іліп, уақ-түйекті қораптарға салып жинап қоюды өзі қасында істеп жүріп көрсетті. Алматыға бір барғанымызда «Серік, сенің бақшаң үлкен, барлығына бәрібір ештеңе отырғызып жатқан жоқсың, сол бос жерге неге үлкен үй салып алмайсың» деп ақыл айтқан болатын. Келесі жылы келсек Серік жаңа үйдің фундаментін салып қойыпты, телефонмен Герекеңе ананы істедім, мынаны істедім деп есеп беріп, ақыл сұрап тұратын болды. Бұдан кейінгі жылы барсақ керемет етіп үйін тұрғызған, кухнясының мебелін жасатып жатыр, үйлері кең және әдемі болып шыққан. Герекең «енді шеберханаңды мында көшіріп, машинаң тұратын жердің төбесін жап, моншаңды қайтадан жаңғыртып, ішін вагонкамен қапта. Цементтен құйып, есіктің алдындағы бақшаның ортасынан өтетін жол жаса, үйдің ауласын әдемілеп тұрғыз, екі жаққа қақпа сал» деп ақылын айтқан болатын. Серік бәрін сықитып істетіпті, ауласын түгел жаңартыпты Бұны көрген Герекең «Серікжан ты настоящим строителем стал, все умеешь, вон какой дом отстроил» деп мақтаса, Серік «Ой Гереке, если бы ты не подтолкнул, то я бы сам такой дом не построил» деп күледі. «Это ты у меня молодец, хорошо умеешь руководить» деп екеуі бірін-бірі мақтайтын.

2005 жылдан, үш-төрт жыл қатарынан төртеуміз бір жұмаға Алматы облысы Ұйғыр ауданының Шонжа поселкесінің аумағындағы көптеген минералды источниктерге барып тұрдық. Ол жерде бұрын Сов.Минның

санаторийі болған екен, үкімет кеткенде санаторий да жайына қалып, қолы жеткен тонап алған. Источниктердің суы далаға ағып жатты, адамдар өздері барып суға түсіп жүрді. Біз бес источникке кезекпен барып жүрдік, екі источник белі, аяқтары ауыратын адамдарға шипа болса, біреуі іш құрылысы ауыратын адамдарға ем екен. Бір источниктен ағып жатқан су тұрған йод, суға түссең, бес минутқа жетпей тұла бойың қып-қызыл болып шыға келеді. Бұл тек шет жағына түскеннің өзінде, ал ағып тұрған судың астына тұру мүмкін емес, өте ыстық. Соңында суы қара мұздай «серебряный» деп аталатын, құрамында күміс бар деп, сол жердің білетін адамдары айтқан источникке барып жуынып, баклажкаға толтырып алып келіп шай қайнатып ішіп жүрдік. Серебряный источникке суға шомылып шыққанда кәдімгідей жеңілдеп, сергіп қаласың, ішке келіп жатсаң қалай ұйықтап қалғаныңды сезбейсің. Ол жаққа барғанда біз Шонжа поселкесінен 25-30 шақырымдай жерде, Қытай шекарасындағы Хоргос қаласына баратын үлкен жолдың бойында әдемі етіп салынған «Мираж» демалыс орнына орналасып жүрдік. Бұл демалыс орнын бір кәсіпкер салған екен. Сол жерден төрт кісілік бір номер алып тұрдық, ішінде телевизор, кондиционер, тоңазытқыш, душ, әжетханасы бар. Асханаға жейтін түскі және кешкі тамаққа алдын ала тапсырыс беріп қана тамақ ішуе аласың. Немесе тамағыңды ішке әкеліп ішуге де болады. Біздер шайды өзіміз источниктен әкелген күмісі бар судан қайнататын болғасын, тамақты да ішке алдырып іштік. Сол «Мираждың» ішінде бассейн жасатып, оған бір источниктен су тартып алған. Су тәулік бойы бассейннің жоғарғы жағынан құйылып, төменгі жағынан далаға ағып кетіп жатыр. Бассейнді тазалайтын уақытта ғана суды жауып, дезинфекция жасап болғасын қайтадан жібереді. Сенбі, жексенбі күндері адам өте көп келеді, сондықтан біз оңаша уақытта бисенбіден сенбіге дейін бассейнге барып жүрдік. Бір-екі жыл солай болды, үшінші жылы әркімдер источниктерді меншіктеніп, шамасы келгендеріне қарай демалыс орындарын салып, ванналар, бассейндер жасатып, ақылы етіп қойыпты. «Мираждың» иесі ашық бассейннің қасына жабық бассейн салдырып, демалыс орындарын көбейтіп, тағы қосымша коттеждер салғызыпты. Ақылы қызмет түрін көбейтіп, жалға беруге квадрациклдар сатып алып, балалар үшін ойын алаңын салғызыпты. Ұйғыр ауданының жерінде сексеуіл көп өседі екен, бірақ оны шабуға, жинауға рұқсат жоқ, Қызыл кітапқа енгізілген. Бір талымен ұсталса да үлкен көлемде айыппұл төлететін көрінеді. Ол жердің ауа-райы біздің Жетібайдың ауасындай, күндіз қатты ыстық, жел топырағымен қоса, кештері тымық, қатты салқындап кетеді.

«Адамда бажа тату, малда бота тату» дегендей, Герекең бажаларымен өте тату болды. Олардың бәрі Герекеңнен кіші болғандықтан оның айтқанын

тыңдап, екі айттырмайтын. Бажалары әр жағдайда Герекеңе қолдау көрсетіп жүрсе, Герекең де олардан қолынан келген көмегін аяған емес.



Бажалар Әнуар, Герой, Серік, Садуақас. Ақтау. 2005 ж.

2000 жылы папамдар Ақтаудан екі бөлмелі пәтер сатып алып, көшіп келді. Ол кезде Ералиевтің күйі нашарлап, халықтың көбі үйлерін тастап қалаға көшіп жатты. Иесіз қалған үйлерді кейбір адамдар тонап, есік-терезелерін, еден тақтайларын, төбесінің шиферларына дейін ұрлап сатып бүлдірідей бүлдіріп жатты. Бұрынғы түрлі түсті бояумен сырланған әп-әдемі қалашық осындай тонаудан кейін аз уақыттың ішінде бомбалаудан кейінгі қалалардың күйін кешті. Анам өзі қалаға көшерде дүкенге сатушы жалдаған екен, ол заттарын сатып, ақшасын алып кетіп қалыпты. Бір күні анам келіп «сен Ералиевке барып дүкенге жұмыс істесейші, бәрібір бос жатырсың ғой, мен шаршадым, дем алайыншы» деген соң, Герекеңмен ақылдасып едім «өзің біл, істеймін десең істе» деп рұқсатын берді. Мен білекті сыбанып кірісіп кеттім, екі-үш ай дүкенші жалдап көріп едім, еш пайда болмады, сосын ол дүкеншіден бас тартып, өзім барып дүкенші болып істеп кеттім.

Менің өзім дүкенмен айналыса бастағасын, Герекең ішіндегі витриналарды, прилавкаларды, тоңазытқыш, кондиционер барлығын жаңадан сатып алып беріп, оған қоса товар алатын ақша бергесін ескі дүкеніміз жарқырап әп-әсем минимаркет болып шыға келді. Герекең 15 күндік жұмысынан келетін күні мен оны Ақтауға келіп күтіп алып, ертесіне Ералиевке базардан керек-жарағымызды алып кетіп, ол жұмысқа кетер алдында бір күн бұрын келіп, оны жұмысына жіберіп, мен өзім тағы базарға соғып керек-жарағымды алып кетіп, дүкеннің саудасын жүргіздім. Бір қызығы, Герекең менімен базарға товар алуға барғанда алдынан сауда жасап жатқан таулықтар (көбі азербайджан жігіттері) жүгіріп келіп амандасып, өз дүкендеріне шақырып, алған товарымызды өздері санап, тиеп беретін. Герекеңе отырғызып шай әлде кофе ұсынатын, товарларының жақсыларын беретін, өздері айтады «мынау сапалы, мынау сапасы нашар, мынау товар жақсы сатылып жатыр» деп, ол айтқандары шынымен де солай болатын.

Ол кезде затты Ақтаудың базарынан таксимен тасимыз, бізге көп көмегі тиген Корнеев Сергей деген азамат. Әйелі Надя, экспедицияда радист болып істеген, өте жақсы адамдар еді. Сергей айтқан уақытынан бір минут кешікпейтін, барамын деген жеріңе қиналмастан, бір ауыз сөзге келмей апаратын, сатып алған заттарымды өзі тиеп, өзі түсіріп беретін. Машинаға отырғаннан кейін музыканы косып, «а теперь расслабься и отдыхай» дейтін. Герекең тек Сергеймен жүретін, алғашында бір күн бұрын ескертіп қойып жүретінбіз, соңынан ол өзі хабарласатын болды. Герекең мен Сергей барғанша, келгенше әңгіме соғып, қалжыңдасып жүретін. Сергей де біздің экспедицияда АТЦ мекемесінде трубовоз машинасын айдаған жүргізуші. Герекең екеуі анда-санда екеуі бір жартыны бөліп ішіп алатын, Корнеевтер біздің алдымыздағы үйде тұрды.

Ол заманның бір жаман жері, сауда жасайтын сатып алушыларымыз ылғи көз көрген, бірге жұмыстас болған адамдар. Барлығына жуығы банкке несиеге кіріп кеткен, тапқан ақшаларын, зейнетақыларын банкке несиеге төлеп, өздері дүкендерге белшесінен қарызға батып, оны төлемей қашып жүреді. Жандары қиналғанда «апалап» өлердегі сөздерін айтып келіп, тағы қарызға алып кетеді, сосын тағы қашып жүреді, көшеде кездесіп қалса, жалт бұрылып басқа жаққа жүріп кетеді. Қарызға бермейін десем қиналып тұрғандарын көргенде шыдай алмай беріп жіберемін. Герекең менің қарыз дәптерімді көргенде «бұл саған кәсіподақтың заты емес тегін берілетін, бұл менің ақшама сатып әкелінген зат, сондықтан қарызға беруді тоқтат» деп ұрысқанына қарамастан қарызға беруді тоқтата алмадым. Өйткені бір жаздырып алып кеткен адам артынша ылғи балаларын жібереді, ал балаларға «жоқ» деп айта алмадым, сөйтіп мен Герекеңнің ақшасына алған біраз

заттарды қарызға беріп, кері қайтара алмадым. Борышкерлердің кейбіреулері қарыздарын төлеместен көшіп кетті, біреулері о дүниелік болды. Тіпті кейбіреулер шімірікпестен бетіңе бақырайып қарап тұрып «мен сізге әлдеқашан төлеп тастағанмын» деп өтірік айтатын да еді. «Әйеліңнің қарызы бар еді, әлде күйеуіңнің қарызы бар еді, төлей қойшы» десем, «мен оған қарызға бер деген ештеңем жоқ, кімге бердіңіз содан сұраңыз» деп қарап тұратындары да кездесті ғой. Осыларды көргенде кейде отырып ойланып, адамдар бұрыннан осындай ма, әлде қазақтың «бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды» дегені шындық па деп қаламын. Көреалмаушылық, күншілдік, қызғаныш деген адамдарда кездесетін жаман қасиеттердің себебі неде екенін түсіне алмадым. Бұрындары қарызға ақша сұрап алып, қолына ақша түскен бойда әкеліп беретіні қайда кеткен, неліктен адамдардың пейілі тарылып кетті деген сұрақтарға жауап таба алмайтын едім. Жүре келе одан да сорақысын көрдік. Бірде Герекең сауда жасап тұрса, дүкенге 25-30-дың шамасындағы бес жігіт келіп сауда жасаған болып арақ, пиво, қасына тағы басқа заттар алып, бәрін пакеттерге салып алып, шығып қашып кетіпті. Мен келсем Герекең болған оқиғаны айтып «біздің артымыздан ерген болашағымыз деп сеніп жүрген азаматтарымыз мыналар болса, елге қамқор болудың орнына қарттар мен әйелдерді тонаса, бұндайлардан не үміт, не қайыр, сонда біз қайда кетіп бара жатырмыз» деп налыды. Менде ол сұраққа жауап жоқ, өйткені ондай жағдай менде бірнеше рет болған. Оларды қуып мен іштен шыққанша олар есік алдында тұрған машинаға мініп қашып кететін еді. Дүкеншілерден сұрасам сондай жағдай бәрінің басында бар екен. Бірақ сондайларға қарамастан дүкенде істегеніміз жақсы болды, үйде бос қарап жатқаннан гөрі ертеңнен кешке дейін жұмыс жасайсың, адамдармен сөйлесесің, көңілің бөлінеді. Әр жұма күні сабақтан шыққан Динаның екі қызы Гүлнұр мен Зара, Романның үлкен қызы Айман үшеуі жаздай-қыстай келіп тұрады. Олар келетін уақытта Герекең «қазір қыздар келіп қалар тамақ дайындап қой, олар сабақтан шығып қарындары ашып келе жатқан болар»деп мені кухняға жіберетін. Герекең айтса айтқандай қыздар келе сала «мама, (немерелерім мені бәрі мама дейді, шөберелер әже деді) мы голодные, хотим кушать» дейтін. Тамақтанып алып үшеуі сауда жасайды, қарызға ешкімге бермейді «мама жоқ, біз бере алмаймыз» деп тұрып алады, біреуі жайлап келіп «мына жақтан шықпаңыз, қарызға сұрап тұр, сені сұрап тұр, біз сені жоқ дедік, өтірігімізді шығарып қойма» деп ескертіп кетеді. Бір қызығы Герекеңнен ешкім қарызға сұрамайтын. Әйтеуір үшеуіне дүкенде сауда жасаған қызық, бір бірінен емтихан алып, калькуляторсыз есептеп, бірі сауда жасап екіншісі алып беріп, үшіншісі сатылған заттың орнына басқасын қойып, автомат сияқты

кезектесіп жұмыс жасайды. Олар келген кезде біз демалып қаламыз, олар шаршамайды, арасында сықылықтап күліп жатады, кейде болмашы затқа керісіп қалады, бірақ тез татуласады. Сөйтіп олар келген күндері түнгі бірекіге дейін сауда жасайды, сол кезде дүкенге өздері қатарлы балалар келіп сауда жасайды, әңгімелеседі, кейбіреулер дос болып кетті.

Кәмелет жасқа толмаған балалар сауда істеп арақ, пиво сатып тұр деп полицияның жасөспірімдер бөлімінің инспекторлары маған айыппұл да салды. Бірақ қыздар келген уақытта дүкенді солардың қарауына беріп жүрдік. Жаздың күндері магазиннің шамдарын өшіріп қойып сыртқы есіктің алдына шығып отырамыз. Герекең бір құты сырасымен, мен қыздарыммен балмұздақ жеп, түнгі жұлдыздарды тамашалап әңгіме айтамыз. Жазда Ералыда жұлдыздар үйдің төбесінде тұрғандай жарқырап тұратын еді ғой. Қыздар кейде аталарын мыжып бірдеңелер сұрап жатады, кейде мені мыжиды, кейде түн ішінде үшеуі қосылып ән салады. Герекең екеуміз соларды қызықтап отырып сағаттың өткенін байқамай қалатынбыз. Осылайша отырып жай жатқанымызға қарамастан Герекең ерте тұрып дүкен ашады, қыздар ұйқылары қанған уақытта тұрып, тамақтанып қайта жұмыстарына кіріседі де Герекең дүкенді соларға тапсырып жатып ұйықтайды. Жұма күні келген қыздар демалыс күні кештетіп әрең кетеді. Демалыс күні түстен кейін Герекең «ертең сабақ, ауылдарыңа барып сабақтарыңды оқыңдар, ертерек кетіндер» деп асықтырғанына қарамастан кешкі 7-8ге дейін жүреді. Динаның ортаншы қызы Гүлнұр және Романның үлкен қызы Айман мектеп бітірісімен жүргізуші куәлігін алып машина айдап жүрді. Олар бізге келіп бастағанда 3-4 класста оқитын еді, қалайша тез өсіп қалғандарын байқамай да қалыппыз. Гүлнұр мен Айман колледждерін бітіріп, жұмысқа жүріп кетті. Динаның кіші қызы Зара Астраханьның университетіне түсіп, бірінші курстан кейін Алматыға ауысты. Соңынан Герекең екеуміз отырып «кішкентай қыздардың зары өтті-ау, шуылдап келіп жаныңды тындыратын еді. Машиналарымен жүргенде оларға бізді анда апар, мында апар, товар әкеліп бер» деп шіреніп отыратын едік. Енді мынау құлаққа ұрған танадай болып тып-тыныш отырысымыз, «қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген осы екен ғой дейтін болдық.

2013 жылы этаждағы үйден дүкенді Абай көшесіндегі Бауманның жер үйіне көшірдік. Екі пәтерлік ескі үйдің бір басы, бұрынғы екі бөлмелі пәтерге тағы екі бөлме қосымша пристройка жасалып, бұл төрт бөлмелі кең үйге айналыпты. Соның бір үлкен бөлмесін дүкен қылдық. Бұған қосымша Герекең үйдің алдынан да, артынан да тағы қосымша коридорлар салды. Үйдің артындағы коридор арқылы дүкенге кіретін болса, алдыңғы коридордың жартысын жуынатын ванна бөлмесі қылды. Үйге жеке жылу

казандығын салғызды, сол кезден бастап дұрыс жылу көріп, жанымыз жай тапты. Ералиевке келгелі бірінші рет қыста үйдің ішінде жеңіл көйлекпен жүретін болдық. Мөнша салғызды, үйдің айналасындағы терезеге дейін борап үйілген құмды бульдозермен сүргізіп, тазалап, жаңа топырақ төктіріп, жылқының тезегін төктіріп, бірнеше қап қара топырақ салып екі жаққа гүлдер, жеміс ағаштарын, виноград, құлпынай отырғызып үйді маңын құлпыртып жіберді. Бұрынғыдай емес Ералиевке таза су келіп, судың бір кранын ауладан шығарып барлық теректерге, гүлдерге, бақшаға су құйып жүрді. Бірінші жылы көк жуа, қияр, помидор, шамалы құлпынай жедік. Екінші жылы виноград, басқа да жеміс ағаштары аздап өнім бере бастады. Ал үшінші жылдан бастап виноград, алмұрт, құлпынай, чернослив өте жақсы шықты, өзімізге де, ауылдың балаларының ұрлауына да жетті. Құнарлы жерге арам шөп екпесе де шыға береді ғой, сондықтан Герекең далаға шықса болды, отырып алып огородты арам шөптен тазалап отыратын, шаршап бара жатса жантайып жатып тазалайтын. Бірінші жылы Ақтаудан бірнеше түп роза гүлдерін әкеліп отырғызған еді, олар гүл шашқан кезде аулада роза гүлінің жұпар иісі аңқып тұратын болды. Герекең сол гүлдердің солған бұтақтарын кеседі, ерте гүл шашатын гүлдерді бір жаққа отырғызады, күзге қарай гүл шашатындарды басқа жаққа отырғызады, соның бәрін өзі ерінбей, асықпай рахаттанып жүріп істейтін. Тек жазғытұрым мезгілінде екі немересі Асқар мен Асанды шақырып алып жер қаздырып, бақша отырғызуға дайындық жасататын. Күзде жеміс ағаштарының, виноградтың, роза гүлдерінің түптерін топырақпен жаптырып қоятын еді.

2015 жылдың март айында Герекең аздап тұмауратып жүрді, ал жазда қатты қызулап ауырғасын Ақтауға «ЧаКур»-ға денсаулығын тексертуге алып келдік. Герекеңді қабылдаған дәрігер анализдерін қарап, оны компьютерлік томографияға жіберді. Герекең ол дәрігермен бұрын Қарақұдықта жұмыс істеген уақыттан таныс болатын. Компьютерлік томографияның нәтижесінде ішекте ісік бар деген диагноз қойды. Ісіктің қандай ісік екендігін анықтау мақсатында дәрігер онкология диспансеріне жұмсады. Онкологиялық диспансер тағы тексеріп ішекте ісік бар екенін анықтаған соң Алматыдағы онкологиялық орталыққа жолдама берді. Алматыдағы онкоорталыққа барып ауруханада 4-5 күн жатып, тағы да тексеруден өткізді. Ертең, ия арғы күні операция жасаймыз деп отырғанда, Герекең қасындағы операция жасатқан адамдардың жағдайларын көріп, олармен сөйлескен соң ота жасатудан бас тартты. Ота жасатып шыққан науқастардың кейбіреулері жанына банка, біреулері шөлмек алып жүргендерін, кейбіреулері операциядан кейін тұра алмай жатқандарын күнде көріп отырған ғой. Герекең дәрігерлерге барып «операциядан басқа емдерің болса аламын, болмаса кетемін» дейді.

Дәрігерлер қанша айтса да көнбей, ауылға қайтып келді. «Енді ешбір дәрігерге бармаймын, мені әурелемендер, жасым болса 75-ке келді, өмірдің жақсысын да, жаманын да көрдім. Құдайға шүкір, бала-шағам бар, немерешөбере көрдім, бұл дүниеге қалай келдім, Құдайдың алдына сол қалпымда баруым керек. Кесіп алып тастайтын менде артық зат жоқ, осымен қанша өмір сүремін, сол маған жетеді» деп кесіп айтты. Сонымен Құдай салды, біз көндік. Герекең өте жиіркеншек болатын, ол тіпті қонаққа барса да, ресторанды барса да, тамақ жеуден бұрын қасық-шанышқысын міндетті түрде сүртіп барып тамақтанатын. Садақаларда адамдардың қол сүртіп жатқан орамалына сүртпей, қолын өз беторамалымен сүртетін, сондықтан ол операциядан кейін біраз уақыт жанына шөлмек байлап жүруге де жиіркенген болар деп ойлаймын. Дина екеуміз жан-жақтан сұрастырып, ем болуы мүмкін деген «қара зере майын» ішуге Герекеңді көндірдік. Түрлі витаминдер алып, капсуладағы облепиха майын, Алоэ Вера гелін беріп қолымыздан бар келгенін жасап бақтық. Осыларды қабылдағасын біраз уақыт жақсы болғандай көрінді бізге. 2018 жылдың басында әуелі тұмауратып жүргесін укол алды, содан соң тағы да жақсарғандай болып көрінді. Бірақ бұл жағдай ұзаққа бармайтын, бір күндері күндіз сап-сау жүреді де, түнгі сағат 2-3-те қызуы көтеріліп, бір-екі сағаттан кейін өзі басылатын болды. Осылардың арасында іші ауыратын пайда болды, бірақ ол бізге ауырғанын білдірмеуге тырысты. Оның ішін басып жата беретінін көргесін Романға айттым әкесінің жағдайын. Әкесінің қарсылығына қарамай Роман Ақтауға әкеліп тағы толық тексеруден өткізді. Диагнозы баяғы ішіндегі ісік, басқа жері сау деп қортынды берді дәрігерлер. Осы тексерілуден соң Герекең ауруханаға барудан үзілді-кесілді бас тартып Ералиевке қайтып келді. Ұйқысы тыныш, тамақты жақсы ішеді, бірақ мезгіл-мезгіл ішім аурып бара жатыр деп жатып қалатын еді. Сондықтан июнь айының басында екеуміз Ақтауға келдік. Герекеңнің сырқаты меңдей берді, үйге участковый терапевт, онколог шақыртып қараттық. Ол «обезбаливающий» дәрілер жазып берді, сол уколдар Герекеңді қатты шаршатып жіберді. Өз аяғымен келіп, үйдің ішінде өзі жүрген адам, уколдан кейін нашарлай берді, төсек тартып жатып қалды, укол жасамасақ ішінің ауруы шыдатпады, өзі укол салшы деп сұрайтын жағдайға жетті. Таңертеңмен беті-қолын жуып жатсам «мен сендерге масыл болдым-ау» дейді, мен «жоқ, ондай сөзді айтушы болма, сенің осылай жатқаныңның өзі бізге бір дүние ғой» деп едім, «Райхан, мен қатты шаршадым, жаныма отыршы» деп қолымды ұстап ішінің ауратын жеріне қойып, басып отырғанымда «мен саған ризамын» деді. Бұл сөздер Герекеңнің менімен бақұлдасқаны екенін түсініп, енді бірдеңе айтса жылап жіберетінімді сезіп,

көз жасымды көрсетпейін деп кухняға кетіп қалдым. Содан кейін ол тамақ ішуін азайтты, соңынан судан басқа нәр татпай қойды, сөйтіп өзінің қайсарлығын тағыда көрсетті.

Бірде жүрегім қысылып жатыр деген соң жедел жәрдем шақырдық, оны естіген Герекең Динаға «тез менің тістерімді алып берші» деп тістерін киіп жатыр. Оған қарап мен «қысылып жатсаңда джентельменствоң қалмаған екен, жас қыздар келеді деп дайындалып жатырсың-ау» десем, маған қарап «не болтай» деді, сөйтіп жатқанымызда жедел жәрдемде келді. Келе Герекеңе тынысын ашатын уколын салып, кислород беріп, қан қысымын өлшеп, ЭКГ-ге түсіріп, оны сол бойда кардиологқа ватсаппен жіберіп, жүректің уколын салуға болама деп, рұқсат сұрап алды. ЭКГ-ні көрген кардиолог укол салуға рұқсат бермеді, «жасаған емің дұрыс, енді укол салсаң адамың өліп кетуі мүмкін» деді жедел жәрдемнің дәрігер қыздарына. Келген қыздар Герекеңнің қасында сағат жарымдай отырды, беті бері қарағанын көргесін барып кетті. Сол күні келген жедел жәрдем қызметкерлеріне өте риза болдық, нағыз білікті маман, жақсы адам екені ісінен көрініп тұрды. Солардың кеңесі бойынша Герекеңе күнде кислорд беріп тұрдық. Сол сәтте Дина папасына жалынып «сен бізді қорқытпашы бұлай, қазір ауылда Роман да, балалар да, бажаларың да жоқ, саған бірдеңе болса біз мама, Жанар, мен, үшеуміз не істей аламыз. Олардың бәрі июльдің бас жағында келеді, тек Айнұр ғана (Динаның Қытайда оқып жатқан қызы) августың ортасында келеді» десе, Герекең «ну хорошо, онда күте тұрайын, бірақ Айконы күте алмаймын, мен шаршадым» демесі бар ма. Сол айтқандай уақытында балалар да, бажалары да жұмыстан, командировкадан келді. Бір күні үйге Герекеңнің халін сұрауға менің екі сіңлім келіп еді, Герекең Романды дүкенге жұмсап «бір шөлмек жақсы грузин виносын алып келші, қыздармен вино ішкім келіп тұр» деді. Виноны аштыртып, өзі бір бокалды ішіп жіберіп, «қалғанын шай ішіп отырып ішіндер» деп менің қолыма ұстатты. Июльдің 11 күні Алматыдан Маржан үлкен қызымен, күйеу баласымен келді. Есіктен кірген Маржан мен қызы Алияны көргенде «Данил қайда, ол келмеді ме» сұрап жатыр еді, «дядя Герой, я здесь, я приехал» деп қасына барып қолын алып амандасты. Сол күні Данилды қасына отырғызып, олармен біраз әңгімелесті, 12-сі күні Оралдан менің інім Шапхат келді, онымен сөйлесіп, әкелген Оралдың қаймағынан дәм татып, жатарда укол салғызып жатқан Герекең июльдің 13-і күні таңғы алтыдан кете демалысы қиындады. Оны көріп мен кислород беріп едім болмады, сосын Маржан жедел жәрдем шақыр деген соң, оларды шақырдым. Шапхат қасына келіп құран оқи бастады. Жедел жәрдемнің қыздары келіп қан қысымын өлшеп, «қан қысымы өте төмен 20-30 минут

уақыты қалды» деген соң Роман мен Динаға телефон соғып шақырдым. Олар келіп, бәріміз кезектесіп қасына барып кешірім сұрап, қоштасып үлгердік. Герекең жүріп кетті, бала-шағасының, тумаластарының алдында мәңгілік сапарына аттанды.

Соңғы жұманың ішінде Малазияда оқып жатқан Романның Айжан деген қызы, Динаның Алматыда оқып жүрген Зара деген қызы, немерешөберелері, менің сіңлілерімнің бала-келіндері, бәрі келді. Қасында отырып халін сұрап, өз жағдайларын айтып, әңгімелесіп қалды.

Бұрын Герекеңді жұмысқа шығарып салғанда «Аллаға аманат, аман барып, сау кайт» дейтін едім, енді «Аллам алдыңнан жарылқасын, саған жұмақтан орын берсін, жатқан жерің жайлы болсын, ақ ниет адал жүрегіңе, өмірде қайталанбас қызықты күндер сыйлағаның үшін, қиналған кезде демеу болғаның үшін, мен саған ризамын» деп соңғы сапарға шығарып салдым асыл азаматымды, қимас жарымды. Герекеңнің орны үңірейіп бос қалды. Біраз уақытқа дейін елеңдеп, қазір шақырып қалатындай болып, үйдің ішінде тың-тыңдап жүрдім.

Герекең қайтыс болғаннан, жүз күндік садақасына дейін менің бауырларым, достарым, құдағайларым келіп, басымды сүйеп, жанымда отырып жылы сөздерін айтып, бірде қосылып жылап, бірде күлдіріп, бірде ұрсып, қолдарынан келген көмектерін жасағанда, мен өзімді осы өмірде жолы болған адам екенімді түсіндім, бәріне алғысым шексіз.

Герекеңмен бірге өмір сүрген 54 жылдың ішінде жыламаған жасым төгілді деп жүргенде, Герекеңнен үш айдан кейін 16 жасар немерем Арман тосыннан қайтыс болғанда жылаудың көкесі болды. Герекеңнің басына барып біресе жылап-сықтап, біресе «өзің кеткеніңмен қоймай, он екі де бір гүлі ашылмаған пәк сәбиді неге шақырасың ол жаққа» деп ұрсып қайтып келдім.

Арманның қырық күндік садақасын таратқан күннің ертесіне, орнымнан тұра алмай ауырып жатып қалдым. Солай он күн жаттым. Дина шырылдап таңертең де, кеште де келіп уколын салып, дәрісін беріп, тамақтап, мазаланғанын көргенде «әкесінің, інісінің қайғысы аз болғандай, Динаға мен масыл болмауым керек, орнымнан тұруым керек, кеткен адамдар мен жатып қалсамда қайтып келмейді» деп өз-өзімді қамшылап, есімді жиып, орнымнан тұрдым. Өлмеген адам тіршілігін істеу керек екенін білдім.

Альбомдардағы отбасылық суреттер.



Февраль 2015 ж.



Герекең екеуміздің жиған «байлығымыз» осылар. Ақтау. 2016ж.



Балаларымыз Роман, Диналармен бірге.



Қызымыз Дина, бала-келініміз Роман-Жанар, Герекең екеуміз.



Немере-жиен қыздарымызбен.



Гауһар қызымызбен.



Герой мерейлі 70 жаста.



Ақтау. 2000ж.



Курстастар: Өрбісінов Мұқанбет, Герой, Башенов Аман. Ақтау. Қаңтар
2000 ж.



Ақтау. 2017ж.



Ұлы Романмен.





Немересімен.





Достар. 2016ж.



Төмендегі екі суретте ұлымыз Романның 40 жасқа толған той дастарханында төрт көзіміз түгел отырған бақытты шағымыздан көріністер.





Соңғы сөз

Міне, өздерің көріп отырғандай, бұл жазбам аяғына жеткен сияқты. Жаза берсе сөз де, Герекең жайындағы естелік те көп. Бір адамның өмір жолы осындай шағын ғана новелла тұрмақ, бірнеше том кітап болуға да жарайды ғой. Бірақ менің алдыма қойған мақсатым басқаша болғандықтан, тек қана осындай шағын естелік арқылы ойларымды қағаз бетіне түсіруді жөн көрдім. Естелігімнің жобасын ойластыру барысында көптеген қызықты сәттерді қайтадан басымнан өткізгендей болдым. Кино кадрлары сияқты барлығы да көз алдымнан сырғып өтіп жатты. Соларды тек ерінбей-жалықпай, рет-ретімен қағаз бетіне түсіре беру керек болды. Қолымнан келгенінше, тіл байлығым жеткенінше солай жасадым да.

Қазіргі кезде Кеңес дәуірін жамандайтындар, сол кездің кейбір көлеңкелі тұстарын іздеп тауып, шұқылап көрсететіндер баршылық. Өздерің оқып шыққандай Герекең екеуміздің саналы ғұмырымыздың көп бөлігі Кеңес заманында өтті. Сол заманда тудық, өстік, оқыдық-тоқыдық, адами болмысымыз қалыптасты. Ол заманға еш өкпеміз жоқ. Оқуымызды аяқтап келген бойда жолдамамызға сәйкес жұмысымыз дайын тұрды, жас маман ретінде үй жағдайымыз оңынан шешіліп жатты, балаларымыз бала бақшаға да үкіметтің арқасында еш қиындықсыз барып жатты ... Бұдан артық не керек адамға. Қазіргі замандағыдай оқуымызды аяқтап алып жұмыс таба алмай сенделіп жүрген жоқпыз, еңбегіміздің арқасында тұрмыс жағдайымыз да жақсы болды. Еш уайымымыз болмаған ең бақытты шағымыз сол кездерде

болған сияқты көрінеді маған. Сондықтан сол заманды қаралап, өзіміз суын ішкен құдығымызға түкіргеніміз дұрыс болар ма екен, бұл біздің тарихымыз ғой. Тарихқа дұрыс көзбен қарау керек. Ол қоғамдық құрылыстың тек қара жағына назар бөле бермей, жарқын тұстары да көбірек болғанын қазіргі өмір шындығымен салыстыра отырып байқап та отырғанымыз шындық. Сол социалистік қоғамды аңсап сағынатындардың да арамызда қарасы баршылық. Талпынып, алға қарай ұмтылған адамға қазіргі заманда да өмірден өз орнын табуға болатынын да өзіміздің соңғы кездегі өмірімізді суреттеп жазу арқылы көрсеткендей де болдым. Орыстар айтатындай «Под лежачий камень вода не бежит», алға қарай өзінді өзің сүйремесең, талаптанбасаң, алдыңа мақсат қойып соған күш-жігерінді жұмылдырмасаң түк те шықпайтынын да түсінген адамға тұспалдап көрсеттім. Қазақтар «Талаптыға нұр жауар» деп бекер айтпаған болар.

Әрине, мен кәсіби жазушы болмағандықтан, көптеген жағдайларды дұрыстап жеткізе алмаған да болуым мүмкін, бірақ бар мүмкіндігімше Герой екеуіміз жүріп өткен өмір жолымызды барынша шыншыл сипаттауға тырысқаным анық. Жас ұлғайып қатарларың бірте-бірте сирей бастаған шақта өткен-кеткенді еске алып, күні кеше ғана арамызда жарқылдап жүрген асыл азаматтардың жан жадыратар асыл қасиеттерін көз алдыңнан өткізу – тәтті мұң екені өтірік емес. Жазу барысында қаншама адамдардың есімдерін атадым, бақилық болғандарына іштей дұғамды арнадым, олардың кейбір қылықтарын еске алдым, сол кездегі өзім куә болған жағдайларды да барынша дәл беруге тырыстым. Осыларды тізбектеп жазу барысында «естелік осындайлығымен де құнды шығар-ау» деп ойлап отырдым.

Өмір деген – ағын су сияқты, тоқтаусыз ағып жатыр. Қаншама көз көрген жақсыларға жазмыштың жазуымен уақыт болып, қимастықпен «бақұл бол» деген қоштасу сөзін айтқызды. Кезінде арқа-жарқа болып бірге жүрген, араласқан, өмірдің өткелдерін еңсеріп, келешекке жоспар құрысқан жолдастарымызды, қимас аға-апаларымызды, қаншама әріптестерімізді, құдаларымызды, ата-аналарымызды тойымсыз қара жердің қойнауына шығарып салуға тура келді. Өмірдің заңының қаталдығы да сол шығар. Жан күйзеліп, жүрек сыздайды. Қолдан келер дәрмен жоқ.

Енемнің соңғы сапарына аттанар алдында аманаттап тапсырған Коляйының ақырғы демі біткенше қасында болдым, сүйеу болдым, қолтығынан демеп өмірде жетістіктерге жетуіне көмектестім. Енемнің аманатына қиянат жасамадым. Енем екеуіміздің Коляйымызды ақ жуып арулап, жылап-сықтап, қимай-қимай соңғы сапарына шығарып салдым.

Бір кездері 18 жасар бойжеткенге «выйди за меня замуж, на руках носить не обещаю, но я тебя никогда не обижу, жить будем хорошо» деп ұсыныс жасаған аяулы жарым Коляйыма «Қош бол. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болып, нұрың пейіште шалқығай. Артыңда қалған ұрпағыңды желеп-жебеп жатқайсың» дегеннен басқа қолымнан не келеді ...

Коляйымдай жігер күші де, өмірге құштарлығы да мықты, бірбеткей, алдына қойған мақсатына жетпей қоймайтын қайтпас қайсар жанның қасында мен бақытты өмір сүрдім.

Өткені-ай, бәрі өткен-ай,

Өмірдің жаз бен көктемі-ай.

Сары ала қаздар саңқылдап,

Сары ала күздің жеткені-ай.

Біреуге өзім ынтызар,

Біреулер маған өкпелі-ай.

Өткінші мынау өмірде,

Өтпелі, бәрі өтпелі-ай.

Ақтау қаласы. 2019 жыл.

Қоқыбаева Райхан Садыққызы.